

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«ХV СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«ХV САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 18

**ПАВЛОДАР
2015**

ӘОЖ 001:378
КБЖ 72
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:
Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:
Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:
Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.Қ., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Күзембаев Н.Е., Токтағанов Т.Т., Эрнзаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:
Абишева Г.К., Акильжанов Р.Р., Андреева О.А., Анишева Г.М., Ахметов Е.Б., Бейсебаева Г.К., Гафиатулина Ю.О., Голубева Л.Н., Жукенов М.К., Калиева А.Б., Камкин В.А., Касенов А.Ж., Касенова Г.К., Кодекова Г.Б., Қадырова Б.М., Леньков Ю.А., Маданиев И., Макарова Н., Маликов А.В., Мукашев О.Е., Мурат Г.М., Мусабекова Н.М., Рахметова А.М., Сартова Р.Б., Сейтенова Г.Ж., Титков А.А., Токжигитова А.Н., Туганова Б.С., Шаймерденова А.К., Шафеева Л.А., Шуренов Д.Б.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XV Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015.

ISBN 978-601-238-482-6
Т. 18 «Жас ғалымдар». – 2015. – 305 б.
ISBN 978-601-238-500-7

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001:378
КБЖ 72

ISBN 978-601-238-500-7 (Т. 18)
ISBN 978-601-238-482-6 (общ.) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015

2 Секция. Филология
2 Секция. Филология

2.1 Бөлімше. Қазақ филологиясы
2.1 Подсекция. Казахская филология

М. ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ

ҚАДЫРОВ Ж. Т., ТАЛАСПАЕВА Ж. С., РАХМЕТ Д. М.
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.

Мағжан поэзиясының тіл кестесі, лирикасындағы сыр сезім тоғысы, суреткерлік пен ойшылдық оқырманын талай рет тамсандырып, небір дуалы ауыздардың ілтипатына ие болып, өзіне тәнті еткен. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нірлі поэзия жасырып оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау күдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен.

Мағжан шығармашылығының биік деңгейге көтерілуінде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған. Поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуы, шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін кездестіруге болады, фольклордағы көркемдеуші құралдарды пайдалануда да өзіндік стиль ерекшелігі болған [1, 208 б.].

Сәбит Мұқанов Мағжан Жұмабаевқа: «Әдетте Абайды философ ақын, Мағжанды лирик ақын дейміз. Абай ақылдың ақыны да, Мағжан сезімнің ақыны» деп баға берген. Махаббат – әлем поэзиясындағы Абай арқылы жанаша жаңғырды. Ол жырлаған «Айттым сәлем, қаламқас», «Көзімнің қарасы» сияқты өлеңдері махаббат сезімдерін асқақ гимнге айналдырып жіберді. Ал табиғатынан лирик М. Жұмабаевтың шығармашылығында да махаббат тақырыбы айрықша орынға ие. Мағжан Жұмабаев поэзиясынан кеңес тұсында датталмаған, күйе жағылмаған өлеңді табу қиын. Махаббат лирикасына дейін сынға ұшырады [2, 38 б.]. Мағжанды өз кезінде ақын ретінде танытқан да осы махаббат жайлы өлеңдері болатын. Бұл туралы кезінде Ж. Аймауытов «Ақын махаббатқа сенеді, жүрегі сезеді, махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. «Көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыққа, зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат жүректі жыралайтын тікелей!»

Жар сүйсе жүрек жазылады, сүймесе өледі, махаббат – бір тәтті у, дүниенің у-шуы махаббаттай күшті әсер бере алмайды» – міне ақынның махаббатына көзқарасы. Бірақ махаббатты мәңгі деп ұқпайды. Кейде махаббат тез сөніп қалуға мүмкін деп қарайды» деген пікір айтқан. Бұл жолдарды Жүсіпбек Мағжанның «Махаббат не?» өлеңінен жазған.

Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар [2, 38 б.].

«Сүйгенім анық» атты өлеңіндегі сезімнің, яғни махаббаттың да өзгертіндігін жырлаған.

Алдағаным жоқ,
Арбағаным жоқ,
Сен сөзіме, сұлу қыз!
Тап сол сағат
Сүйгенім хақ,
Куә мынау көп жұлдыз!

деген жолдарды меңзеп отырғандай.

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-дәнесін бергенше.
Жан денесін бірдей алам, улаймын,
Қысып сүйем, құшағымда өлгенше, -

деп жырлаған ақын үшін махаббаттан күшті нәрсе жоқ. Өмірдегі ең қымбат, ең асыл – махаббат. Ол оны тақ пен тәжге де, тіпті дүниенің бар байлығына да айырбастамайды. Өйткені шын ғашық болудан артық бақыт жоқ. Ақын:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына», -

деп жырлайды. Сезімді бұлайша асқақтата жырлау бұрын-соңды қазақ поэзиясында кездесе бермейтін. Мағжан Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасындағы» «саған құрбан мал мен бас» деген ойларды ары қарай дамыта, терендете алып кетіп, махаббаттың сиқырлы сезімінің күдірет күшін жан дүниесімен жайып салады. Сүйіспеншілік сезімдеріңсіз адамдардан адамдық істер күтуге болмайды. Махаббат – адам өмірінің мәні. Ақын тағы бірде ғашығынды:

«Жалындап күйіп,
Бір ғанасүйіп,
Өлсең де болмай ма?» –

деп сауал тастай жырлайды. Өйткені адамды адам қылатын, ақынды ақын қылатын – махаббат. Гүл болмаса, бұлбұлдың сайрамайтындығы сияқты, ғашық болмаған ақын да жырлай алмайды. Шын сүйген ақын ғана шабыттанып, шын жырлай біледі.

Сүйіспеншілік – Мағжан поэзиясының өзегі, қаны, жаны, жүрегі. Оның «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Күміс нұрлы ай», «Шолпан», «Сүйгенім анық», «Хор сипатты қарындас», «Жас сұлуға», «Сәуле», «Гүлсім ханымға», «Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін» т.б. өлеңдерінде адам жанының сүйгеніне деген не бір тылсым сырлы әсем өрнек тапқан. Осы өлеңдерінің қай-қайсы болса да өзінше бір әлем, бір-бірін қайталамайды. Шетінен самалдай соғып, жібектей желпіп, жүректі тербетіп, ғажап бір күйге бөлейді [2, 39 б.].

Ақынның «Шолпы» өлеңін оқығанда ұшы-қиыры жоқ қазақтың кең даласы, жайлауға шыққан жалпақ ел, қызыл-жасыл киініп, бір-бірімен әзілдесіп, шүйіркелесіп кетіп бара жатқан жастар, солардың ішінде екі иықтың арасына бос тастаған қос бұрымдағы шолпысы сыңғырлаған сұлу қыз көз алдымызға келеді. Шолпы таққан қыз бұрынғысынан да әсем, бұрынғысынан да сұлу көрінеді. Оның үстіне қыздың шолпы тағуы – оның есейіп он-солын танып, бойын түзеп жан-жағына қарай бастауының, бойжеткендігінің де белгісі. Сондықтан да шолпының сыңғыры ақынға ерекше әсер етеді, сезімін оятады, ерекше бір дегбірсіз күйге түсіреді:

«Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Құлпара талқан боп сыңғыр!»

Дыбыс пен сөз қайталау шебер қолданылған өлеңді оқып шыққанда, айналаннан бәрі сылдырлап, сылдыр-сылдыр дыбысқа толып кеткендей болады [2, 41 б.].

Ақын «Сен сұлу» деген өлеңінде өз сүйгенін еш нәрсеге тең келтірмейді. Ақынға «жанға жайлы май», «қызықты орман, көңілді еркін кең дала», «күміс табақ көкте жүзген ай», «кешкі ескен жібек жылы жел», «хош иісті түрлі-түсті гүл», «әдемі аспан – төбедегі көк шатыр», «асқар тауы, дариясымен жер», «сылқ-сылқ күліп, сылдыр қаққан су», «көлге қонып қаңқылдаған қу», «бейне айнадай жарқыраған айдыңның күн шығарда көтерілген бу», «шаңқай түсте өткір алтын күн», «жымындаған жұлдыздар мен түн» сұлу, бірақ та:

«Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!»

Тағы бірде ол:

«Көзінде көк нұры жоқ,
Аузында жұмақ жыры жоқ,
Жалынсыз, усыз құшағы,
Иірілмейді жыландай,
Сөзі де жоқ құрандай,
Білгені қазан ошағы.
Жабайы ғана жарым бар,
Неге екенін білмеймін,
Сол жарымды сүйемін!» -

деп жырлайды. Асыл жардың сырты сұлу болуы аз, оның үстіне жұбайлық тіршілікте отасып бірге тұру үшін, шаңырақтың түтіні түзу шығу үшін басқа да бірқатар адами қасиеттердің де керек екенін аңғартады [2, 42 б.].

Мағжан Жұмабаевтың махаббат лирикасын сал-серілер поэзиясымен салыстыратын болсақ, ұқсастықтар молынан ұшырасады.

Мағжан өз сүйгенін «Әдемі қыз» өлеңінде:

Күні кеше толғай ай жүзің еді,
Сүйкімді, кара нәркес көзің еді.
Мап-майда қолға жұмсақ мінсіз денен,
Бейне бір бақшадағы жүзім еді,- [3, 178 б.]

деп сипаттайды. Біржан үшін де, Мағжан үшін де өз сүйген жарлары бәрінен қымбат, бәрінен сұлу, пәк, таза.

Біржан Бірлән қызды көріп мынадай күйге түседі:

Шаштарың гүл-гүл жайнар тарағанда,
Таңданып жығылуға таянамын,
Мойныңды бұра тастап қарағанда.

Еш тағат-сабыр таба алмайтын көп ғашықтардың сырын тек бір өзінің ғана жүрек сезімі етіп, ғашықтардың бәрі үшін жалғыз өзі қасірет шегеді. Бүкіл ғашықтар сөзін өзінің ғана жан сыры етіп жырлайды.

Ғашықпын тағат-сабыр ете алмаған,
Мұратқа көп ізденіп жете алмаған.
Қайырса кара қарға қаз алмайды,
Жібекті жүн қылады, түте алмаған.
Ғашығым, асылым, қайғыңмен-ай жасыдым

[4, 705 б.].

Біржан Қаламқасқа арналған сезімін:

Мен жаздым сәлемдеме Қаламқасқа,
Сүйгенім болмаған соң сенен басқа.

Бір жауап құрбысына қайтарар деп,
Жалынып мұнымды айттым сұлу шашқа, -
деп білдіреді.

Мағжанның махаббат лирикасының шоқтығы – Гүлсім сұлуға арналған өлеңдер. Бұл циклдан екі жастың небір ғашықтық дастанға бергісіз махаббат тарихын зор тебіреніспен оқисың. Мағжанның махаббат тақырыбында жазылған өлеңдері оқырманды еріксіз баурап әкетеді. Ақынның махаббат тақырыбында жазылған өлеңдері туралы Шериаздан Елеуенов: «Айнала дүние жаңарып, құлпырып сала береді. Бір адамға ғашықтығың бүкіл өмірге ғашықтыққа айналады. Кеуденде бір әсем күй ойнайды, Аяғың жерге тие ме, тимей ме, белгісіз. Қанат біткендей көк жүзінде самғайсың ба, қалай? Міне, осының бәрі махаббат сезімінің шарапаты» деп баға берген [5, 220 б.].

Гүлсім циклі Мағжан ақынның жан диалектикасын бейнелеуге ұсталығын дәлелдейді. Гүлсімге махаббаты туып, өсіп, дамып, өшіп барып, тағы бір жаңа сапаға ауысады. Соңғысына «Тірілдім» өлеңі айғақ. Ақын «екі жаспен жанын жуып алып», өлгендей болған жерінен қайта тіріледі. Тірілген тағы да сол махаббаты. Демек, ақынды басқа түскен қайғы езіп-жаншып тастамайды. Өлеңнен ақын шығармаларына тән жарқын сәуле сызаттанып көріне бастайды.

Махаббат тақырыбы – Мағжан поэзиясының құнарлы арналарының бірі және ақын шығармагерлігінің ерекшеліктерін де танытады. Ол махаббатты адамның ең асыл сезімдерінің бірі ретінде суреттей келе, оның жан мен тәнге бірдей қасиетін айшықтауға ұмтылған. Екі жастың кездесуі, бірін-бірі ұнатуы, жанындай жақсы көруі, махаббат мастығы, желігі, суынуы, екі жүректің тағдыр бұйрығымен айырылысуы – мұның бәрі ғұмыр. Ғұмырдың ет жүрек пен жан жүрекке сыйлаған сыйы. Көрсеткен рақат ләззаты да, мехнат қорлығы да. Бірін шын ғашықтар шын жүректен шыққан алғыспен қабылдаса, екіншісіне жанқиярлық шыдамдылықпен төзеді. Екеуіне де олар дән риза. Махаббат тағдыры қалай аяқталса да, шын ғашықтар бұл сезімді қорламайды. Махаббат қайғысының өзі айдай жарқын сезім. Адамның қасиетін өсірмесе, өшірмейді.

Махаббат сезімі – «тәтті у», қайшылығы көп сезім. Сүймеген жүрек – өлі жүрек. Өмірлік шын рақатын көрмеген жүрек [5, 224 б.].

Ш. Елеуенов сипаттаған ғашықтық сезім «Гүлсім ханымға» деген өлеңде кездеседі.

Бота көз, сиқырлы сөз Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,

Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бұл жолдарда инабаттылық, ізеттілік, сонымен қатар алай-түлей ұйытқыған сезім, құмарлық, ынтығу бар. Өлең дараланған сезімімен, шынайылығымен тәнті етеді. Ақын ғашығының сипаты ерекше. Гүлсім – «бота көз, сиқырлы сөз» әйел. Ақын оның күлген күлкісінің өзін биік бағалаған. Соны жеткізем деп, символикалық машығына бағады. Ғарыштық көлемдегі теңеулерге жүгінеді. Сол теңеулер арқылы сұлу мінезін өрнектеп, нақ тұлғасын көз алдына алып келеді.

Бота көз сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед,
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

«Гүлсімге» атты өлеңі тұтасымен символикалық рухта жазылған өлең. Мұндағы Гүлсім ғажайып жан бейнесінде суреттелген. Ол кәдімгі пенделердей ет пен сүйектен жаралмаған. Ол:

«Жұмақтағы жібек желден,
Мөңгі жайнап тұрған гүлден...
Жұмақтағы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан»

жаралған. Ол – алмас қанат періште, мекені – Ғарышта. Солай бола тұрса да, бір осалдығы бар. Тұрмыс тылсымына төтеп бере алмайды. Гүлсім өзінің тұрмыс тұзағына ілінгенін айтып, «мен бір жанмын өлген» деп шағынады.

Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді [5, 221 б.].

Мұндай суреттеуді Үкілі Ыбырайдың «Қызыл асық» өлеңінен кездестіреміз.

Қыз емес қыздың аты қызыл асық,
Жастар көп қыз балаға болған ғашық...
Қыз емес қыздың аты қызыл киік,
Таранған тоты құстай шашын түйіп...
Жақсы қыз иіс майдай құтыдағы,
Жағуға әркім құмар оны-дағы
Қыз емес қыздың аты қызыл қыршын,

Ойнаған меніменен дымың құрысын,- [6, 102 б.]

деген жолдар арқылы ақын қыздың нәзік бейнесін, қыз балаға тән наздылықты, инабаттылықты, биязылықты керемет теңеулермен жеткізген.

Ыбырай Сандыбайұлы ғашық жарына сезімін:

Сүйгенім бұл дүниеден ғашық жарым,
Өзің бас жүрегімнің ынта зарын.
Тәуекел дариясына салдым кеме,
Білмей-ақ түн аяғын, күн шығарын,- [6, 80 б.]

деп білдіреді.

Ақын сүйгенінің сұлулығын тамсана тамашалайды. Бірақ бәрінен кереметі сүйгенінің жан сұлулығын суреттей білуі.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Бұл – ақынның Гүлсім сұлудай «мәңгі жайнап тұрған гүлді» сүйгендегі ләззат, бақыт, рақат сезімге тіл бітіруі. Дүниенің бар байлығын сенімен өткізген бір түннің өзі жетіп жағыр дегені-ақ бұл махаббаттың биік қасиетін келістіре сипаттайды.

Мағжан поэзиясының мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу-маржаны – махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүниелері [7, 117 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 бет.
- 2 Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 бет.
- 3 Жұмабаев М. Шығармалары. 2-том. Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. Құрастырған Жұбаниязов С. Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.
- 4 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. Алматы: Санат, 2006. – 904 бет.
- 5 Елеукенов Ш. Р. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. Оқу құралы. Астана: Астана-полиграфия, 2008. – 392 бет.
- 6 Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы. Гәккү. Өлеңдер, айтыстар және өлеңдер жинағы. Құрастырған К. Салықов. Астана: Фолиант, 2005. – 184 бет.
- 7 Байтенова Г. «Мағжан – дана азамат, ұлы ақын»// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2013. №4.

ҚАЗІРГІ ПОЭЗИЯДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЛБЕТ

ҚАЙРАМБАЕВА А. Ж.
ф.ғ.к, ИнЕУ, Павлодар қ.
РАХАТОВА Л. Н.
магистрант, ИнЕУ, Павлодар қ.

Лирикадағы басты тұлға – ақынның өзі. Өлеңнің авторы, объектісі мен субъектісі. Қан тамырын соқтыратын жүрегі. Алдымен оттай басылатын жаналық, лирикалық ақын образының бұған дейінгі қай уақыттан өзгеше арынды көрінуі, ағын судай тасуы, асқаралы шындай асқақтауы. Кеңес поэзиясының лирикалық кейіпкері «азатпыз», «бостанбыз» деп шалқыған жоқ. Бірақ сол шалқыманың мән-мағынасы толық ашылмай қалатын. Ашылмау себебі, әлеуметтік бостандық пен ұлттық бостандық ұғымдарының арасы көш жер... Қызыл империяның отаршылдық ызғары ұлттар теңдігін аяқасты етті. Бүгінгі лирикалық қаһарман «азатпын», «бостанмын» десе, оның жөні басқа. Т.Медетбек «Тәуелсізбін» атты көлемді өлеңін былай деп шарықтатады.

Тәуелсізбін!

Тәуелсізбін мен бүгін.

Келді міне азаттығым, теңдігім.

Бостандықта бойлығым мен ендігім.

Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім [10, 18]!

Ақын «Тәуелсізбін» деуі мұн, бойына қуат, көңіліне шербет енеді. Кеңет зорайып, барша қазақ болып сөйлейді. Ондай стилистикалық жаңа рөл атқаруға күш қосатын қайнар – жаңа уақыт ақиқаты. Азат ұлты. Кеңестік бостандық өлеңінің авторы я лирикалық кейіпкері «өңкей сорлы, езілегеннің» сөзін сөйлесе, яғни бір қазақты екіге жарып, «байларды қойдай қу қамшымен» деп ұран тастаса, Қызыл жалау бар қазақтікі болмай шықса, Көк байрақ жөнінде олай дей алмайсың. «Тәуелсізбін!», «Азатпын!» - деп жар салушы Т.Медетбек өлеңінде – тұтас ұлт: байы да, орташасы да, кедейі де. Ақын «мені» енді ұлттық сипат алған. Жеке бағамы көпшілік көңілінен табылып, ұлт бағамына айналып мейлінше зорайған. Ақын асып-тасқан көңілмен, тау қопарар қуат-күшпен, шалқыған шабытпен жыр нөсерін төккен. Тауым да, орманым да, көлім де, далам мен балам да, жарым да, әнім де – бәрі-бәрі тәуелсіз, азат, бостан деп шартарапқа шаттық құсын ұшырған арқалы ақынды түсінуге болады.

Тәуелсізбін! – танып тұрмын өзімді,

Ұшырамын қанат байлап сөзімді.

Ешкім енді көкірегімнен итеріп,

Ешкім енді шұқымайды көзімді, [10, 18] -

десе, мұны асылық айтты деп қабылдамаймыз, қайта осы ой біздің де көңіл сарайымызды жаңғыртып тұрғанын аңғарып, қосыла жырлағымыз келеді. Т.Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары» кітабы еліміздің өміріндегі тұтас бір кезеңді, үмітті де ауыр шақты, өтпелі де қиын кезеңді бүкіл жарық-көлеңкесімен, жақсы-жаманымен, қуаныш-қайғысымен қаусыра қамтыған туынды. «Ашуымды сапырып // намыс мені жеңгенде - // ұлы Каспий аһ ұрып // толқып тұрар кеудемде» [10, 95] - деп өзі айтқандай, ақын өлеңдерінен ұлы теңіздің бірде буырқанған, бірде тыншыған, бірде күрсінген алып тынысы сезіледі. Адам – Қоғам – Заман – Уақыт дейтін ұлы ұғымдардың мән-мағынасын, тақырып-мазмұнының сыр-сипатын ашуда ақынның бұл еңбегі күрделі де кесек шыққан. Жылдар ғана емес, сол жылдарда туған жырлар да тағдырлы. Жыр жинағының тақырып аясы кең. Бір шоғыр өлеңдер тікелей азаттық, бостандық, тәуелсіздік тақырыбын қозғайды. Солардың қатарында жоғарыда аталып өткен өлең де бар. Тағдырлы өлеңдерінің бірі – «Бостандығым туралы сөз». Бұл өлең тағдырлы болатын себебі – егер еліміз тәуелсіздік алмаса, бодандықтан шықпасақ, ешуақытта жазылмас еді. Ойша орайластырып, қиялмен қиыстыруға көнбейтін өлең. «Бостандығым» деген сөзді айталмай М.Өтемісұлы арыстандай арпалысып өткен. «Бостандығым» деген сөзді айта алмай А.Байтұрсынов аһ ұрып ғұмыр кешкен. «Бостандығым» деген сөздің шын қуатын М.Мақатаев та сезіне алған жоқ... Арғы-бергі ақындарды түгендеу мақсат емес, осы «Бостандығым» деген сөзді айту бақыты бұйырған ұрпақтың атынан сөз алған Темірхан ақын қатардағы қоңыр өлең емес, образға оранып, өлең сөзбен сомдалған Бостандықтың бейнесін мүсіндеп шыққан:

Қарашы оған: кетеді адам аяп.

(Айттым мұны тұрсам да қаламай-ақ!) –

Бостандығың келіп тұр, Бостандығың!

Жалақ ерін, жалаңбас, жалаңаяқ [10, 73]!

Бостандық бейнесі, біріншіден, адам жаңында аяушылық пен мейірімді оята отырып сомдалған. Екіншіден, тағлым мен өнеге тарататын дәстүрлі қазақ поэзиясының көркемдік тәсілдері сәтті қолданылған. Үшіншіден, азаттық бостандық, тәуелсіздік идеясының жеңісі шағын ғана өлеңнің бойында шымыр-шымыр қайнап шындалған. Сондықтан да бұл өлең ұзақ уақыт есте сақталады, қайталанбайды, дара, дарынды.

Тәуелсіздік кезеңінің лирикасы тарихты ұлт мүддесі тұрғысынан сөйлетеді. Бұрынғыдай жалтақтамайды, бір шоқып екі қарамайды. Кеңес кезінде қазақ ақынының миы құдды локалаторға ұқсайтын. Мәскеу жақтан мезгелген ойды қағып алып қазақшалайтын. Кеңес кредосы былайша талап қоятын: «Жаңа заман, жаңа дүниеге жарамсыздарды бүгін әшкерелеу керек; Ертеңге қалдырсаң кешігесің. Онда сен партия мүшесі, халық жазушысы емессің». Социалистік реализмнің басты принциптерінің бірін қазақ ақыны, ғалымы Ә.Тәжібаев өз сөзі етіп отыр [11, 193].

Ендігі ақын өйтпейді. Бөтен жаққа қарап емінбейді. Оның айтқанын қайталап жарамсақтанбайды. Не құбылысты тарих безбеніне салады. Темірхан: «Қырылдық қой қорғап біздер Мәскеуді, ал Мәскеуден қорғана біз алмадық» - деп ашына ақтарылса, мұнда кешегі өткен Кеңес дәуірінің тарихын таразылау бар. Мәскеуді қазақ өз астанам деп қорғап қанын төкті. Ал, сол астанасы бара-бара қазақтың тілін аяқ асты етті, діліне дақ салды, дінін құртуға тақады. «Менің елім, менің жерім» деп ән салған жастардың төбесіне әңгір таяқ ойнатты, ісі қазақ желтоқсан ызғырығынан бүрсең қақты. «Шемен болған шерлі үннің» [11, 195] ырғағында талай сыр бұғулі...

Тарихты ұлт көзімен қайта бағамдау Ұ.Есдәулеттің «Киіз кітабындағы» «Түркістан», «Біз – түріктерміз», «Астаналар», «Қазақстан», «Қазақия», т.б. бірқатар өлеңдеріне тән. Қазақтың Отырар, Сауран, Сығанақ, Баласағұн, Түркістан, т.б. көне шаһарларын ақын өткен шақ шаңында қалғанға баламайды. Ол қалалардың бәр-бәрі қазақ шайырының жан әлемінде тірі қалпы тыныстап тұр. «Өзегінде өртегі Отырар» жатыр. Сауран мен Сығанақтардың бұла бақтарын түсінде аралап жүреді. Ал, Асанқайғы желмаясын желкілдетіп бүгінгі Астананы тамашалайды. Тәуелсіздік туын желбіретіп ұстап тұрған қазақ – кешегі, бүгінгісі, ертеңі бойына жинаған тарих перзенті.

Тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы кезеңдегі сүйінші сұрасу үстінде лириканың декламацияға берілуі де заңды. М.Айтхожанын «Аңсау» кітабы:

Мүмкін бе Ата-текті жасыруым,
Күмістей төгіл сен де
Ашыл үнім!
Өз еркі,
Өз тағдыры
Өз қолында,

Мен Тәуелсіз қазақтың –
Ақынымын!» [11, 196] –

деген өлеңнен басталады. Кейінгі жылдары жарық көрген аталмыш жинағы және «Аққу-жүрек», «Алатаудың ақ батасы» атты кітаптарында ақын Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жетістіктерін эпикалық кең тыныспен жырлайды.

М.Шаханов мына бір өлеңінде:

Тағдырыңды тамырсыздың індегінен қалқала,
Әр адамда өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек құдіретті төрт ана!
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – сатылмайтын байлығы,
ТУҒАН ДӘСТҮР, САЛТ-САНАСЫ – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және ТУҒАН ТАРИХЫ, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да –

деп тәуелсіз ұлттың негізгі төрт тірегі, төрт ұстыны дәлме-дәл аталған[12]. Ал, «Төрт ана» дейтін ұғым қазақы менталитетке жұғысымды, сіңімді деу қиын. Себебі, біз аспанда Ай – жалғыз, Күн – жалғыз, адамда Ана – жалғыз, Әке – жалғыз, Туған жер – жалғыз дейтін, Көк әлемінде Тәңірі – жалғыз дейтін наным-сенімнің, иланымның тәрбиесінде өскенбіз. Бізге «төрт ана» ұғымы жат. Бұл әлгі көп «құдайлары» бар елдердің пайымдауларымен сәйкесер, бөлкім.

Дегенмен, мына өлеңнің айтпақ ойы, негізгі идеясы «төрт тірек» дейтін түсінікпен қабылдағанда көңілге қонымды.

Ар өміріне жүгініс, ар төрелігі алдында ағынан жарылған тебіреніс. Ары таза адам ақиқатты өз арынан іздеп, өзінің өткен өмірін де, алдағы арман-тілегін де, өз жанының ішкі қатпарлары мен сезім иірімдерін де арының алдында жайып салып, жанағылардың барлық дем-тынысын ар биігінен өлшер болса, ондай адам, әсіресе, ақ биігінен өлшер болса, ондай адам, әсіресе, ақ жүрек ақын әрбір қадамында жаза баспас деп ойлайсың.

К.Ахметова – өз халқының жүрегінің төрінен әлдеқашан орын алған ақын. Күләш апамыз қазақ жырына ешкімге ұқсамайтын өзінің ерекше өрнек-кестесімен келіп, бірден биіктен көрінді.

«Құт» кітабына ақынның соңғы он бес-жиырма жыл көлеміндегі әр кездерде жазылған өлеңдері енгізіліпті. Соңғы жиырма жыл ішіндегі ел басынан өткен тебіреністі сәттердің бәрі Күләш жырларынан көрініс

тауыпты. Әсіресе, ғасырлар бойы күткен Тәуелсіздік келгеннен кейінгі халқымыздың көңіл-күйі, өтпелі кездердегі қуаныш-қайғысы «Тендік үшін мұхитқа қайық салдық» толғауында бар болмыс-бітімімен әдемі өрілген. Ақын Тәуелсіздікке тағзым ете отырып, Бостандықтың іргесін бекіту жолында алдымызда әлі де қиын асулар, тар жол, тайғақ кешулер тұрғандығын бар дауыспен жеткізеді. Сол жолда елдің Елбасыға арқа сүйейтінін, тағдыр тізгінін, ел аманатын да сеніп тапсыратынын төгіле толғайды.

Қайтып жатыр оралып тұз алтыны,
Алда – биік асқар шың, мұзарт ұлы.
Президент!
Қазақтың дербестігін
Бүкіл дүние таныды Сіз арқылы!

Ұзай алмас шідерін үзбеген ат,
Ұлы жолда қатса да мұзға қанат.
Тұқыртқанға көнбеді тұлпар-тағдыр,
Сол тағдыры халықтың Сізге – аманат!
Президентке салмақ сала сөйлей отырып, халық болашағына алаңдайтынын да жасырмайды. Ел ішіндегі кейбір келеңсіз жағдайларды ашына да ашық айтады. Сонысымен де Күләш ақын поэзиясы парасатты, қадірлі, құнды.

Елге барсам – құрулы қақпандар көп,
Ептілерге жем болып жатқандар көп.
Момынның ақысын жеп жатқандарға
Айғайлағым келеді: «Тоқтандар!» - деп.
Біз ұшырдық үміттің құсын кеше,
Дұшпан оғы жерге атып түсірмесе...
Азаттықтан не пайда,
Баламның тілін әкем түсінбесе?!

Тіл тағдыры – ел тағдыры, мемлекет тірегі. Осы тұста халқын, ұлтын сүйетін, ұлт бесігінде тербелген әрбір ұл мен қыздың туған тілдің келешегі үшін күресуі керек екенін, туған тілсіз Азаттықтың да көк тиын құны жоқ екендігін қатты ескертеді.

«Құт» кітабы – Күләш ақындығының шыңы, бүгінгі қазақ жырының олжасы. Оған кірген Тәуелсіздік жырлары көркемдігімен де, ой мен сезімге кемелдігімен де тәнті етеді [13].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жырларда ақындардың қуанышы, күдік, күмәні түйіседі. Отаршылдық кезеңімен салыстыра отырып халіміздің жақсарғанын бағамдайды. Дегенмен тәуелсіздіктің алғашқы

жылдарындағы туындылардан ақындардың күмәні, бірденеден қауіптенетіні сезіледі. Дін, тіл мәселелерінің шешіле қоймағанының қазіргі ақындардың көпшілігінен аңғару қиын емес. Осындай қуаныш-қайғысы аралас сезімді жыр етіп төккен ақындар шығармалары өз алдына құнды дүниелер. Аз жылдың ішінде көптен күткен тәуелсіздікті шығармашылығына арқау ету айтқызбай-ақ түсінікті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Салқынбай А.С. Тіл Таным.Білім. – Алматы: Эверд, 2008. – 140 б.
- 2 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
- 3 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. / Құрастырған: З.Ахметов, Т.Шаңбай. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс. 2006. – 398 б.
- 4 Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. 2-т. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
- 5 Есдаулет Ұ. Киіз кітап. - Астана: Елорда, 2000. – 384 б.
- 6 Шаңғытбаев Қ. Азаттық күнгі жыр // Қазақ әдебиеті, 1996, 22 қазан.
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 8 Қайырбеков Ә. Бөртостаған. Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 192 б.
- 9 Қани А. Шындықпен бетпе-бет. Жыр жинағы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 178 б.
- 10 Ахметова К. Рух бостандығы // Ана тілі. – 2006. – 20 сәуір.
- 11 Нүсіпбеков Е. Көп томдық шығармалар жинағы.1-том. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007. – 212 б.
- 12 Бөдешұлы Ж. Емендер түнде бүрлейді: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 304 б.
- 13 Қайдаров Ә, Ақтамбердиева З, Өміралиев Қ. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

ҚАРЫНБАЕВА Д.

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Д. Досжан жалпыхалықтық тілдің бар байлығын молынан пайдаланған. Оларды пайдаланып қана қоймай, қазақтың ұлттық әдеби

тілінің дамуына да өз әсерін тигізген. Қазақ тілінің ұлттық көркем әдеби нормалары туралы профессор Р.Сыздық: «Ұлттық көркем тіл стилі, оның нормалары жазушы мен оқырманның талғамынан туады. Көркем стильдік нормалардың қалыптасып, орнығуында жазушылардың ролі зор екендігі белгілі. Шын мәнінде көркем әдебиет тілі жалпы әдеби тілмен тығыз байланыста бола отырып, онымен тарихи контексте дами келіп, сол тілдің шоғырланған көрінісін береді. Қазақ көркем сөзінің ұлттық белгілерін анықтауда біз де осы танымды ұстанамыз, яғни көркем әдебиет стилінің нормалары, бір жағынан, жалпы әдеби тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен ұштасып жатса, екінші жағынан, ол нормалар көркем әдебиет тілінің ұлттық белгілерін ұсынатын қуатты көз болып танылады» [1, 191] – дей келіп, қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілерінің бірі ретінде сөзді астарлап, бейнелеп қолдануды айтады. Д.Досжан шығармаларында айтпақ болған ойын түспалдап ашатын сөздерді жиі қолданып отырады. Мысалы: Шағын бөлменің әр бұрышында орналасқан жұпыны ғана ол- пұлдар жарқылдап көз шағылыстырмай, **қоңырқай семьяның қоңыр тірлігінен** хабар бергендей еді. Түсіндірме сөздікте қоңырға «қара қошқыл, ашық емес түс» деген анықтама беріледі [2, 336]. Мұнда қоңыр сөзі түсті білдіретін тура мағынасында жұмсалмаған. Қаламгер “қоңыр” сын есімінен жасалған эпитетті өзгеше, жүдеу тіршіліктің символы ретінде қолданады. Жазушы тілінде қоңыр сөзімен байланысты қоңыр жел, қоңыр тірлік, қоңыр үн, қоңыр күй, қоңыр төбе деген тіркестер жұмсалып отырады. Мұндағы сипаттамаларда қазақ ұлтына тән ерекшеліктер бар, яғни қазақ поэзиясындағы көркем ойлау жүйесіне тән өзгешелік қамтылған. Д.Досжан «жетім» сөзін жиі қолданады. **Жетім қамшы, жетім әуен, жетім жарық, жетім тамшы** деген тіркестер жазушының сөз қолданыс ерекшелігін таңытар тұстары. Түсіндірме сөздікте жетім сөзіне «ата, анасының бірі өлген немесе екеуі тең қайтыс болған бала, я жасөспірім» деген анықтама берілген [2, 204]. Қазақ ұлттық тілінде «жетім» - адамға, тірі жан иелеріне байланысты қолданылатын сөз. Жазушы оны зат атауымен байланыстырып отырып адам жанына бірден әсер ететін өзіндік эпитеттер жасайды. Эпитет – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді [3, 395]. Бейнелілік тек көркем әдебиет тіліне ғана емес, қазақтың жалпы сөйлеу тіліне тән белгі. Бұған сөздік қордағы атауларға зер салу арқылы көз жеткізуге болады. Затты, құбылысты, іс-әрекетті суреттеп сипаттап, астарлап айту мен теңеулердің активтілігі сияқты белгілер – қазақ көркем тілінің ұлттық сипаты. Мысалы: Бірақ сол бір **сор маңдай** жылдың Нұрмұрат

үшін қаншалық жеңіл-ауыр бүгінгі мамыржай күнде ғана анықталып, бар салмағын енді салған секілді. Нұрмұраттың есіне сол жылдың күзі тым-тым **сұрқай** жаңбырлы болып, қыстың ерте түскені ғана қалғандай. **Жылауық** күздің ызғарынан гөрі қайғы-қасірет қаңтардың аязынан бетер жан-жарасын жүлқылап мұздетқан, тіпті **қара қошқыл** аспан да, **қара жамылып күрсінген** күрең дала да, қарқарадай қасқайып тұратын төккаппар тау да қайғыдан езіліп, қол-аяғын бауырына алып бүрісіп, қалжырап жатқандай еді ғой (4, 395). Д. Досжановтан келтірілген **бұл мысалдағы сұратыл соғыс жылдарының ұмтылмас қасіретін оқушы сезіміне әсер етерліктей етіп жеткізген эпитеттердің көпшілігі автордікі. Қиын кезеңді көрсететін авторлық эпитеттерге Д.Досжановтың:** қан жұтқан қасіретті мезет, бір-біріне селбескен жамау-жамау шала жансар тіршілік, сор соғыс, мұнды мұнарға бөккен тау, қансырған көңіл Сазарып жатқан қайғылы дала, ыңырсып жатқан қара жер, жүдеген дала *деген сөз орамдарын жатқызуға болады. Оқырман сезімі әдегеннен-ақ осындай эпитетті тіркестер арқылы шығармадағы мұнды оқиға арқауына байланып түседі. Бұл эпитеттердің көпшілігі ауыспалы мәнде келген авторлық эпитеттер. Ал қуанышты, бейбіт ауыл өмірін, замандас келбетін суреттейтін өңгімелерде қолданылған эпитеттер басқаша сипатта болып келеді. Балбыраған мамырыстан түн, манаураған айлы түн, күміс толқынды бұлақ, мамыр өмір, ақ шағала арман, қоңыр барқыт кеш, жайсаң жауқазын шақ, бусанған уыз, жалтыраған мәрмәр шағым, алтын сағалы өзек, ақ тілек адамдар, маздаған мақпал кеш, қырмызы заман, мұнарлы мұн, тәтті мұн, кәусар мұн, т.б. Көркемдеудің өте ертеден келе жатқан әрі кең тараған тағы бір түрі – теңеу. Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды мағыналы сөздер, құбылту түрлері аз емес. Олардан теңеудің айырмасы – мұнда салыстыру тура, айқын көрінеді. Халқымыз ғасырлар бойы образды теңеулердің сан алуан түрін тудырған. Д. Досжан осы асыл мұраны өзі де үздіксіз толықтыра отырып, өнімді қолданады. Мәселен, Мағрипа үйге жеткенше, **ботасы өлген аруанадай** бозды **Үйде өскен бұзау секілді** жігітіміз өмірдегі ондай жағдайларды қайдан білсін. Апам ұстарамен күні кеше ғана жылтыратып алып тастаған тақыр басымды ұрғылағанда, **тулаққа тиген сабаудай** тарсылдақ үн шығады. Көктем өтісімен-ақ **өгіз терісіндей** тып-тықыр, көнтақа күйге түскен адырлы дала **от жанында қалған терідей** жиырылып барады. Д.Досжан қолданысында үйде өскен бұзау секілді, тулаққа тиген сабаудай, іннің ауызындағы суырдай, күлге ауаған қотыр бурадай, саркүшіктей, түнлігі жабылғандай, арыстанша, сынаптай, алпамсадай, тоқпақтай, түйенің жарты етіндей,*

қалмақ қайта шапқандай деген және т.б. теңеулер кездеседі. Автордың сөз қолданысында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, ата кәсіптері көрініс беріп отырады. Жазушы тілінен халық ұғымына етене жақын авторлық теңеулерді жиі кездестіреміз. Қаламгердің ауыл өмірі, тұрмыс-тіршілігінен мол хабардар, сол ортадан шыққандығы айқын сезіледі. Жазушы қаламының ұлттық бедерін танытатын авторлық, эномаркерлі теңеулері мен лингвомәдени бірліктері өскен ортасы, алған тәрбиесі негізінде қалыптасқан Д.Досжан табиғатты жанды адам бейнесінде суреттеуді шебері. Осы мақсатта қазақтың ұлттық өміріне тән, ұлттық сипатты танытатын тілдік бірліктерді қолданып отырады. Мысалы: **Табиғат аяқ астынан осылайша толғатты. Толғағы қатты болды.** Енді от қамшының соққысына шыдай алмай, ағыл-тегіл жылауы ғана қалды. Ағыл-тегіл жыласа жаны тазарады. Жаны тазарса, қабағы ашылып, зобалаң тиіп жүрген әлемді шуаққа бөлейді. Жүдеп-жадаған әлем дастарханын қайта жайып, маңдайы жіпсіп шайын ішеді. Өзен-бұлақтар той жасайды. Моншаға түсіп шыққан орман бұрқырап бусанады(5). Автор табиғатты жанды адам бейнесінде берген. Табиғат толғағадy, толғағы қатты болады, жылайды. Адам киналған, күйзелген сәттерде жылайды. Жыласа шері тарқап, жеңілдеп қалады. Адамның осы психологиялық қасиетін табиғатқа берген **Жүдеп-жадаған әлем дастарханын қайта жайып, маңдайы жіпсіп шайын ішеді. Өзен-бұлақтар той жасайды.** Осындағы дастархан, той дегендер этномаркерлі бірліктер. Табиғат құбылысында болып жататын қасиеттерді адамдардың жан-дүниесін бейнелеу үшін пайдалану автордың көркем суретті айшықтай салуына септігін тигізген. Табиғат көрінісін жансызға жан бітіріп, адам әрекетімен астастыра бейнелеу Д.Досжановтың бір ерекшелігі деп танымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыздық Р. Сөз күдіреті- Алматы: Санат, 1997-224 б.
- 2 Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008.- 680 б.
- 3 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: Ахметов З, Шаңбаев Т.). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 4 Досжанов Д. Жусан мен гүлдер – Алматы: Жазушы, 1966-180 б.
- 5 Досжанов Д. Алыптың азабы – Алматы: Рауан, 1997.- 511 б.

ШЕШЕНДІК АРНАУ ТҮРЛЕРІ

ҚОЖАХМЕТОВА Б. Р.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚОЖАХМЕТОВА К. Е.

оқытушы, №25 ЖОБМ, Павлодар қ.

Шешендік арнаудың бір түрі болып табылатын шешендік сынның, қазақ халық ауыз әдебиетінде жерге, елге, малға айтылатын бірқатар түрлері кездеседі. Жүйрік ат пен қыран құсты сынап беретін саяткерлер мен күсбегілер туралы сондай-ақ, жер мен малға ғана емес адамға айтылатын сындар да бір алуан. Көпті көрген қарттар жаңа талап жастарға сын айту, болжам жасау дәстүрі бұрыннан қалыптасқан. «Бай болатын бала айырбасшыл; би болатын бала ағайыншыл» дегендей болашағынан үлкен үміті бар жастар белгілі билер мен беделді ақсақалдарға сый-сияпат көрсетіп бағын сынату салты да болған. Бірақ мұндай сындардың ішіндегі ең батылы мен әділі ғана ел арасында сақталған. Ал жалтақ ақындар мен жарамсақ шешендердің орынсыз асыра сілтеп бай мен билерге деген мақтау-мадақтаулары көп ұзамай ұмытылып отырған. Себебі орынсыз мақтаулар мен оғаш сындарды халық қабылдамайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларындағы «Шорманға бір бөйбішенің сын айтуы» деген шешендік сын үлгісінде Жаздың ыстық күні Есіл бойындағы Қарақозған: Қарабай, Шорман мен бірге он шақты адам өрдегі Қуандыққа жолаушы болып тоқтаған екен. Бір ақбоз үйге тоқтап қымыз ішіпті. Сол үйдің бөйбішесі өте толық адам болса керек, орнынан әзер қозғалып сабаны пісуге мұршасы келмей, аяғымен толқып қозғанына келген қонақ жігіттер күлісіпті. Сөзге шешен бөйбіше: «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра» деуші еді қазақта», деп бұлардың неге күлгенін сұрайды. Сонда жігіттер: «Ақты аяғыңмен теппе, ырымға жаман болады», - деп біздің жақтағы қарияларымыз үрсып тастаушы еді. «Бұл жақта ондайды ырым қылмайды екен-ау!» - деп, бұрын өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң, бізге ерсі көрініп, соған күлдік, - дейді. Сонда бөйбіше жігіттердің кедей елдің адамдары екенін сынап: «Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіңдер: «Барында батып іш, жоғында сатып іш. Құдай беріп қойған күнінде шалқаннан жатып іш». Дүние, шіркін, кетер болса, өпкеніңмен келмейді. Бір беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді. «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер» [1, 176 б.], - деген. Ырымшыл болсаңдар, елдерің кедей ел екен ғой!» - депті. Бұл шешендік сында адамның басына Алланың жазуымен біткен дәулет қана тұрақты болады деген шындық бар және мұсылмандыққа жатпайтын ырымшылдық кедейлікке тән белгі екені сыналады.

Сөзге шебер шешендердің сәлемдескендегі шешендік сөзбен тақпақтап амандасу үлгілері тұрмыс-салт жырларында, батырлық және ғашықтық дастандарда кездеседі, сонымен қатар ел аузынан жиналған халық шығармаларында шешендік сәлемнің сан қилы нұсқалары сақталған. Сондай-ақ, ақындар мен шешендердің бір-бірімен өлең-сөз арқылы сәлемдесу дәстүрі де бар. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Мәшһүр-Жүсіптің Мәдиге сәлемі»

Армысын, аманбысын, Мәди батыр,
Түрмеде тұтқын болып әркім жатыр.
«Жуымас аққа пәле» - деген сөз бар,
Қалас боп құтыларсың бір күн ақыр.
Бұл қақпа талайларды кісендеген,
Сонда да ажал жетпей, кісі өлмеген.
Лашын баласы үшін торға түсер,
Кім тілеп, мұндай күйге түсем деген.
Бұл сөзді жазған ағаң Мәшһүр-Жүсіп,
Керуендей жалғыз басы жүрген көшіп.
Сол зайғы қадіріне жетпеске айтқан,
О да бір алтын жүзік түсіп қалған
Бұл күнде сен де ғаріп, мен де ғаріп,
Ағайын алыс жатыр сөзді ұғарлық.
Күшім жоқ, ақылдасар кісім де жоқ,
Кететін еркіне қоймай жұлып алып. [2, 347 б.].

деген туындысы белгілі ақын, сазгер Мәди Бапиұлына арналған.

Бұл туындыны осындай атаумен 1964 жылы белгілі қоғам қайраткері Әшімбек Бектасов «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған. Онда Мәди Бапиұлының өмірі туралы мәліметтер келтіре отырып 1915 жылы Баянауылдан келген белгілі оқымысты Мәшһүр-Жүсіптің өлеңмен сәлемдескені жөнінде айтып, өлеңнің мәтінін келтірген. Сондай-ақ осы мәтінге Мәди Бапиұлы өн шығарып, ол «Мәди» деген атпен елге тарап кеткендігі жөнінде мәліметтер бар. Ал осы өлеңмен берілген сәлемнің «Бұл қақпа талайларды кісендеген» деген тармағы сол кездегі отаршылықтың белгілі ұлт қайраткерлерін қуғындау, азаптауды әдетке айналдырғандығын аша түседі. Мәшһүр-Жүсіп – елге сөзі өтетін кемеңгер, Мәди – қолбасшы, қос тарланының жолығуы нәтижесінде Сарыарқаның көтеріліске шығып кету қаупінен сезіктенген Атбасар оязы екеуінің жолығуына рұқсат бермей қойған екен. Сол себептен Мәшһүр-Жүсіп осы хатты жазған екен, хатты Мәди жылап оқып: «Бұл кісі ағам да емес, әкем де емес,

менің қадірімді түсініп алыстан, елімнен іздеп келген қазақтың пайғамбары – Мәшһүр-Жүсіп», - деген екен.

Ақындар, шешен-билер дау-таластың жағдайын алдын ала анықтау үшін араға кісі салып «ауызша хатпен» сөйлесуді және жолығуға мүмкіндік болмаған жағдайда өлең арқылы сәлем айтуды да жиі қолданған. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің «Абақтыдағы ишанға»

Ассалаумағалейкум, дұғағөйім,
Өтініп хат жазайын мұнан кейін.
Бармадық көңіл сұрай, ұяттымыз,
Қағазбен дұғаңыздан мен тілейін ... [2, 194 б.].

деген өлеңінде Патшалық Ресейдің отарлау саясаты кезінде XIX ғасырдың соңында ислам дінін насихаттаушы ғалымдар мен дін иелерінің қудалануы басталды. Бұл жағдай Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жоғарыда аталған өлеңінде орын алған. «Абақтыдағы ишанға» деген өлеңі абақтыда нақақ жатқан Мырзақұлұлы Мірқұлалдинге арналған.

Шешендік арнаудың тағы бір жиі кездесетін түрі ол – шешендік көңіл айту. «Өлі разы болмай, тірі байымас» деп ұғатын халқымыз өлім-жітім көрген адамды жұбатып, көңілін аулауға тырысады. Азалы жанды сабырға шақырып, қиыстырып көңіл айту – ертеден келе жатқан игі дәстүр. Шешендік өнерде көңіл айтудың түр-түрі бар. Өлім – адамзаттың табиғи заңдылығы. «Дүниеге келмек бар да, кетпек бар», «Дүние шолақ, адам адамға қонақ, жан – денеге қонақ», «Ажал айтып келмейді, бір адамға екі өмір тағдыр өсте бермейді» т.б. осы мәнделес аталы сөз бен ақыл-өсиетке негізделген жұбатулар осының айғағындай. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбаларында Жәңгір ханның жалғыз ұлы жардан құлап өлгенде, хан басына түскен ауыр қазаны көтере алмай, сегіз күн ешкіммен сөйлеспей, нәр татапай жатып алады. Сол ауылға қонақ болып келіп жатқан Едіге би ханға өзінің шешендік өнерінің күшін пайдаланып, ханға көңіл айтып, жұбатып басын көтертізеді. Сонда:

Ақ сұңқар ұшты ұядан,
Қол жетпейтін қиядан.
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қияғы бүтін сұңқар жоқ,
Тұлпардың тұяғы
Тасқа байласа, кетіледі,
Суға байласа, жетіледі.
Теректен бұтақ,
Теңізден көбік.

Ақ сұңқар әуелеп аспанға ұшты,
Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті.
Хан, саған Құдайдың бір жабдығы түсті,
Мойнын жуан, көтересің күшті!
Көтермегенмен, қайтесің?!
Оны алған Құдай

Одан да күшті, бұдан да күшті! [3, 127 б.].

деген Едіге бидің шебер шешендікпен айтқан жұбату сөздері адам баласы басына жазған Алланың өлімінен ешкім қашып құтыла алмайтындығын білдірумен қатар сегіз күн бас көтермей жатқан ханды тұрғызады. Сонда Жәңгір хан: «Балам өлгелі бүгін сегіз күн болып еді. Осындай қылып бір жан сөйлеген емес. Сондықтан мен өліп жатыр едім, енді мені тірілттің, тірілттің! Бұрынғылар: «Өшкенің өңсің, өлгенің тірілсін!»- дейді екен. Өшкен өнбек емес, өлген тірілмек емес. «Өшкен өнді, өлген тірілді»-деп, осындай орынға тұрған, көңілге қонған сөзді айтады екен. Көтере алмай жатқан басымды көтерттің, өзімді біржолата тұрғызып кетсейші!», - дейді. Шешендік көңіл айту қайғылы жандарды жұбату үшін, қайырымсыз қазадан түнілмей, тірінің тілеуін тілеуге шақырады, өлім ортақ екенін ескертіп жұбатады.

Ойымызды түйіндей келе, шешендік арнау - адамдар арасындағы қарым-қатынастарды бейнелейтін терме, такпақ, нақыл сөздерді қамтиды. Шешендік арнау халқымыздың салт-санасын, тіл байлығын, сөйлеу мәнерін үйренуде атқарар рөлі зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. Павлодар, 2008 ж. 366 бет.
- 2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. Павлодар, 2003 ж. 365 бет.
- 3 Елеусізұлы Қ. Адамның сұңқары. Алматы, 2001. 144 б.
- 4 Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994.
- 5 Мәшһүр Жүсіп фольклористикасындағы би-шешендердің сөз өнері : оқу құралы / Б. Р. Кожаметова. – Павлодар : Кереку, 2014. – 73 б.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том (ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 568 б.
- 7 Қазақтың ата заңдары. Алматы: Жеті жарғы, 2004. І-8 т.
- 8 Жүсіпов Н.Қ. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. Диссертация. Алматы. 2005.

ИЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАТЫР БАЯН БЕЙНЕСІ

ҚҰЛЫБЕКОВА Ж. С., КАДЫРМЕНОВА А.
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.

«Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы «Жанталас» романында көптеген тарихиесімдер аталады. Солардың негізгі сюжеттік желі барысындакөрінетіні санаулы ғана. Ал өзгелері түрлі оқиғалық баяндаулар тұсында қатарға қосылып, одан кейін қара үзіп қалып қойып отырады.

Әдеттегі әлеуметтік-психологиялық роман шартымен өлшесек, мұнда көркем тұлғаның тарихы, қалыптасу жолы дейтіндей жүйелі суреттеулер, мінезді бірте-бірте ашып отыратын сюжеттік жүрістер жиі кездесе бермейді. Бұхар жырау аузымен айтылған әңгімелерде ғана Хақназар, Тәуекел, Есім хандар тарихы біршама толық көрінді. Ал өзге қаһармандардан молырақ, нақтырақ көрінетіндері жоңғардың алғашқы соққысынан Түркістанды қорғауды басқарған Елшібек, жаудың арам ойын іске асыртпау үшін өз басын қауіп-қатерге байлап, асқан ерлік көрсеткен қыз Гауһар, белгілі баһадүрлер: Қияқ, Бөгенбай, Баян, хан, сұлтан: Әбілхайыр, Абылай, Барақ, т.б. Бұл тұлғалардың іс-ірекеті, мінез-құлқы кейде автор, кейде жырау атынан айтылып, едәуір қомақты болып көрінеді. Аталған қаһармандардың мінезіндегі қат-қабат қайшылықтар да сенімді аңғартылған [1, 126 б.].

Шығармада бейнеленген кесек тұлғалардың қатарында Батыр Баян романның үшінші бөлімінде, екі-үш эпизод үстінде көрінсе де, жарқын бейнесі есте қаларлық. Жазушы алдында тұрған уәзипаның қиындығын түсінуге болады. «Жанталаста» суреттелетін қаһармандардың бәрі дерлік аңыз, жыр арқылы халық санасынан орын алған жандар болатын. Сол фольклор туындыларында қалыптасқан эпикалық бейнелерді төмендетіп алмай, оларға реалисті нақтылық, даралық келбет дарыту оңай емес. Сөз болып отырған шығармада Баянның жауға қарсы екі-үш жорығы, оның көзсіз ерлігі, үлкен отаншылдығы, намыстылығы баяндалған. Жауға деген қалтқысыз өшпенділік, таза халықтық ұғым, айнамаған намыс оты, ар Баянның басынан табылады. Ол қалмақ қызының азғыруына ерген сүйіктісі інісі Ноянды атып өлтіргенде дәл осындай биік елдік дәстүр тұрғысынан көрінеді [1, 129 б.].

... Сұлтан ордасында енді тек осы Көкшетау, Қараөткел, Атбасар, Қызылжар маңайындағы Орта жүздің басты адамдары

мен Абылайдың үзеңгілес батырлары – Арғын тайпасына жататын Бәсентин руынан Сырымбет, Малайсары; Қаржас руынан Олжабай; Тарақты руынан Байғозы; Ұлытаудағы Бағаналы руынан Оразымбет; Керей руынан Тұрсынбай батырлар қалды. Бұл жиынға жер шалғай боп Арғынның аты шулы батырлары Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Алтай руынан ағайынды үш бөрі Жанұзақ, Жолдыбай, Сеңгірбай; Найманнан Қаракерей Қабанбай, Кіші жүздің батырлары Тайман мен Бұғыбай, Абылай сұлтанның ең жақсы көретін батырының бірі Уақ руынан Батыр Баян келмей қалды.

Ханмен қадірі бірдей сұлтан өзге батырлардың келмегеніне бәлендей мән бермеген де, Батыр Баянды күткен-ақ еді [2, 413 б.]. Сұлтан Абылайдың осындай әрекеттерінен-ақ Батыр Баянның өз ортасындағы елеулі орны мен ерекше мәртебесі танылады.

... Баян батырдың осы уақытқа дейін келмеуі өкінішті-ақ. Ерлігімен, ел-жұрты үшін жанқиярлық ісімен танылған Батыр Баян Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабанбайдан кейінгі ең сүйікті батыры еді. Анау екеуі болса қазір пайғамбар жасына келіп қалды, ендігі ең сүйеніші со Батыр Баян мен өзімен бірге Қалден Церенде тұтқында болған Жәпек еді. Ел шетіне жау келсе, ең алдымен жетіп, алдыңғы шепте жүретін Батыр Баянның осы уақытқа дейін келмеуін Абылай жаман ырымға жорыды. «Оның өз басына бір қауіп туды, не ел-жұртының қамына да қаратпайтын бір пәлеге душар болды» деп ойлады [2, 421 б.]. Бұл уақыттарда Батыр Баян өзінің інісі Ноян мен олжаға түскен қалмақ қызы Құралайдың махаббаттарының себебінен ұшыраған қайғы үстінде болатын.

... Уақ руына жасының қартайған шағында келіп сіңіп кеткен, Жәнібек ханның кезіндегі атақты батырының бірі Саяннан туған Аян батырдың ұрпағы осы Батыр Баян еді. Қарадан шықса да жеті атасынан әйгілі батыр тұқымы болғандықтан, ел басына күн туғанда, осы Баян атқа ерте қонды. Өзінің асқан ерлігі, халқы үшін жан пида етерлік істері арқасында ол көп кешікпей Уақ руының көсеміне айналған. Әке-шешесі қалмақ шабуылының үлкен бір шайқасында қаза тапқан. Өзімен бір туған, биыл он беске шыққан Ноян атты інісі ғана бар [2, 422 б.]. Батыр Баян жалғыз інінің айтқанын орындап, қалағанын істеп, бетін қақпай, «жауға шығам» - дегенде ғана, - «соғыс сенен қашып кетпейді», - деп қамқорлықпен қарсылығын көрсетіп, еркелетіп өсірді.

Кезекті айкастағы Батыр Баян бастаған екі жүз жігіт –көштері енді қозғала берген соңғы жоңғар батырының аулына тоғайдан шыға лап қойып, екі жүз аш қасқырдай тиеді. Әбігері кеткен көш жөнді

қарсылық көрсете алмай, сол алаңда жоңғардың бас батыры Батыр Баянның қолынан қаза табады. Талай-талай артынан қол ерткен аты шулы батырларды жер қаптырған Баянның мықтылығын осы жерде айқын көре аламыз.

Шабылған елден Батыр Баянның жігіттерінің қолына жөнді олжа ілікпеді. Тек шу дегенде қоршауында қалған бір топ қыз-келіншек пен аздаған мал-мүлік қана қолдарына түсті.

Мына қыз менің олжам! – деді Батыр Баян Құралайды қамшысының сабымен меңзеп.

Ат жалын тартып мінгелі Баянмен үзеңгілес болып келе жатқан Жәпек сан олжаны бөлген кездерінде әйгілі батырдан бұрын-соңды мұндай сөзді естіп көрмегенді. Баян сөзіне бұл да таңырқады [2, 423 б.].

... Қолға түскен киіктің лағындай жауатандаған жас сұлу, «мына қыз мені олжам» деген батырдың сөзін естігенде, жүрегі дір-дір қағып, өн бойы қалшылдап кетті. «Олжа!» деген сөздің ар жағына не жататынын ес білгеннен-ақ түсіне бастаған сұлу қыз дәл осы сәтте әкесін өлтірген адамның еркіне берілу – өзі үшін кешірілмес күнә деп есептеді. Өн бойын енді бір ызаның, қайтпас қайсар кектің оты билеп әкетті. «Сенің олжаң болып қасына жатпасақ ант етемін», - деді кенет күбірлеп жоңғар әйелдерінше екі қолымен көкірегін басып. Қыз дәл осы ашу үстінде, Батыр Баян әкесін көзінше өлтіріп, өзін қандай жылатса, Батыр Баянның да дәл өзіндей боп жылауын арман етті [2, 424 б.]. Құралай сұлу өзіне-өзішамасы келгенше кек алуға анасының ақ сүтімен серт бергенінде, ақыр аяғы қайғы әкелетінін шамалап та біле алмады.

... Батыр Баян серіктерін біртіндеп, таратып, жиырма шақты жігіті мен Құралайды ғана жанына қалдырып, өз аулына таяған кезде, жанында он шақты құрбысы бар, алдынан Ноян шықты. Астындағы ақ боз жорғасын ағызған қалпында: «Көке! Көке!» деп ағасының қасына жетіп келгенде, қуанғанынан екі көзі жасаурап кеткен Батыр Баян, інісін жас баладай атының үстінен көтеріп алды.

... Ағасының құшағынан босанған Ноян енді өз атына қайта мініп, Баянның өзге серіктерімен амандаса бастады. Кенет сәл кейінірек тұрған Құралайға көзі түсті...

Сауға, көке! – деді Ноян ағасына жалына қарап. – бір жолғы олжанды маған қи!.. [2, 425 б.]. Қаны бір бауырына Баян не болса да жомарттық танытып, рұқсатын беретін, бұл жолы да қаншама қиналыс туғызғанмен, інісінің көңіліне қарсы тұра алмады.

... Құшағында тұрған жас сұлудың көзінен аққан ыстық жасы жігіттің албырт жүрегін қорғасындай балқытып жіберді. Ерлікті,

әділеттікті арман еткен бала жігітке дәл осы сәтте қыздың қиыла айтқан біз сөзі дүниедегі ең әділетті, ең қасиетті сөз болып естілді. Құралайдың ана тілегін орындауға рұқсат ет деген өтінішінен оның каншалық пәк, адал, қасиетті жан екенін бұрынғысынан да артық сезіне түсті. Дәл осы сәтте қызға еріп, туған жерін тастап жау жағына кашу – ел-жұрты кешпейтін қылмыс саналатыны есіне де келмеді. Тек сүйген жарының адамгершілікке жататын күнәсіз тілегін тезірек орындауды борыш санады. Ол өзін енді сонау мөлдір аспанда көз жетпес шыңға көтеріліп бара жатқан қырандай сезінді [2, 427 б.].

Батыр Баян екі жастың артынан қуып ұзаққа шықты. Астындағы октаудай боп таралған Тұлпаркөк тер шыққан сайын қарыштай түсті. Түс ауа Жолдыөзек деген жерге таяғанда, алдындағы екі қараны – Ноян мен Құралайды көреді. Қос күрең қанша жүйрік болғанмен, тоқ күйінде ұзақ шабысқа шыдамай, болдыра бастаған. Қыз бен жігіт арттарынан күйғытып келе жатқан жалғызды байқап, атының шапқан екпініне қарап, қатты ашулы Батыр Баян екенін айтпай ұқты.

А, құдай құтқара көр! – деп, Құралай тебіне түсті.

Екеуі жарыса шауып, Жолдыөзекке таяп қалды. Бұл бір бақытсыз жер еді. Құнарсыз, сортаң. Бұл арада бұрынды-сонды талай адамның қаны төгілген. Сол себептен де бұл өзекті Асан Қайғы «Жолдыөзек» демеі, «Қандыөзек» деп атаған. Осы жаман атынан шошып Атығай руы соңғы кезде бұл араны жайламайтын болған [2, 428 б.].

Дәл осы сәтте атының басынтартпастан күйғытып жетіпкелген ашулы Баян ызаға шыдай алмай, көзі жауаңдап кешірім сұраған інісіне құлақ аспай, қыпшақ садағын тартып қалады. Башқұрт тәсілімен істелген сүйір ұшты сауыт бұзар қайың жебе жас Ноянның дәл жүрек тұсына келіп қадалып, тіл қатуға да шамасын келтірмей ұшырып түсірді.

Көкежан, не істедің? – деп, Құралай атының басын бұрып қайта шапты.

Екі көзі қанталап кеткен Батыр Баян үзеңгісіне шіреле беріп, садағын екінші рет тартты. Ноянның тұсына жетіп қалған қыз ат үстінен қалпақтай ұшып сүйген жігітінің жанына сылқ етті. Қызып алған Тұлпаркөкпен орағыта шауып әзер дегенде тоқтатып, Батыр Баян да кейін бұрылды.

Күлімсіреген ишаратын жоғалтпай, боп-боз боп өліп кеткен інісін көргенде, ашумен не істегенін енді түсініп, өкіре жылап Ноянның үстіне құлады. Екі бетінен аймалап сүйіп, әлден уақытта барып басын көтерді. Екі көзден жасы сорғалап, інісінің басында тізерлеп ұзақ отырды. Тек бір заматта ғана жанында ынырсыған дауысқа бұрылды. Батыр Баянның өзіне қарағанын сезді ме, Құралай ақырғы рет көзін ашты. Бір кезде

берген анты есіне түсті ме, Батыр Баянның егіліп жылап отырғанын көріп, қыздың көзінде бір ұшқын жалт етті де сөңе қалды. Ол енді ешбір кексіз, ашусыз, Баянға жалбарына қарады.

Көкежан, - деді үнін әзер-әзер шығарып, - жалғыз тілегім, Ноян екеуіміздің арамызға топырақ салмай, бірге көміп кетіңіз...

Осылай деді де, сонау талмаусырап батып бара жатқан күн көзімен таласқандай, қара жерге көмуге қимайтын қайран сұлу Құралай көзін жұмып, ойлаған сертін айқын орындап, о дүниеге жүре берді.

Өз қолымен өлтірген қос аяулысының басында солқылдай жылап Батыр Баян ұзақ отырды [2, 429 б.]. Қаны мен тегі бір жалғыз бауырына ер намысы, ел айбаты үшін аяусыз садақ тартуының бірден-бір себебі – пенделік. Іс жүзеге асқаннан кейін есін жиғандағы әрекетін де осы пенделік, ағаттық жіберу, соны түсініп қайта сезіне білуі, өз ісіне налуы да – пенделік әрекет.

... Үшінші қолды (негізгі қолды) Абылайдың өзі басқарды. Бұл сап Шиелі, Жаңақорған бойларымен кеп Түркістанның өзіне күнбатыс бүйірінен тимек болды. Бұнда қазақтың аты шулы батырларынан: Баян, Сырымбет, Жанұзақ, Малайсары, Жәпек, сәл кейінірек келіп қосылған Қабанбай болды [2, 430 б.]. Шайқас барысындағы қалың әскердің басын бастап, тізгінін ұстау таңдаулы ғана батырлардың мойнына жүктелетін іс.

Жә, жетер! – деді Абылай ақырғы кесімін айтып, - қазақ елінің тағдырын көкпарға салатын заман емес. Көкше теңізге дейін шегінерміз. Одан әрі бармаймыз. Ал шегінген әскерге қалқан боп, өз жігіттерімен бір батыр қалсын!

Абылайдан батырлар ұйғарымынсыз үзілді-кесілді жарлық естіп көрмеген қолбасшылар не дерлерін білмей, абыржыр қалды. Ешкімнен ақыл сұрамай, бұлай бұйыра сөйлеуі оның ел тізгінін өз қолына біржола алғанын аңғартқандай еді. Мұндай қылық тек Үлкен Орда ханына ғана лайық болатын. Батырлар осылай абыржып отырғанда, Батыр Баян:

Әскер соңында қалуға мен бармын! – деді.

Абылай орнынан түрегелді.

Онда сөз осымен бітті. Жарықтық ақ бура қалай шөгіп жатыр екен, енді соны көрелік... [2, 450 б.]. Тынымсыз, ел үшін деген қайсарлықты бойына тұмар еткен Батыр Баяннан түгел әскерді қорғау үшін қалқан болуын, өз басын басқа жандардың өмірі үшін қатерге тігуін, бәрі де күткендей.

... Екі жақтың негізгі күші түгел қатынаспағанмен, бүгін тағы қырғын ұрыс болды. Тек ымырт жабыла, Абылайдың бұйрығы

бойынша, қазақтың қалың қолы кейін шегінді. Беттерін Іленің төменгі сағасына бұрған қалың әскерді арт жағынан қорғап, өзінің тандаулы мың атты қолымен Батыр Баян қалды. Бұлар бос жатқан жұрттың әр жерінен от жағып, әскердің шегінгенін жауға сездірмеу мақсатында алдамшы көрініс жасауға кірісті... [2, 451 б.]. Өз жасындағы тәжірибесі ме екен, соғыстың түрлі айла-тәсілін жетік білгендіктен бе екен, әйтеуір мың атты қолмен қытайдың кем дегенде он мың жауынгеріне қарсы шығуға тәуекел жасайды.

... Қалың қол долы өзен мен жау әскерінің арасында қалып, қатты қысылды. Міне осы кезде Тәтіқара алға қарай суырыла шығып, домбырасын безектете, саңқылдап қоя береді.

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақ ұлы болат найза.
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда!
Бөкейді айт Сағыр мен Дулаттағы,
Дербісәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бр қайтпайтын.
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биік айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген

Еменалы Керейде ер Жабайды айт! – деп батырларының аруағын қозғап, өзенге түсіндер деп ұран тастады [3, 84 б.].

... Қоянды қамыс, ерді намыс өлтірген. Аты аталған батырлар тасып жатқан өзенге түсуге ынғайлана бастады. Бәрінен бұрын, үстіндегі ауыр киімін шешпестен, долы ағысқа бірінші боп Батыр Баян қойып кетті. Абылай оған қарап тұрып: Батыр Баянның кеше шегінген әскерге қалқан боп өзі сұранып, қалуынан, бүгін тасып жатқан өзенге жұрттан бұрын түсуінен, аяулы батырды айдап салып жүрген – жалғыз інісі Нояннан айрылып, әлі жазылмаған қасіреті екенін ұқты.

Уа, аруақ! Ақжол ата! – деп Батыр Баян тықыршып тұрған Тұлпаркөгіне бірінші боп қамшы басты [2, 455 б.].

Көп кешікпей бозарып танда жау қостарынан үш шақырымдай бүйірдегі қамысты тоғай арасына кіріп үлгірген Батыр Баян жасағы шығындарын есептеп еді, қолға түскені, жараланғаны, қаза болғаны бар, үш жүздей жауынгер жоқ боп шықты. Батыр Баянның түсі қашып кетті. Енді Іле өзенінің арғы бетіне шығып, кейін қайтпақшы боп тұрған қолға, ол кенеттен жау қолында қалған серіктерін тастап кету жөн емес екендігін жауынгерлеріне жеткізді. Ызалы жүзі сұп-

сұр болған Батыр Баян көп сөзге бармай, күйінген қолына демеу бере отыра, қайсарлық танытып, тіпті Абылай сұлтанның құптар-құптамасына қарамастан – қытай қостарын қайта шабуға бекінді!

Жасақ қытай қостарына бір шақырымдай жер қалғанша, құрақты, тобылғылы ойпатпен шаршаған атқа салмақ түсірмеске аяндап жүріп келіп, тізгінді қоя берді. Жер бетін ұран басып кетті...

... Ұрыс күн көтерілгенше созылды. Екі көзі оттай жанған Батыр Баян жан-жақтарын тұтаса қоршаған қытай қылыштарынан қазақ жігіттерінің екшелеп қалғанын аңғарды. Көптің аты көп, күш тең түспеген еді. Бірақ қызыл қанға батып жер құшып жатқан қытай жауынгерлері де аз емес. «Аяулы қандастарым, өлсе де жастығын ала өлейін деген екен! – деді ол ішінен, намысы мен ар оты жанын жегідей жеп. – Бұл айқас жауымыздың есінде мәңгі қалар. Қанша өлігі жатыр. Жоқ, біз текке айқаспаған екенбіз. Біздің жерімізге шүршіттер енді аяғын байқап-байқап басар!» [2, 457 б.].

Өн бойын бір алып күш билеген сәтте, қарама-қарсы келіп қалған, есік пен төрдей қара ат мінген қытайдың бір жалпақ бет сыпайын қайқы бел қара алдаспанмен қақ бөліп түсті. Дәл осы кезде қолтығының астынан үп-ұзын сүйір ұшты көк найза келіп қадалды. Қытай сыпайы тағы бір ырғыған көк найзасы өкпе тұсынан өтіп Батыр Баян ат үстінен сырғып жерге құлай берді.

... Бұлардың соңынан қазақтың сиреп қалған жауангерлері найза, қылыштарын кезей ұстап алға ұмтылды. Мұндай әрекетті күтпеген қытай сыпайлары өздеріне қадалғалы келе жатқан ажалдың суық ұштарынан сескеніп, жолды аша берді. Батыр Баянның денесін алдына өңгерген қара сұр жігіт жау ортасын жарып өте шықты. Бұны көрген өзге қазақ жігіттері де, алдаспандарын жарқылдата сермеп, жау шебін үзіп, қоршаудан өтіп үлгерді [2, 457 б.].

Қол астында жүрген жауынгерлерінің де ерлігі мен қатар досқа адал екендігін, қолбасшыларының өлі денесін майдан ортасынан алып шығып, жау талағына тастамағандықтары да үлкен іс. Бұл шығарма барысында боздақтарына қатты ықпал жасап, өзінің соңынан жұртты ерте алатын, сұлтан тұрмақ ханның өзі келгенін күтетін Батыр Баянның сыйлы тұлға, өр намыс пен ыстық қайраттың символы екендігі де айқын көрсетілген. Міне, халқы үшін жанын пида еткен сол алыптың фәни жалғандағы өмірі мен майдан алаңындағы көзсіз ерліктерін І.Есенберлин осылай дәріптейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бердібай Р. Тарихи роман. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 336 б.
- 2 Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи триология. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қор», 2002. – 760 б.
- 3 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқуған. Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.

**ҮШІНШІ ДЕҢГЕЙ БАҒДАРЛАМА
КURСЫНАН KEЙІНГІ ӨЗГЕРІСТЕР.
ЖЕТІ МОДУЛЬДІҢ САБАҚҚА ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛУЫ**

ҚҰРМАШЕВА Ш. Қ.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, №16 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Отандық білімінің дамуындағы қазақ тілінің атқаратын рөлі зор екенін, баршамызға мәлім. Оқу үрдісінің ұйымдастыруды өзгертпей, қазіргі таңда білімнің болуы мүмкін емес. Бұл бағытқа Кембридж бағдарламасы бойынша деңгейлік курстары көмек етуде.

Кембридж бағдарламасының басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдері мен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Сабақ барысында қолданылатын жеті модуль қандай нәтижелерге жеткізеді? Не өзгереді?

Жаңа әдіс-тәсілдер: мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. Әңгімеге арқау болған бөлімнің негізгі идеясы ақпарат беріледі дегенге саяды, бірақ білім мен түсінік оқушы бойында қалыптасады, ал мұғалім – бұл үдерісте көмек көрсететін жан, оқытудың кілті- жаңа тәсілдер ойлап табу керек. Не үшін қолдандым? Оқушылардың пәнге, мектепке деген қызығушылықтарын ояту үшін пайдаландым.

Сыни тұрғыдан ойлау – ойлау туралы ойлау. Не үшін қолдандым? Өзін-өзі реттеуге, өзінің, өзгенің пікіріне сыни тұрғыдан қарап, қорытынды жасауға дағдыландыру үшін қолдандым.

Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын ұғым. Бұл ұғымның 2 түрі бар: формативті және суммативті. Не үшін қолдандым? Оқушылардың өз-өздерін реттей отырып, білім нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік туғызу үшін қолдандым.

Дарынды және талантты балаларды оқыту бұл ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Балалар бір ғана пәннен емес бірнеше академиялық пәндерден олардан күткеннен жоғары деңгей көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, олар бір салада дарынды болса, басқа салада қиындыққа тап болуы мүмкін; олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіліктерін, біліктілігін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет. Не үшін қолдандым? Оқушылардың жасырын қасиеттерінің ашылуына жол нұсқау үшін қолдандым.

АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып табылады. Не үшін қолдандым? Теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, оқушылардың көзбен көру, қолмен ұстап сезіну арқылы есте қалуына жағдай жасауда және уақыт үнемдеуде қолдандым.

Оқыту сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуға жетелейтін негізгі қабілеті болып табылады. Бұл жұмыс мектепте жаңа білімді қалыптастырады. Білімнің бұл негіздері – зерттеулерге негізделген білім емес, бұл басқаларға дем беретін және ары қарай іс-әрекет жасау үшін оларды қажетті бағытпен қамтамасыз ететін жанды диалогтік үдеріс. Не үшін қолдандым. Кез-келген ортада берілген тапсырмаларды орындағанда, ерекше жауапкершілікпен басқаратын оқушыларды анықтау үшін.

Жас ерекшеліктері: Танымдық даму – баланың оқу және проблемаларды шешу қабілеті. Дәлірек айтқанда, танымдық даму оқуға деген қабілеттік, сондай-ақ зейін, сөз сөйлеу дағдылары, ойлау, негіздеу және шығармашылық зияткерлік сияқты қабілеттерді дамытуға және тұрақтандыруға қатысты. Аталған зияткерлік

кабілеттер ойлау үдерістерінің сипаты және жасына қарай олардың өзгеру ықтималдығы туралы маңызды ақпараты бар танымдық даму теориясы шеңберінде сипатталады. Жас ерекшеліктеріне байланысты оқудың жекелеген теориялары анықталған. Не үшін қолдандым? Оқушылардың өзгеге қарап өз-өзін реттеуін, сауаттылығын, қызығушылығын арттыру үшін.

Нәтижелері:

Мұғалімде: өз-өзімді реттедім: сабақ жоспарын құруда, тапсырмаларды таңдауда; әріптестерім мен ата –аналарым қызығушылық танытты.

Оқушыда: қызығушылықтары басым түсті;

- бір-біріне деген көзқарас өзгеріп, оқушылар әр қырынан танылды;

- ашық пікір, сыни көзқарас қалыптасты.

Шешу жолдары: әр сабақта диалогқа жүйелі мән беру; жоғары дәрежелі сұрақты сабақтың әр кезеңінде пайдалану; бағалау кезеңіне ерекше мән беру;

- берілетін тапсырмалардың уақытын қарастырып отыру; көркем әдебиетті көбірек оқыту.

Келесі қадам:

- Әріптестермен үнемі байланыста болып, тәжірибе алмасу;

- Тәжірибеде үлгермеген жұмыстарымды жүйелеп, ұштау.

Сындарлы теорияның тиімділігін жақтаушылардың басым бөлігі оны дайын білімді беруге негізделген оқыту тәсілдерімен салыстыра қарап, дайын білімді беруге негізделген оқыту тәсілдерінің білімді меңгеруі былай тұрсын, олар бойынша терең түсінік қалыптастырып, бастапқы білімді жаңа біліммен өзара байланыстыруға да мүмкіндік тудыра бермейтінің тілге тиек етеді. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қаблетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Мұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір көзғарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту

мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі.

Кембридж бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Құзырлы оқытудың маңызды факторы оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінінде қатысуын талап етеді. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болады.

Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыру іс-әрекеттеріне ынталы болғаны абзал.

Кез-келген оқушының логикалық іскерлігін ашатын жоғары деңгейлі сұрақтар екеніне көзім жетіп отыр. Тікелей ашық диалогта оқушылардың өзіндік ой-пікірлері қалыптаса бастайды. Соның нәтижесінде, не өзгереді?:

- жалпы топтағы қарым-қатынас жақсарайды
- бағалау кезеңінде ашық ой пайда болады
- тапсырма орындауда ұйымшылдық қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Ана тілі» 2007 ж. №13.
- 2 А. Сисенбина «Дидактикалық құрал».
- 3 «Қазақ тілі мен әдебиет журналы» 2004 ж. №5, 2011 ж. № 3, 2013 ж. № 8.
- 4 Ахметов С. «Білім берудің тиімді жолдары».
- 5 «Мұғалімге арналған нұсқаулық» үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СӨЙЛЕСУ ӘРЕКЕТТЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

МАДИЛОВА Е. А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Розовка жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар ауданы

*«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық
технологиямен байланысты әлемдік стандартқа
сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет.»*

Н. Ә. Назарбаев

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, III тарауы, 18 – ші бағытының 7 – ші тармақшасында: «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сондай – ақ 17 – ші бағыттың 3 – ші тармақшасында «Он - лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» деп көрсетілгендей бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолдануын қажет етеді. Осылайша оқу – тәрбие үрдісіндегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр.

Инновациялық – коммуникативтік технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы мол.

Инновациялық – коммуникативтік технологиялар – мұғалімнің мүмкіндігін жоғарылататын құрал. Осы негізде мен өз сабақтарымда оқушылардың белсенді іс – әрекетін дамытуда компьютердің көмегіне жүгінемін. Компьютердің мүмкіндіктерін психологиялық және дидактикалық тұрғыда керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолдану, ішкі тиімділігіне көңіл бөлу мұғалімнің шеберлігі болып табылады. Компьютердің графикалық мүмкіндігі жаңа сабақты бояулы суреттермен, тірек сызбалармен, кестелермен менгертуге жол ашады. Компьютерді әр түрлі мағлұматтар, қосымша ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана аламын. Сонымен қатар оқушылардың сөйлесу әрекеттерінің

белсенділіктерін арттыруда интербелсенді тақтаның рөлі өте зор. Интербелсенді тақта – мұғалімге оқыту үрдісін оңтайландыруға, оқушының танымдық белсенділігін дамытып, мазмұнды және көрнекі тапсырмалар құруға, сабақты құрылымдауға, сабақ барысы мен қарқынын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа инновациялық технологиялық құрал екеніне көз жеткіземіз.

Жалпы, инновация – дегеніміз жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу. Инновация – жаңа әдістеме мен технология, тәсілдер мен жаңа мән әкелетін құбылыс. Оқытудың инновациялық әдістері – оқу материялын игеру үрдісінде белгілі бір практикалық жаңа іс – әрекетте «мұғалім – оқушы» өзара әрекетінің тәсілдерін сінірген оқыту әдістері.

Қытай даналығына сүйенсек «Ауызша айтылғанды ұнатамын. Көрсетсең, мүмкін, есіме сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» дейді.

Педагогтың мақсаты – әр балаға табыстылық жағдайын туғызу, мүмкіндіктерінің толық ашылуына көмектесу.

Сабақтарымда жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың себептері:

Біріншіден, қазіргі уақыт – жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сай болуы керек.

Екіншіден, жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдейді.

Үшіншіден, инновациялық әдістер – бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сініргенде оқушы жадында здері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады. Өз жұмысымда коммуникативтік технологияны пайдалану – тілде қарым – қатынас тудыру арқылы оқыту болып табылады. Сөйлесу – бұл адамдардың тіл арқылы байланыс жасау үрдісі. Ақпараттық – коммуникативтік біліктілікті қалыптастыруда сөз, сөз тіркесі, сөйлем, бейімделген мәтіннен басқа оқушы мен оқытушы арасында белгілі бір жағдаят немесе тақырыпқа сай іс – әрекеттік білім беру дәрежесіне байланысты болуы керек. Тіл үйретуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Оқушылар тілдің грамматикасын білу арқылы бір-бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Сондықтан сабақ барысында жиі қолданылатын әдістер:

1. Сұрақ – жауап әдісі.

2. Өз ойын айту әдісі.

3. Жағдаят арқылы сөздер, сөз тіркестерін, сөйлем құрау, болған, көрген, естіген оқиға жайлы ойын жеткізу.

4. Аударма әдісі.

5. Диалог әдісі. Бұл әдісті меңгеруде оқушы белгілі бір уақыт ішінде өздігінен ойлануға, түсінуге, ойын еркін жеткізуге мүмкіндік туады.

6. Монолог әдісі оқушылардың өз білім деңгейлеріне сай өз ойларын айтқызуға ұмтылу, үйге берген тапсырманы әңгімелету арқылы жүргізуге болады және мәтінмен жұмыс істеген кезде орындалады.

Диалогтың және монологтың жеке тұлға үшін атқаратын қызметтері бір арнаға тоғысып жатады да, оқушының танымдық қабілетінің, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді.

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылатыны белгілі:

1. Жұптық.
2. Топтық.
3. Ұжымдық.

Жұптық оқыту қалпында тілдік қатынас екі адамның арасында жүреді. Ондағы негізгі мақсат – екі оқушының өзара тілдесуінің ерекшеліктеріне, тілді білу, тақырыпты меңгеру дәрежесіне және т.б. сүйене отырып іске асырылады. Мұнда оқушылар екі – екіден жұпқа бөлініп, әр жұп жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істейді де, олардың сыңарлары бір – бірімен отырады. Жұптық қалыппен тілді үйретудің ерекшелігі: ол диалог арқылы жүзеге асады да, тілдік қарым – қатынастың ауызша түрін дамытуға септігін тигізеді. Бұл қалып бойынша бүкіл тілдік материал диалогтың егізінде меңгеріледі.

Тілдік топтық форма арқылы оқыту арнайы құрылған шағын топтарды қатысымдық әдістің қағидаларына бейімделудің нәтижесінде жүреді. Оқыту кезіндегі топтар сабақтың өтуіне қолайлы шағын 3 – 5 адамнан тұрады және мұғалімнің алдына қойған мақсатына сай құрылады. Оқушыларды топтарға бөліп сабақ өткізу оқушылар арасындағы қарым - қатынасты жақсартады, дұрыс сөйлеуге жағдай жасайды, оқушылардың білімін жетілдіреді, әр түрлі мінез – құлықтағы адамдармен пікір алмасуға үйретеді, топтар арасында оқушы өзінің жеке дара қасиетін көрсетуге мүмкіндік алады.

Ал, үшінші ұжымдық оқыту жұптық және топтық қалыптарды өзара біріктіреді. Өйткені оқыту, сөйлесу үрдісі бүкіл топтағы оқушылардың арасында жүреді.

Аталған технология оқу үрдісінде монологтік, диалогтік, полиглоттық тілдесімге қажетті қарапайым жағдаяттарды туғызады. Мұндай технологиялар арқылы әр түрлі сабақ түрлерін өткізуге болады.

Мұнымен қатар, өз сабақтарымда деңгейлеп оқыту технологиясын қолдануға тырысамын. Бұл технология әрбір оқушының өзінің

танымдық қызмет жасауына негізделген. Деңгейлі оқыту дәстүрлі сынып жүйесіндегі орта қабілеті бар оқушының оқу үрдісіндегі кемшілігін жоюға бағытталып құрылған. Оқушылардың сабаққа ынтасы, сұранымы, қарқыны, темпераментінің және ойлау мен есте сақтау қабілеттерінің әр түрлі деңгейде болатынын ескеріп, оқушыларды аталған көрсеткіштерге сәйкес топтарға (жоғары, орта, төмен) бөлемін.

Деңгейлеп оқытудың артықшылықтары:

- 1) оқушылардың танымдық ынталары қалыптасады;
- 2) оқу материалының мемлекеттік стандарт талабынан кем емес білім, білік деңгейін оқушы өзі таңдайды.

Сабақ барысында қолданылып жүрген тәсілдерге мысал келтірсем: «Мені түсін» Мұнда оқушылар берілген мәтіннің бөлігін оқиды да, түйінді сөздерін дәптерлеріне жазады. Оқушылар кітапты жауып қойып, мәтіндегі негізгі ойды білдіретін 10 шақты сөздерді жазады. Содан кейін парақтар жинап алынып, өзін алдын-ала дайындаған түйінді сөздермен тексеріледі. Сонымен қатар «Эстафета», «Білімдарлар», «Ара ұясы» т.б тәсілдерде қолданылады.

Осындай технологияларды қолдануда әдістеме ұстазға оқыту кезінде талап етілетін нәтижеге қандай жолмен жетуге болатынына шешім ұсынады. Ал технология болса, соңғы нәтижеге кепілдік бере отырып, қалай қол жеткізуге болатындығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған ілімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт – бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Жаңа білім мазмұны оның мақсат міндеттерінің жанаруы, бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Сондықтан бұл жаңалықтың жаршысы болу – кез келген мұғалімнің еңбек етуіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақпараттық технологиялар тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. № 6. – 24 – 25 бб.

2 Кобдикова. Ж.У. Оқыту «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технология нәтижеге бағытталған білім берудің тиімді механизмі – Алматы, 2009ж.

3 Қараев. Ж «Деңгейлеп саралап оқыту».

4 Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».

5 Республикалық ғылыми - әдістемелік журнал «Современное образование в школе, колледже и ВУЗ –е» 2015. №1. – 5- 7 бб.

ПАВЛОДАР ЖЕР–СУ АТАУЛАРЫ АРҚЫЛЫ СӨЗЖАСАМДЫ ОҚЫТУ

МИНАП Г.

Инновациялық үлгідегі гимназиялық сыныптары бар
№39 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Тіліміздегі сөзжасам тәсілдерінің қалыптасқан үш түрі синтетикалық немесе морфологиялық, аналитикалық немесе синтаксистік, лексика-семантикалық немесе мағына өзгерту тәсілі бар екені белгілі. Сөзжасамның өнімді қызметі тіл білімінің лексика саласында, соның ішінде ономастикада анық байқалады [1, 23 б.]. Сондықтан жер-су атауларын зерттеушілер өз ғылыми еңбектерінде сөзжасам бойынша топтастыратын тәсілін бұрыннан қолданып келеді. Осы үш тәсілді оқушыларға тез меңгерту үшін Павлодар өңірі жер-су атауларын пайдалануға болады. Бұл оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады, сонымен қатар ізденуге, өздігінен талдау жасауға және тақырып атауына ғылыми көзқарас қалыптастырады. Себебі оқушы кез келген топонимді ала отырып, оған талдау жасайды, талдау жасай отырып, ол атаудың этимологиясын, семантикасын, сөзжасамдық тәсілін зерттейді.

Топоним мейлі аналитикалық, мейлі синтетикалық жолмен жасалса да, өзіндік (топонимжасамдық) мағынаға ие болуы тиіс. Ол үшін «сөзжасамдық бірліктердің байланысқа түсуінің нәтижесінде солардың мағынасының негізінде жасалған біртұтас лексикалық мағына пайда болуы керек» [2, 212 б.].

Ол сөзжасамдық мағына ең алдымен, туынды мағына. Ол екі себепші негіздің бірігуі не қосарлануы немесе негізгі сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы пайда болған, әрі осы себепші негіз мағына арқылы уәжделетін екіншілік мағына [3, 84 б.].

Демек, топонимжасамға қатысатын әр сыңардың мағынасы, шығу тәркіні анық болса, онда жаңа аталу да анық, айқын болмақ. Мысалы, Қыраш деген ороним құрамындағы қыр «созылып жатқан биік жер, жол» мағынасы мен -аш, -еш, -ш, -ыш, -іш кішірейткіш мән

беретін жұрнақтық мағына қосылып, «шағын, аласа ғана қыр» деген жаңа мағына туған. Мұнда әуелгі мағыналар да, туынды мағыналары да тайға таңба басқандай айқын байқалып тұр.

Белгілі бір аймақтың топонимдерін зерттеуде топонимдік материалдыра ұқсас келетін зерттеулерде қолданылған әдіс-тәсілдерді басшылыққа алу нәтижелі талдауға әкелетіні сөзсіз. Осыған орай, көптеген зерттеушілер тарапынан (В.Н. Попова, О.А. Султаньяев, Т. Жанұзақов) қолдау тапқан лексика-семантикалық классификацияны негізге алсақ, өлкеміздегі топонимдерді екі семантикалық типте қарастыруға болады.

Біріншісі – адамдарың іс-әрекеті, тұрмысы және қоғамдық өміріне қатысты атаулар, екіншісі, жаратылысқа қатысты атаулар.

1) Аймақтағы адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен тұрмысына қатысты топонимдерді бірнеше топқа бөліп жүйелесек:

а) Туыстық, ағайын-жекжаттық т.б. қарым-қатынасты білдіретін атаулар: Байжігіт – бай (с.е.) + жігіт (з.е.), Қонақ, Қызкөл – кыз (з.е.) + көл (з.е.), Балалы – бала (з.е.) + -лы – белгінің барлығын, молдығын білдіретін жұрнақ т.б.

ә) Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты атаулар: Ағашорын – ағаш (з.е.) + орын (з.е.), Жамантүз – жаман (с.е.) + түз (з.е.), Кетпен (з.е.), Сабынды – сабын (з.е.) + -ды – сын есім тудырушы жұрнақ т.б.

б) Құрамында әлеуметтік топ атаулары бар топонимдер: Кедей, Қожа Ахмет, Қожеке – қожа (з.е.) + -еке – сыйлау, құрметтеу мәнді жұрнақ, Молдажан, Мырза т.б.

в) Түске байланысты атаулар (жасалу жолдары сын есім + зат есім): Ақтөбе, Алабота, Қарабұла, Қаратүн, Қызылжар, Қызылқак, Сарыөзек т.б.

г) Құрамында адамдардың дене мүшесін білдіретін атаулары бар топонимдер: Беласар, Тұмсық, Желке, Төрткөз, Қаракөз, Мұрын, Кіндікті, Қарамұрын – қара (с.е.) + мұрын (з.е.) т.б.

д) Сондай-ақ адамдардың жан дүниесіне, мінез-құлқына қатысты сөздер де кездесетін атаулар көптеп кездеседі: Достар – дос (з.е.) + -тар – көптік жалғау, Досжан – дос (з.е.) + жан (з.е.), Жалғыз (с.е.), Жаман (с.е.) т.б.

2) Аймақтағы жаратылысқа қатысты атаулар тобы:

а) Аймаққа тән өсімдіктер бірлестігі өлкенің атаулар дүниесіне өз көрінісін берген. Өсімдік атаулары аймақтағы топонимдер құрамында өнімді қолданылатын және олар мекендегі өсімдіктердің өзіндік ерекшеліктерін сипаттап отырады. Фитонимдердің өздерін

төмендегідей бөлуге болады. Қамыс: Суқамыс – су (з.е.) + қамыс (з.е.) екі сөздің бірігуі арқылы жасалып, «судың қамысы» екенін білдіреді; Шілік (жатағантал): Шілікті – шілік (з.е.) + -ті – бір нәрсенің бар не мол екенін көрсетеді т.б.; Ши: Шілікөл – ши (з.е.) + -лі – белгінің бар екенін, молдығын білдіретін қосымша, Көлши – көл (з.е.) + ши (з.е.) т.б.; Бидай: Бидайық көл, Қарабидайық көл, Ақбидайық қоныс, Қосбидайық қоныс, Елубидайық (санын білдіреді), Тасбидайық қон. (тасқа өскендіктен), т.б.; Ағаш: Ағашүй (з.е.+з.е.), Ағашорын (з.е.+з.е.) е.м. Келесі атаулар с.е. + з.е. жолдарымен жасалған. Құла+ғаш, Қызыл+ағаш қон., Төс+ағаш ойк., Сұлу+ағаш ойк. (сыртқы көрінісіне байланысты) т.б.

ә) Павлодар облысының аумағы жануарлар дүниесінің көптігімен ерекшеленеді. Негізгі кәсібі мен шаруашылығы болып табылатын өлке топонимиясының түзілуіне төрт түлік мал мен соған байланысты таным-түсініктер де себепші болған. Жылқы: Жылқы(з.е.)+бұлақ (з.е.), Жылқытай; Ат: Бурыл (с.е.)+ат (з.е.), Тор(торы, с.е.) + ат (з.е.), Көк (с.е.)+ат (з.е.)+кел (ет.)+ -ген – есімшенің жұрнағы; Бие: Боз(с.е.)+бие (з.е.) қон., Ала(с.е.)+бие(з.е.) қон., Қара(с.е.)+бие(з.е.) қон. т.б.; Жорға: Маң+жорға; Жабағы: Жабағы (з.е.)+ -лы – белгінің бар не молдығын білдіретін жұрнақ, қонысы, Қара (с.е.)+жабағы (з.е.)+ -лы – белгінің бар не молдығын білдіретін қосымша т.б.; Тай: Тай қон., Қара(с.е.)+тай(з.е.) е.м., Ақтай қон. т.б. Түйе: Түйе өзені, Түйе+жарғақ қон., Ақ+түйе+сор көл, Түйе (з.е.)+ -ші – мамандық мәнді жұрнақ т.б.; Бота: Бота(з.е.)+жу(ет.)+ыл – өздік етістің жұрнағы, -ған – есімшенің жұрнағы, екі сөзден біріккен, Ақ+бота, Нар+бота; т.б.; Нар: Нар(з.е.)+шөккен(ет.), Нар(з.е.)+өлген (ет.)қон.; Тайлак: Ақ(с.е.)+тайлак(з.е.) көл, Сары(с.е.)+тайлак(з.е.) қон.; Қой: Қой(з.е.) -ды – табыс септігінің жұрнағы+бақ (ет.)+ -қан – есімшенің жұрнағы, Қой(з.е.)+ -лы – сын есім тудырушы жұрнақ; Ешкі: Қара(с.е.)+серке(з.е.), Ешкі(з.е.)+тал(з.е.), Көк(с.е.)+лақ(з.е.) сөздерінен бірігіп жасалған т.б.

б) Далада тіршілік ететін жан-жануарлар әлеміне байланысты атаулар: Қасқыр: Қасқыр (з.е.) қон., Қасқыр (з.е.)+ ал(ет.)+ -ған – есімшенің жұрнағы т.б.; Қоян: Қоян(з.е.)+ -ды – сын есім тудырушы жұрнақ, бір нәрсенің бар не молдығын білдіретін қосымша арқылы жасалған қон., бұлақ. Қоян(з.е.)+ -ды – сын есім тудырушы жұрнақ арқылы жасалып, тіркескен атау, Кіші Қоян (з.е.)+ -ды – сын есім тудырушы жұрнақ арқылы жасалып, тіркескен қон. т.б.

в) Құс атауларына қатысты қалыптасқан топонимдер: Бүркіт+ті, Бүркіт+ті+сор, Жаңа Қара+құс, Шағала+лы, Үлкен және Кіші Шағала+лы; Үйрекпен байланысты Ұя+лы, Шүрегей т.б.

г) Балық аулау шаруашылығына байланысты, Павлодар өңірінде балыққа қатысты жер-су атаулары кездеседі: Шортан көлі, Шабак+ты көлі, Балық+ты көлі, Балық+бай көлі т.б.

ғ) Жәндіктерге байланысты атаулар да бар: Шыбын+ды, Маса+лы тауы, Масашат е.м., Маса қонысы. Құрт атауымен байланысты атаулар: Құрт+ты өзек өзені, Қара+су құрт+ты өз., Құрт+ты су көлі т.б.

Павлодар өңіріндегі жер-су атауларының синтетикалық тәсілмен жасалған атаулары біршама, жіктелуі қосымшадағы кестеде көрсетілген.

Топонимдердің квантативтік (сандық) құрылымын талдау – құрылымдық талдаудың негізі деп қарастыруға болады. Квантативтік немесе сандық талдауда топонимдер құрамындағы түбір морфемалардың санына қарай топтастырылады. Сондықтан өлкедегі мекен атауларын құрамындағы түбір морфемалардың санына қарай бір компонентті топонимдер және екі компонентті топонимдер деп топтастыруға болады.

Өлкенің жер-су атауларының қалыптасуына бір компонентті атаулар біршама мол кездеседі. Оның өзін таза түбірден және туынды түбірден жасалатын деп екіге бөліп қарастыруға болады.

а) Таза түбірден жасалған топонимдер мен гидронимдер: Әміре, Апан, Арал, Жәдік, Қабан, Кедей, Құм, Қонақ, Көнек, Майдан, Мырза, Такта, Тұмсық, Шөп, Дөң, Түз т.б.

ә) Аффикс туынды түбірден жасалған топонимдер мен гидронимдер.

Аффикстердің ішінде ең өнімдісі – -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті туынды сын есімдер жұрнақтары (белгінің бар екенін не молдығын білдіретін қосымша).

Түркі тілді топонимдер туралы әдебиеттерде бұл жұрнақтар туралы аз айтылған жоқ. Атап айтқанда, В.Н. Попова, О.А. Султаньяев, Т. Жанұзақов т.б. ғалымдар қатыстық сын есім жұрнағы бар топоним бір нәрсенің бар және мол екенін атап көрсеткенін мақұлдады. Бұл жұрнақ көне түркі жазба ескерткіштерінде де осы мәнде кездеседі: Бұқа+лы, Бөрі+лі т.б.

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: жұрнақтарының жалқы есімдерде, оның ішінде жер-су атауларында жиі кездеседі. Айдар+лы, Арқар+лы, Байкүт+ты т.б.; -алы, -әлі (кісі аттарында кездесетін жұрнақтар): Дербісәлі, Есенәлі т.б.; -лық (есептік сан есімнен қатыстық заттық ұғым атауын жасайтын жұрнақ) ең өнімді жұрнақ болғанмен топонимдер мен гидронимдерде көп қолданыла бермейді, тек Ертіс ауданындағы Бірлік бұрынғы ауылдық

мекеннің атауы кездеседі; -тық (дерексіз мәнді зат атауларын жасайтын жұрнақ): Достық – Павлодар ауданындағы елді мекен; -кер/-гер (мамандық, кәсіп мәнді жұрнақ): Талап+кер, Дара+гер, Жұмыс+кер т.б.; -ған/-ген (есімшенің өткен шақтықтық жұрнағы): Маймақ+қон+ған, Өрт+қама+ған, Қалмақ+қыр+ған, Сауырық+кес+кен т.б.;-ші (мамандық, кәсіп мәнді жұрнақ): Түйеші – Баянауыл ауданындағы қоныс, елді мекен: -шыл (адам қасиеттерін білдіретін жұрнақ): Ұйымшыл – Ертіс ауданындағы елді мекен; -ша (кішірейту мәнді жұрнақ): Айдарша – Лебяжі ауданындағы көл; -шік (кішірейту мәнді жұрнақ): Төбешік – Шарбақты ауданындағы қоныс.

Аналитикалық тәсілдің нәтижесіндегі туынды сөздер – күрделі сөздер. Олар аталған тәсілдің ішкі бірнеше жолымен жасала отырып, күрделі бір ұғымды нақтылайтын, бір ғана лексика-грамматикалық мағынадағы сөздер.

Күрделі аталымдардың бір-бірімен тіркесуі, бірігуі, кірігуі, қосарлануы жайдан-жай бола салмайды. Бұл құбылыс белгілі бір лексика-семантикалық жағдайға негізделіп, жүзеге асады. Белгілі бір сөздердің бірін-бірі тауып, үйлесіп тіркесуі олардың белгілі қасиетіне, ішкі мазмұнына байланысты болады.

Күрделі атауларды құрастырушы сыңарлардың бір сыңары тірек, ұйымдастырушы сыңардың тегін, түсін, белгісін, қызметін, сапасын, санын, қасиетін, мекенін, ортасын, неге қатысты екендігін, пішінін т.б. ерекшеліктері мен қасиеттерін айқындап тұрады [4, 84 б.].

Қазақ тілінің көрнекті ғалымы Қ.Жұбанов күрделі сөздерді екі түбірдің қосылуы (бірігуі) және қосарлануы арқылы жасалатынын айта кетіп, оларға мынадай анықтама береді: «Бірнеше сөздер қосылып, бір екпінге – ең соңғысының екпініне бағынып, кейде бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан бәрі жиналып, бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса, осыны кіріккен дейміз» [5, 65 б.].

Енді осы қасиеттердің топонимиядағы көрінісіне тоқталсақ. Жер-су атауларының аналитикалық тәсілі арқылы жасалуында сөздерді біріктіру тәсілі негізгі тәсілдерің бірі болып табылады.

Біріккен сөздер – әуелдегі еркін сөз тіркесінің, сонан соң тіркесті сөздердің соңғы даму сатысы, тіркесті сөздердің тұтасқан мағыналық және жалпы грамматикалық қызметтерінің бірлігі [6, 152 б.].

Өлкенің жер-су атауларының қалыптасуына сөздердің бірігуі арқылы жасалған екі компонентті топтар өте үлкен қызмет атқарады.

Екі компонентті топонимдер де (жоғарыда бір компонентті аталып өтті) ешбір жұрнақсыз таза екі түбірдің бірігуінен жасалған, тіркесу арқылы жасалған, қосарлану арқылы жасалған және аффикстер арқылы жасалған екі компонентті топонимдер деп бөліп қарастыруға болады.

Олар көбінесе төмендегідей үлгіде жасалады:

Зат есім + зат есімнің бірігуі арқылы жасалған жер-су аттары: Найза+қамыс, Найза+тас, Ағаш+орын, Кіндік+көл, Мырза+көл т.б.

Сын есім + зат есімнің бірігуі арқылы жасалған жер-су аттары: Ақ+түйе, Ала+тұмсық, Бай+жігіт, Жаман+түз, Жаңа+дәуір т.б.

Сан есім + зат есімнің бірігуі арқылы жасалған жер-су аттары: Үш+сай, Төрт+үй, Төрт+құдық, Төрт+сай, Төрт+сақау, т.б.

Зат есім + етістіктің бірігуі арқылы жасалған жер-су аттары (бірлі-жарым ғана кездеседі): Тай+күйген, Тай+сойған, Тас+қалаған, Тау+басар, Теке+қойған, Той+қылған, Төре+қонған, Қоян+қашты, Ат+сойған, Жау+ғашты, Шелек+қалған т.б.

Жер-су атауларын жасауда аналитикалық тәсіл топонимжасамның ең өнімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Күрделі атаулардың құрамы бірнеше ұғымдардың мағынасынан тұратыны, түрлі ұғымның тоғысуынан жүзеге асатынын көрсетеді, солардың ішінде заттың күрделі атауларының көпшілігінің бірінші сыңарлары сын, сан есімдерінен жасалады, бұл әсіресе топонимияда жиі қолданылатын өнімді тәсілдерінің бірі болып табылады.

Өңірдегі жер-су атауларын көбінесе күрделі атаулар, көбіне екі сөздің бірігуі арқылы жасалған. Қосарланған және тіркескен жер-су атаулары біраз ғана кездеседі. Сонымен қатар жұрнақ жалғану арқылы жасалған топонимдер де көптеп кездестірдік. Оқушыларға сөзжасамдық тәсілдерді меңгерту барысында, жер-су атауларын қолдана отырып оқыту тиімдірек болады. Оқушылар әрі өңіріміздің атауларымен таныс болады, әрі лингвистикалық тұрғыда осы атауларды зерттей алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989.–368 б.

2 Қазақ грамматикасы: Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: «Астана полиграфия», 2002. – 784 б.

3 Салқынбай А.Б. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.

4 Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме. Оқу құралы. – Алматы, 2003. – 167 б.

5 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966. – 180 б.

6 Шакаман Ы.Б. Күрделі сөздердің сөзжасамдық негізі. // Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №5 (77). 2004.

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

МУСИНА Ш. К.

бастауыш сынып мұғалімі, Бұланбай негізгі білім беру мектебі,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап шығарма жазған бірінші қазақ жазушы. Қазақ елін қранғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы. Жастарға өмірлік оқудың есігін айқара ашып, болашағын меңзеген өнер білімнің жалынды жаршысы. Бұқарашыл көзқарастағы оқу жүйесін негіздеуші. Жаңалық пен жақсылыққа бастаған ізгі ниетті азамат. Ұлы жазушымыз М. Әуезов: «Ірі ағартушы, озық саналы әлеумет қайраткері, өнерлі ақынның артында қалдырған ізіне, қадірлі жолына қарап отырсақ, заманына бақсақ көңілге үлкен үлкен алғысқа толы ойлар келеді. Сонда өз өмірінің, еңбегінің барлық қиыпсыз қиын шалғайлықтарының бәрін елеместен, жасымастан батыл басып, ұдайы ұзап бара жатқан шын зор қайратты танысың. Мұндай іс пен тұрақты айнымас мінез тек қана халықшыл, азаматтық санасы айқын жаннан шығады. Ыбырайда сол күш терең, әрі мол еді. Ол сананың үлкен оты мұның ізгі жүрегінде мол уақыт берік орнаған» десе, М.И. Фетисов өзінің зерттеулерінде Ыбырайдың публицист жазушы болғанын әбден дәлелдейді. Бұны зерттеуші оның тек мақалалары арқылы емес, соған қоса, жазушының хрестоматиясының да публицистік мәні бар шығарма болғанын анықтау арқылы танытады [1.278 б].

Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» деп тұжырымдаған. Өйткені хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін,

сондай – ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз Ыбырайды ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз.

Ол өз замандастары арасында ғалым-этнограф, көсемсөзші әрі ақын ретінде де кеңінен танылды. Ол Орыс географиялық қоғамы Орынбордағы бөлімінің толық мүшесі болды. Географиялық қоғамның тапсырмалары бойынша баяндамалар жасап жүрді, қазақ халқының этнографиясы бойынша мақалалар жариялады. Атап айтқанда, Кіші жүз қазақтарының адамды жерлеу, ас беру, құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрі, ежелгі әдет-ғұрып заңдары туралы зерттеу мақалалары жарық көрді. Ол өзінің жұмыстан қолы босаған кездерінің бәрін де ауыл арасында өткізді, туған халқының тарихы, фольклоры, шежіресі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы материалдар жинастырды. Өзінің көзі тірісінде бірқатар ғылыми мақалалары журналдар мен газеттерде жарияланды. Ол нағашы атасы, Торғай өңіріне белгілі Балқожа бидің тәрбиесінде өседі.

Үміт еткен көзімнің нұры балам,

Жаныңа жәрдем берсін хақ тағалам.

Атаң мұнда анаңмен есен – аман

Сүйініп сәлем жазды бүгін саған... деп он жасар немересі Ыбырайға хат жолдаушы сол атасы еді. Ол қазақ жастарын оқыту халықты сауатандыру саласында балаларға жазба әдебиетінің негізінде зор педагог.

Ы. Алтынсарин тұңғыш ағартушы – педагог болуымен бірге, баларға арнап көлемі шағын, мазмұны мөнді ондаған өлеңдері мен әңгімелерін қалдырған жазушы. Ол өзінің Қазақ балалар «Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулығын «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңімен ашып, онда жастарды оқуға, талаптанып талпынуға, білім алуға шақырады.

Оқысандар, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан

Іздемей -ақ табылар.

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза

қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін камтиды. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» «Қара батыр», «Байұлы», «Жиренше шешен», «Тазша бала» туралы ертегі, «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Әке мен бала» сияқты тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді. Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағындырылған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп, оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті. Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты.

Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш, Бай баласы мен жарлы баласы, Қыпшақ Сейтқұл, т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы Асыл шөп, Бақша ағаштары, Таза бұлақ т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді. Әңгіме – оқиғаны баяндауға негізделген қара сөзбен жазылған көркем шығарма. Әңгімеде бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар

әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз.

Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тындап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі.

«Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркі» атты еңбегінде үйлену тойларына байланысты толып жатқан әдет-ғұрыптарды тәптіштей суреттеді. Ы. Алтынсариннің әдеби мұрасы да едәуір елеулі. Ол И.А. Крыловтың мысалдарын, Л.Н. Толстойдың әңгімелерін орыс тілінен қазақ тіліне аударумен қатар өзі де қысқа әдемі әңгімелер жазды. Ы. Алтынсариннің қаламынан туған аудармалар, өлеңдер, әңгімелер, мысалдар, этнографиялық очерктер мен ертегілер оқырман жүрегіне жол тапты.

Ыбырай Алтынсарин тамаша ақын да еді. Оның «Азған елдің билері», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!», «Ана» атты өлеңдерінің адамгершілік-ғибраттық сипаты басым. Ы. Алтынсариннің шығармаларында қазақтардың өмірі шыншылдықпен бейнеленді. Оларда білімге, ғылымға деген құлшыныстың қажеттігі кеңінен насихатталды. Жастарды оқу-білімге шақыра отырып, ол өзге халықтардың мәдени өмірін, олардың ғылымда қол жеткізген табыстарын үлгі-өнеге ретінде мысалға келтірді.

Ақынның адамгершілік хақындағы кейбір пікірлері өзіне дейінгі қазақ ақындарының ақылгөйлік дәстүрін жалғастырып, орыстың ұлы гуманисті Л. Н. Толстой пікірлерімен ұштасады. Ыбырай да, Толстой сияқты, достыққы, адамгершілікке, тату тәтті өмірге үндейді.

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігітте, бір біріңе қарасыңыз!
Өмір деген бес күндік, кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз!

Дәулеттілер кемтар, кедейлерге көмектесіп, жақсылық жолын жа ізгі іс қылса, қатарға тез қосылар еді, зұлымдық тез жойылар еді деген жалған сенім гуманист біраз еліктіреді. Осыдан келіп оның кейде бар, бай адамдардың ақылға келтіруге болмас па еді деген жалған үміттің алдауынан шыға алмай қалған шақтары да кездеседі.

Қорлама кем адамды болсаң дана,
Көріпті құдай сүйсе не еді шара?!

Ренжітпе пенде болсаң бейшараны,
Көріп көңілі бір сынық пиялады.

Ақынның «Араз бол кедей болсаң ұлықпенен» деген өлеңінің мәні де терең. Мұнда ол еңбек салтанаты мен адалдықты, шындықты жырлайды, халқын берекесіз, жұғымсыз істен аулақ болып, игілікті еңбегімен, өз күшімен күн көруге, шындық үшін жан беруге, адал өмір сүруге шақырады. Ақын бұл өлеңінде әлеуметтік теңсіздікті жоюдың жолын көрсете алмаса да, еңбекке негізделген парасатты өмір үстемдігін аңсайды.

Араз бол кедей болсаң ұлықпенен
Кете бар кесе басың шындықпенен.
Қорек тап бейнеттен де, тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен!

Дүниедегі адам көзі бақ пен дәулетке тоймайды. Сондықтан адамға қайыр, рақым керек. Онсыз ол адам атағынан айырылады дейді Ыбырай.

Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,
Қартаймақ, қиын сауда тағыңызда.
Іске аспай бақ, дәулеттің қалуы оңай
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.

Ақын «Әй, достарым!» деген өлеңінде «Қолыңнан келсе қыл қайыр!» деп, қайырымды, кең пейіл, адал азамат болуға шақырады.

Адам өмірін еміреңе жырлаған ақын табиғатты ескермей кетуге тиіс емес еді. Себебі, адам өмірі табиғат құшағынан тыс болмақ емес. Ол табиғатты адам өміріне байланыстыра жырлаған Байрон, Пушкин, Лермонтов сияқты ақындарды үлгі тұтты. Сөйтіп ол әрі мәнді, әрі сұлу суретті табиғат лирикасын жасады. Ыбырай «Жаз» деген өлеңінде жерді көк майса шалғын басып, дүние гүл жайнап, оның хош иісі адамды рақатқа бөлеп жатқан ең бір әсем кезеңнің тамаша суретін жасайды.

Сәуірде алуан алуан жауар нөсер,
Нөсердің қуатымен жер шөбі өсер.
Көкорай дүние жүзі шалғын болып,
Мал, айуан, адамзат бауырын төсер.
Жан -жөндік рақат тауып тұру үшін
Ұшпақтан хош иісті желдер есер.

Жазғы жақсы шақты халықтың көңілді күй жайымен,
жастардың махаббатымен ұштастыра жырлайды.

Күлісісіп, құшақтасып әзіл етер,
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған

Адамзат сайран етер көңілі жай
Секіріп ойын салар құлын мен тай
Кеш болса күн қонады таудан асып,
Шапаққа қызыл алтын арай шашып,
Аһ ұрып шүкірлікпен құшақтасар
Рақатпен кеш уақытында неше ашық,
Боз үйден таң алдында күйеу шықса,
Артыңнан қарар жары жүзін басып.

Ақынның «Өзені» де табиғат суретін тамаша бейнелейді. Суға толы өзеннің ағысы өмір сырын бейнелеп, тынымсыз ағып, адам, жан- жануар біткенге өмір нәрін ұсынады.

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпты,
Аралап тау мен тасты арқыраған,
Көңілің суын ішсең ашылады,
Дөңде бар дертінді қашырады,
Өксіген оттай жанып жауарлар,
Өзеннен рақат тауып басылады.

Ақынның бұл өлеңдері реалистік суреттерімен ерекшеленетін, әдебиетімізге қосылған зор үлес. Ақын өлеңдерінің көпшілігі - тәлім - тәрбие мақсатын көздеген, дидактика сарыны басым шығармалар. Сондықтан олардың көпшілігіне публицистика стилі тән деуге болады. Ыбырай өлеңдерінің тілі қарапайым, жатық та тартымды, мақал- мәтелдерге де толы. Ақын айтайын деген ойын оқушысының көңіліне құйып, қолына нық ұстатқандай әсер қалдырады.

Ыбырай халықтық мақал, мәтел, нақыл сөздерді, аңыз - әңгімелерді шебер пайдаланады. Өмір шындығын халықтық стильде жазды. Ыбырай жалаң үгіттің ақыны емес, ол өз кезінің ең әсерлі, ықпалды жанашыл жазушысы. Оқушы жастардан бастап, бүкіл халыққа пайдалы ең жақсы әдет - салттарды, өмірге тиімді кәсіп түрлерін, озық оқу- білім, адамгершілік қасиеттерді, дәуір ұсынған ең келелі де керекті жаңа тілектерді айта білді.

«Жақсы әдетті балалардың бойына сіңіруде жанды мысалдан артық әсерлі күш жоқ» деген К.Д.Ушинский пікірін жазушы жан - тәнімен қостады[1,305б]. Ыбырай шашқан тәлім тәрбие ұрығы зая кеткен жоқ. Ыбырай мектебі кейін қазақ ішінде білім ошағының жүздеген жана орындарына негіз болды. Ыбырайдың еңбек, ғылым, өнер жолында аңсаған арманы ең сенімді қолдаушыларын тауып, еңбек үстемдік еткен қоғамда мүлтіксіз жүзеге асырылады. Ыбырай

Алтынсарин - нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кеменгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Х. Сүйіншәлиев XIX ғасыр әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1992ж.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

МУХАМЕТЖАНОВА Л. Ж.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,

№ 25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси- экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық-психологияға негізделуін және ақпараттық құралдарын кеңінен қолданылуын қажет етеді.

Сондықтан ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.

Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу – XXI ғасырдың басты талабы.

Осы талапты жүзеге асыру мақсатында, өзін еңбек етіп жүрген білім ордасындағы шәкірттеріме қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен сабақ беру үрдісінде қолданысқа енгізе отырып, өз іс-тәжірибемді жетілдіру үстіндемін. Осы көзқарасымға түрткі болған Елбасымыздың: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа

білім беру өте қажет» деген қағидасы еді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарауында көрсетілгендей «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінгені де менің ізденісіме, жауапкершілігіме жол сілтеді дей аламын.

Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Осы ойлы сөздің дәлелін өзім сабақ беретін сыныптарымда тәжірибе ретінде білім сапасы төмен топтарыма ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін баса пайдалануды қолға алдым. Осыдан кейін менің үздіксіз ізденуім барған сайын жалғаса түсті. Сабақ үстінде оқушының бар ақыл ойы жаңа білім игеруге бағытталып, қызығушылықтың артқандығы байқалды.

Алайда психологтер В. Давыдов пен В. Рубцов «Жаңа ақпараттық технология адамның жас ерекшелігінің даму аспектісін ескере отырып, компьютерлік оқыту бағдарламасының әртүрлі формалық мазмұнында адамның жас ерекшелігіне сәйкес келуі керек» деген қағидасын да естен шығармай, компьютерлік технологияларды қолдануда оқушының жас ерекшеліктеріне қарай жұмыс жүргізуді қолға алдым.

Ақпараттық білімді игертуде: таным, қабылдау кезінде бейнелерді құру, ең алдымен, бейнелі ес, көрнекі-бейнелі ойлау, шығармашылық ойлау елесі, егжей-тегжейлі көріністер қабылдау, сөздік-логикалық ойлау, сөздік ойлау, ес, сезім қатынастары қамтылды. Бұл жүйелі жетістік электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуде, оқу барысында компьютерді пайдалануда, модельдеуде, электрондық оқулықтарды қолдануда, интербелсенді тақтамен жұмыс жүргізуде, интернет жүйесіне кіруде жүзеге асырылды. Осы негізде оқушылар тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттіліктерін тудырды.

Осы мәселелердің жүзеге асу жолдарына себепкер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әрқайсысының өзіндік оқушыға беретін ықпалына тоқтала кетейін.

Электрондық оқулықпен жұмыс істеу барысында оқушы материалды толық меңгереді, теориялық және эмпирикалық ойлауы

біркелкі дамиды, білім-білік дағдысы, қызығушылығы, танымдық белсенділігі артады, ал мұғалім оқушылардың зейінін өзіне тарту жетістігіне ие болады. Оларды ойландыра, толғандыра отырып зейінін оқу үрдісіне тарту әрекеттері – мұғалімнің тиімді құралы болып табылады. Бұл – оқушылардың танымдық қызметін белсендіру амалы болмақ. Өйткені, адам бізді қоршаған ортада өзіне керекті нәрсені алады, олай болса, білім беруде мәнді де мағыналы нәрсені оқушыларға қызықты түрде ұсыну да компьютердің еншісінде екені де ақиқат.

Білімді игеру дегеніміз – оны ұғу, есте сақтау, қолдана білу. Білімді игеру – бұл алғашқы оқу материалын меңгеретін, білімді бекітетін, бақылау және оқу жұмыстарының нәтижесін бағалайтын, сондай-ақ, дидактикалық міндеттерді шешетін күрделі жүйе. Мұғалімнің негізгі проблемасы – осы дидактикалық міндеттерді шешу болса, ол да компьютерді игеру арқылы жүзеге асады.

Мектеп оқушыларының жеке-дара ерекшеліктерін есепке алу негізінде білімді бақылау мен тексеруді ұйымдастыруда компьютерді екі формада қолдануға болады.

Материалды меңгеруді талап ететін деңгейі мен теориялық ойлаудың қалыптастыру сатысына жеткеннен кейін білім алушының материалды меңгеру деңгейін есепке алу негізінде компьютер көмегімен тексеру жұмыстарының нұсқалары қалыптасады. Оқушылардың жұмысын тексеру және оқытылатын мәселені меңгерудің соңғы деңгейін анықтау мұғалімге жүктеледі.

Нұсқаларды қалыптастырумен қатар компьютер жұмыстарды тексеруді де жүзеге асырады. Мұның екі нұсқасы болуы мүмкін. Бірінші жағдайда тапсырмалардың дұрыс орындалуы тексеріледі және оқушыға нәтижесіне байланыссыз келесі жоспарланған тапсырмалар ұсынылады. Жұмыс соңында жіберілген қателерге талдама жасалады.

Ал, электрондық оқулық – дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол оқушыға өз жолымен көрнекті материалды қарап шығуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықпен жұмыс жүргізгенімде төмендегідей тиімділіктері байқалды: жедел кері байланыс, анықтамалық ақпаратты тез іздеу мүмкіндігі, демонстрациялық мысалдар мен модульдер, бақылау (тренажер, тестілеу, өз білімін бақылау). Ал, өзім пән мұғалімі ретінде мынандай ізденістер мен жетістіктерге мүмкіндік алдым: оқу материалдары туралы оқушыларға дәл және толық ақпарат беру арқылы оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік алдым, оқытудың көрнекілігін арттырып, оқу материалын саналы игеруіне ықпал еттім, уақытты ұтып, оқушының есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге, оқу материалының сапалылығын арттыруға

қол жеткіздім, оқушылармен пікір алмасуға, білімді жеңіл игертуге, өз еңбегімді жеңілдетуге жол тапқанымды байқадым.

Әр оқытушы интербелсенді тақтамен жұмыс жүргізуді толығымен меңгеруі қажет. Интербелсенді тақта – сыныптағы оқушылардың барлығын оқыту үшін мүмкіндік туғызатын басты құрал. Мұғалімдерге де жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көрнекі құрал деп тануға болады. Мен өз сабақтарымда интербелсенді тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндігін аңғардым. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда да маңызы зор болды. Бұл тақта арқылы оқушы және оқытушы жаңа ақпараттарды жеңіл түрлендіреді, жаңа нысандарды жасауға және жылжыту тиімділігіне жетіседі. Сөйтіп, интербелсенді тақтаны жүйелі, тиімді пайдалану оқу сапасының артуына ықпалын тигізеді. Кейбір идеяларды түсіну үшін қойылған дұрыс сұрақтар дискуссияны өрбітіп, оқушылардың материалдарды жақсы түсінулеріне жетелейді.

Сабақ беру барысында компьютерлік желілер технологияларын қолдана отырып, бұл материалдарды түсіндіру кезінде оқушылардың компьютердің негізгі құрамымен бірге интернеттен ақпарат іздеуді меңгеру машықтығы көрінеді. Интернеттен кез келген аудиовизуалды ақпарат алуға және оны оңайлықпен қолдануға, сонымен қатар мұғалім мен оқушының арасында ақпаратты қарым-қатынас орнатуға кең мүмкіндік береді. Тағы бір айта кететін нәрсе қолданушының ақпаратты алу мүмкіндіктеріне шек жоқ, яғни ол кез келген көлемдегі ақпаратты қабылдап, жан-жақты қолдана алады. Сонымен бірге қолданушы желі қорларын түрлі бағыттарда қолдануға мүмкіндік алады, яғни кез келген салада қызықтыратын тақырыпты, не болмаса бөлімді тереңірек зерттеуге мүмкіндігі болады.

Қорыта айтсақ, ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде оқушы мынадай жетістіктерге қол жеткізеді:

Түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді, дамытады;

Өз бетінше деңгейлік тапсырмаларды орындайды;

Тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;

Пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;

Ойлау, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;

Түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;

Түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап, өзінің алған білімін тексереді.

THE SEMANTIC ASPECT OF THE NUMERALS ÜÇ, BÄŞ IN OLD TURKIC PLACE NAMES

NAKHANOVA L. A.

ph.D., senior lecturer, L. N. Gumilyov ENU, Astana

This paper is based on study focused on cognitive peculiarities of numbers consisted in the structure of place names of Old Turkic period. Place names are considered as a language of the earth. But in contrast to lingua units they are the language of the earth. As any language toponymy of definite territory partially discovers the picture of the world of those people who used the names to nominate geographical objects. Since ancient time numerals plays a great role in people's life. Numerals reflect specific character of peoples' representation towards their environment. Numerals in the structure of place names present the great interest in historic and semantic (linguistic) aspect. Semantic analysis of numerals as the component of toponyms allows revealing symbolic meaning, specific content, and different conceptual features of the numerals.

The numerals denoting singular forms are the oldest lexical fund. As well as signs the numbers in addition to its primary 'count' function have symbolic, ritual significance. There is more in that the ancient Turks used numerals as one of the components in the structure of place names. Furthermore they indicate the amount of objects as well as reflect the mental, ethnic and cultural characteristics of representation of ancient Turks.

For example, the texts of Orkhon-Yenisei written runic monuments show that the number four in the word combination *tört buluq* 'four corners' presents as the cultural universal, which is not used in its direct sense ('count' function), but applies to spatial and temporal sphere. The interesting fact is in the base of the numeral *tört* 'four'. The numeral *tört* 'four' comes from the lexeme, denoting definite animal. It is evidenced by the ancient archetype **teve-t* (Chuvash *tevat*). This archetype isolates the root **teve*, which means 'camel' in contemporary Turkic languages. In this way *tört* is derivative word from the root **teve* [1, p.167].

In the texts of Orkhon-Yenisei written runic monuments there are also fixed the place names, which contain the other numeral components in the structure.

They are *Üç Birkü¹, Bäs İl², Bäsbañıq³, Altı Çub Soğdaq⁴, Jäti Bäs⁵, Toquz Ärsin⁶, Toquz Oydadam Jır⁷* with numeral components as *üç, bäs, jäti, toquz*.

The place name *Üç Birkü* consists of component *üç*, which has a set of semantically connected meanings:

1. 'three' in all Turkic languages;
2. 'five' in Kyrgyz language (this meaning is used by Kyrgyz children in the game "Ordo");
3. 'thrice, three times' in Chuvash language;
4. 'blood kin (relative) in a descending line (i.e. relative, cousins and second cousin relatives)' in Chagatai language в чар. [2, p. 641-642; 3, p. 621].

Initially Turks had a ternary system of counting process. It is evidenced by a set of folklore materials. The lexeme *üç* in the meaning of 'three' could exist from the general Turkic word *uç* 'the end, the top, the peak' [2, p.603] or *u:ç* 'handful' [1, p. 166]. It is clear that the meaning 'the end' is semantically connected with the fact that in comparison with others fingers the middle finger is more protrusive. Russian *три (tri)*, Latin *tres*, Latvian *tryč*, Deutch *drei* also goes back to Indo-European *(s)troi-* in the meaning 'to rise, to spread'. Diphthong character of it is evidenced by historical phonetics data of Indo-European languages. The numeral *üç* is also used in the meaning of indefinite big or indefinite few amount of something. This fact is expressed in Kazakh phrase units such as *үш күндік пәни (üç kunduk pәni)* 'short life and etc. Moreover, the numeral *üç* in capacity of mythological universal is characterizes as the symbol of perfectness, harmony, finality. Toponymical material allows saying that the numeral *üç* goes in the place name *Üç Birkü* as the symbol of quantity.

The numeral *bäs* is met in the structure of place names such as *Bäs İl, Bäsbañıq*. The archetype of Bashkir, Tatar *biş*, Turkmen *beş*, Yakut *bies*, Azeri, Gagauz, Karachai-Balkar, Kumyk, Turkish *beş*, Altay, Tuvinian, Tofalarian *peş*, Kazakh, Karakalpak *bes* in the meaning of 'five' was reconstructed by

¹ Ramstedt G.J. Zwei uigurische Runeninschriften in der Nord-Mongolei. - JSFOu. - T.30. - 1913. P. 45-46.

² Kormushin I.V. Tyurkskie eniseyskie epitafii: grammatika, tekstologiya. - M., 2008. - P. 237.

³ Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoy pismennosti Mongolii i Kirgizii. - M.-L., 1959. - P. 38.

⁴ Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoy pismennosti. - M.-L., 1951. - P.40.

⁵ Ramstedt G.J. Zwei uigurische Runeninschriften in der Nord-Mongolei. - JSFOu. - T.30. - 1913. - P. 35-36.

⁶ Aydin E. Eski Turk Yer Adlari. - Konya, 2012. - S.97

⁷ S.E. Malov. Eniseyskaya pismennost tyurkov. Teksty i perevodiy. // M.-L.: 1952. - P.100.

E.V. Sevortyan as *bäš* and A.M. Sherbak – as *bä:š*. G. Ramstedt general Turkic *beš* ‘five’ etymologically ties with Chuvash *piläk–pilläk* ‘bangle’ and combines Turkic *beš–biš* with Kalmikian *bil*, which hypothetically denoting ‘elbow’, ‘bangle’ or ‘hand’ as well as Turkic *el* ‘hand’ combines with *ellig* ‘fifty’ [4, p.126]. L.S. Letvitskaya sees some difficulties in phonetic order of *l–š* alternation in such comparison [5, p.]. The connection of general Turkic *bäš* and *biläk* is proven by the fact that this alternation met in many examples: Turkic *jil* ‘year’ – *jaš* ‘year (of the life), age’, Old Turkic *tel-* ‘drill, punch, make a hole’ – Bashkir, Tatar тиш (*tiš*), Turkmen диш (*diš*) ‘tooth’; Bashkir, Tatar қалақ (*qalaq*) ‘teaspoon’ – қашық (*qašiq*) ‘tablespoon’ and etc. the lexeme *bäš* in its direct meaning defines as ‘five’ in all Turkic languages. It comes from the words with the meaning ‘hand’, for example Kyrgyz, Kumyk *bilek* ‘forearm, bangle, the запястье, hand’ [1, p.98]. In comparison with other numerals the numeral *bäš* has less expressed sacral connotation. However, in some phrases has cultural and religious interpretation: *beš azün* ‘the five worlds’, *beš qutlar* ‘the five elements of being (existence) (the fire, the earth, the water and etc.)’, *beš jukmak* ‘the five level of being (existence)’ and etc. Sometimes *bäš* is used in the meaning of ‘unnecessary’ toward unique, because the unique for many people consisted of four elements. It was expressed in such phrase units as Kazakh бес аспап (*bes aspap*) ‘possessed by something more than enough’ or бес биенің сабасындай (*bes biyenin sabasindai*) ‘too fat, too big’ and etc. in the usage the numeral *bäš* realize only quantative meaning. Hence, in the toponyms *Bäš İl*, *Bäšbaliq* the component *bäš* definitely denotes the meaning of the number ‘five’ and means the place, which consisted of five towns or cities. However *Bäšbaliq* was considered by Makhmud Kashgari as one of the five cities, towns, villages, which were founded and built by Alexander Macedonian in his time [6, p.131].

Thus, our toponymic material shows that in the formation of ancient Turkic toponyms ancient Turks actively used numerals. However, it is obvious that the place names numerically abundant component. Note that most of them relate to the members of the collective designations, names of tribal associations, villages, rivers, streets and etc.

REFERENCES

- 1 Tenishev E.R. *Sravnitelno-istoricheskaya grammatika tyurkskih yazyikov. Morfologiya*. – M.: Nauka, 1976. – 541 p.
- 2 Sevortyan E.V. *Etimologicheskij slovar tyurkskih yazyikov: Obschetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na glasnyie*. – M.: Nauka, 1974. – 768 p.
- 3 *Drevnetyurkskiy slovar/ redkoll. Nadelyaev V.M.* – L.: Nauka, 1969. – 677 p.

4 Sevortyan E.V. *Etimologicheskij slovar tyurkskih yazyikov: Obschetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na bukvu «B»*. – M.: Nauka, 1978. – 349 p.

5 Levitskaya L.S., Musaev K.M. *Eravand Vladimirovich Sevortyan i tyurkskaya istoricheskaya leksikologiya// V kn.: Teoriya i praktika etimologicheskikh issledovaniy*. – M., Nauka, 1985. – P.93-101.

6 Mahmud al-Kashgari. *Divan Lugat at-Turk/ perez. Z.-A.M. Auezovoy*. – Almaty: Dayk-Press, 2005. – 1288 p.

М. МАҒАУИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ БЕЙНЕЛЕУДЕГІ АВТОРЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ӨЗІНДІК МӘНЕРІ

НҰҒЫМАРОВ Р. Қ.

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Жазушы шығармашылығы – оның тіршілікте көріп, көңіліне түйгендерінің қорытындысы, жиынтығы. Ол шығарманың идеясынан, өмір материалдарын сұрыптап алуынан, көркемдік тәсілдерінен, стильдік қолтаңбасынан айқын көрінеді. Сол себепті де көркем шындықтың әлеуметтік, бейнелілік сыр-сипаттарын аша түсуде оны жазған суреткердің өмір соқпақтарын, тәжірибелерін жан-жақты зерттеудің маңызы зор.

М. Мағауиннің өскен, өнген ортасы – қаймағы бұзылмаған қазақы ғұрыпты барынша сақтаған халықтық орта. Әңгімелерінің оқырманына, қалың қазаққа жақын, етене болуының бір ұштығы осында. Қаламгердің бүкіл әңгімелерінің күретамыры – туған жерге, елге, табиғатқа деген ұлы сезім десек өте орынды. Ұлтын сүю, дәстүрін құрметтеу туған ошақтан басталады десек, ендеше елге деген сүйіспеншілік оның қазаққа деген ұлы махаббатына айналады. Адамгершілік, ізгілік сынды қастерлі қасиеттер отбасынан, туған жерден, дүниеге келген елден қуат алады. Ш. Мұртазаның үлкен идеялық жүк көтерер бейнелері – туған жермен бірге көктеп, көгерген, қиындығына қайыспай, қуанышына тасымай, рухын қайрай білген аяулы адамдар галереясы. М. Мағауиннің әңгімелерінде қазақы өмірдің бітім-болмысының терең қатпарларын, сан қырын, түп-түбірден ашып, өткен ұрпақ пен қазіргі буынның типтік ортасын құрайды. Суреткердің жеке өзіне тән әңгіме жазудағы атап айтарлық бір қасиеті – бірқалыпты ұстамды мінезден айнымай, қай кейіпкеріне болсын, ішкі жақындықпен қалам тарта отырып, кейбір

сұрықсыздарының өзіне жаны ашып, жүрегі ауыра, кейде шаттана юмормен түйреп отыруы да жақсы үлгі.

«Сүркөжек аттың соңғы шабысы» әңгімесінде қазақтың ат жаратудағы ерекшелігі, жануарлар әлеміне деген көзқарасы тарапындағы өзіндік ұғымы кеңінен жеткізілген. Атбегі Жәкеңнің өзінің көрі тұлпарына деген мейірім тантуы атам заманғы қазақтың мінезіне сай әдет еді.

«Қазақтың ат жаратуы – бізбен туыстас моңғол мен қырғызда ғана сақталған, басқа ешбір жұртта қалыптаспаған, әлемде үйлесі де, тендесі де жоқ өзгеше өнер. Ұлттың рухын, мәдениеті мен парасатын айғақтайтын озық өнер. Қазақтағы ат жарату тәсілдерінің өзі, түпкі негізі ортақ, ақырғы нәтижесі бірдей саналғанымен, сан салалы. Жәкең де бабалардан жеткен мың жылдық үлгі бойынша, қолына қалаусыз келген Аймаңдай аттың терін алып, суытып, бауырын тартып, белін босатып... тиесілі бабына ыңғайлай бастайды. Сол кезде... сол кезде Жәкеңнің құлынды бие, тай, құнанымен бірге, бейбіт жайылып жүрген Сүркөжек атқа өзгеше мінез пайда болды дейді. Бір-екі күн елеңдеп жүрген екен, үшінші күні, Аймаңдайдың белін жазып, Жәкеңнің өзі мініп, жүгірткенде, Сүркөжек анадай жердегі үйірдеен бөлініп келіп, қатарласа шауыпты. Жәкең ат басын тартпаса да, қайта-қайта алға озып, ойқастай беріпті. Кешіне, кермеде суыған Аймаңдайды көруге шықса, Сүркөжек те сол жерде тұр екен. Осы жағдай ертеңіне тағы қайталаанады. Келесі күні Жәкең тұлпарының суды шақтап ішіп, азғана оттағанын іші босап, өзінен-өзі жарауға бет алғанын аңдайды. Қарт атбегі көзіне жас алыпты» [2, 317 б.]. Бағзы заманнан бері табиғатпен тұтастығын, жарастығын сақтауға ұмтылған, ер қанаты – ат деп, жылқы баласын айрықша құрметтеген қазақ қауымында, қазақы ортада мұндай аңызға бергісіз жағдайдың орын алуы заңды.

Көркем әдебиеттің озық үлгісі ретінде М. Мағауин «Оралу» атты әңгімесінде қазақтың ұлттық құндылықтарының толық көрініс тауып сипатталғанын айту керек. Бұл шығарманың басты кейіпкері - жазушының өзі. Негізгі уақиға түн ортасынан ауғанда басталады. Сюжет бойынша жазушы сырқаттануына байланысты кезекті әңгімесін аяқтай алмай, «клиникалық өлім» халіне түседі. Жазушы өзінің бұл халін жанның денеден уақытша ажырауы ретінде суреттейді. Қазақ ежелден жан тәннен бөлек өмір сүре алады, жан мәңгілік деп түсінген. Осы жерге келгенде әңгіменің өзегі қазақы таным-түсінік негізіне құрылған деп толық сеніммен айтамын. Жан, яғни кейіпкер әуелі өзі шынымен о дүниеге аттана қалған жағдайда әйелі мен балаларының қандай ауыр қайғыға душар болатындарын ойлап тұрып: «...Мен –

өткендегі Мен, яғни құры денем төр алдында жатыр емес пе. Ертең, бүрсігүні, одан соңғы – ақырғы, жерлеу күні көлденең салмай ма. Қабір басына жеткенше, көр қойнына енгенше неше мәрте қоштасып, жылап-сықтап үлгереді. Балалар да, тақау төңіректегі немерелер де... түгел өз қолдарымен шығарып салады.»,- деп [3, 219] толғанады. О дүниелік болған адамды ақтық сапарға шығарып салғанда көрісіп жоқтау айту – қазақтың сүйекке сінді болған ізгі әдеттерінің бірі. Кейде тіпті қайтыс болған адамды өлендетіп жоқтау ұлтымыздың бойындағы өзге халықтардың ешқайсысына ұқсамайтын болмысының ерекшелігі. Ет жақыныңның, әсіресе, ата-ананың қабіріне топырақ салу қазақта ғана киелі парыз саналады. Сондықтан да қаһарман өзінің балаларының сонау алыстан ат арытып келеріне сенімді. Содан кейін кейіпкер бір құдыреттің күшімен туып-өскен жеріне «ұшып» барады. Жеті қараңғы түнде қайда бара жатқанын ол «...қарсы алдынан жарқырап жанған, тапжылмаған күйі кірпік қақпай қатып қалған, Темірқазықты көзі шалғанда» [3, 221] бірден түсіне қояды. Бара жатқанда жолдағы жер-су атауларының бәрін жаңылмай атап, жазбай таниды. Бұл ғасырлар бойында дархан дала төсінде көшпенді өмір салтын ұстанған халқымыздың аспан денелерін бағыт-бағдар көрсетуші ретінде пайдалана білу тәжірибесінің арқасында қалыптасқан қасиет. Топографиялық жады. Жазушы өзі арқылы қазақтың болмысының басқалармен салыстырғандағы осынау артықшылығын анық етіп көрсете білген. Бала жастан ата-әжеден тәрбие алған кейіпкер қыстауға барғанда атасы мен әжесін көреді. Бұл да туған жерге, өзінің ата-әжесіне деген сағыныштан болып отыр. Жазушы бұны да қазақтың жан мәңгілік деген ұғымының негізінде айтқан. Бірақ кейіпкер ата-әжесін соншалықты сағына тұра олардың «қайт» деген сөзінен аса алмай, кері бұрылуға мәжбүр болады. Іле-шала ол Еуропаның қақ ортасына Прагаға «ұшып» барады. Баласының үйіне барған жазушы «немерелерінің ақ-сұр кілемнің үстінде асық ойнап отырғанын, басқа емес қазақтың «үйірмекілін» ойнап отырғанын» көреді. Ұлтты идентификациялайтын құндылықтардың бірі – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар – ұлттың ой-өрісінің жемісі, мінезінің қырларын көрсететін құрал. Мейлі, бұл жазушының қиялынан туындамай өмірде орын алған оқиға болсын, жазушы осы эпизодта ұлттық құндылықтардың кішкентай бір бөлігін немерелеріне асық ойнату арқылы көрсетуі өте сәтті шыққан. Әңгіменің аяғында жазушы қоштасу үшін көптеген жыл өзіне баспана болған үйіне келгенде кабинетінің төрінде ілулі тұрған кірген бетте өңі сұсты көрінген Хан Абылайдың суретіне тіл бітеді. Кейіпкердің «жиырма жасымнан бастап тура қырық жыл Алаштың

жолынан тайғам жоқ, кесімді уақытым жетті, енді қылар амалым жоқ» деген сөзіне Абылай: «Қайратын сарқылған жоқ. Жазарың таусылған жоқ. Қайта ораласың! Мен – Абылай-баһадүр-хан Сөзім! Тәңірінің атынан!», - деп [3, 232] жауап қатады. Кейіпкер, яғни жан «ләббай, тақсыр» деп өз тәніне қайтып оралады. Бұл жерде төрде суреті тұрған қаһарлы ханның жарлығына құлдық ұру емес, «сөз тапқанға қолқа жоқ» дейтін қазақтың уәжді, орынды сөзге құлақ асқыш тектілігі жатыр. Оның үстіне Хан халық үшін істейтін еңбегің әлі алда деп тұр.

Жазушының осы әңгімесінің өн бойында ұлттық дәстүр, ұлттық ойын, жан мен тән туралы қазақтың өзіндік таным-ұғымы, аруақ сыйлау, аманатқа қиянат жасамау, үлкенге құрмет көрсету культі сияқты ұлттық құндылықтың, яғни ұлтымыздың өзіне ғана тиесілі қазынасының маржандары автордың әңгіме желісімен оқырманға жеткізбек болған теңіздей терең ойларымен керемет жарасым тапқан.

Халықтың сөйлеу тілінің және шығармашылық өнерінің байлығын кеңінен пайдалана отырып, М. Мағауин көркем сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, көркем әдебиет тілінің образдық-бейнелеу мүмкіндіктерін толықтырды. Қазақтың әдеби тілін ұстартып, шыңдап жетілдірді. Прозада, көркем әдебиетте сөздің бәрі де көркемдік сипат алады. Себебі көркемдік ойды эстетикалық ұғым, сезім білдіреді. Әдеби көркем сөздерге көркемдік сипат беретін көркем ойдың қуаттылығы, әр сөздің қаламгерлік ойды, сезімді жеткізуде орнын тауып, терең мағыналы етіп қолданылуы, әр сөздің шығармада лайықты қолданылуы да М. Мағауиннің қалам қуатын, қарымын айқындай түседі. Ол әр шығарманың мазмұнына, ондағы ой-сезім өзгешелігіне, шығарманың жанрлық, стилдік, тағы сондай сипаттарына айрықша мән береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мағауин М. «Алдаспан» - Алматы: Атамұра, 2006. – 307 б.
- 2 Мағауин М. Шақан-Шері. - Алматы: Атамұра, 2004. – 235 б.
- 3 Мағауин М. Әңгімелер жинағы. - Алматы: Атамұра, 2007. – 320 б.

ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

НҰРҒАЛАМОВА С. У.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қызылжар жалпы орта мектебі,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Ғасырлар бойы екшеліп, сұрыпталып, жетіле түскен халық өнерінің қайнар бұлағынан нәр алған Жамбыл өзінің совет дәуірі

кезіндегі шығармаларында көркемдік биікке көткерілді. Ол ауызекі поэзиядан кәдімгі жазба әдебиетке жақын келді. Өлеңді жаңа түр, жаңа сапамен байытты деп айтуға болады. Ақындық шеберлігінің ұшталып, жетіле түсуіне жалпы совет мәдениетінің жоғары идеялық, көркемдік мақсаты әсер етті. Жамбылдың алғашқы өлеңдері негізінен адамдар жөнінде, олардың іс әрекеттері мен түрліше ауыл оқиғалары жайында болады. Байлар мен кедейлер арасындағы қайшылықтар да оның сана сезімінен сырт қалмайды.

Жас талаптың Жетісу өңірінің даңқты ақыны Сүйінбаймен кездесіп, батасын алуы оның ақындық бағын ашқан айтулы оқиға болады. Бірде 14-15 жастардағы Жамбыл жарапазан айтуды сылтауратып, Сүйінбай ауылына келеді. Үйінің сыртында ат үстінде тұрып, жарапазанға жалғастыра өз жанынан өлең шығарып, ұзақ жырлайды.

Ардақты үйдің иесі,
Бата бер менің жырыма.
Қуат бітіп үніме,
Көңілін тапсын елімнің.
Жар бол да, өзін жәрдем ет,
Жібер мені бір демеп, –

деп өгінеді жасөспірім ақын. Айтқандарына сүйінген Сүйінбай Жамбылды үйге шақырып, ұзақ отырып, өлеңін зор ықыласпен тыңдайды. Бала ақынның болашағынан үлкен үміт күткен көреген жырау: «Осы шабысыңнан тайма! Өлең-жырынды дауылдата бер! Жолың болсын! Бақытың ашылсын, балам! Шындықты айт, әділдікті жырла! Кәне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, даңғыл жолға түс! Өлеңің бүкіл халық сүйсініп, көңілімен иіліп тыңдайтын өлең болсын! Сенің көңіліңнің асылы патшаның қазынасынан да бай болсын!» – деп бата береді. Жамбыл да:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп жырласам,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, –
деп, Сүйінбайдың өсиетін өмір бойы есінде сақтап, ұстазының есімін ардақтаумен өтеді.

Жамбыл ақындық айтысқа 17-18 жасында араласып, «Көрұғлы», «Өтеген» сияқты дастандарын да сол тұстарда жырлай бастаған.

Ақын «Менің өмірім» шығармасында:

Топ десе он жетімде тартынбадым,

Семсердей майдандағы жарқылдадым.

Ақынды ауылға ермек басып озып,

Жұлдыздай көзге түсіп, жалқындадым, – дейді.

Ел таныған ақын болу үшін, әрине, сол өңірдің ақындарымен түгел танысып, өнер сынасу керек. Жамбыл да бұл жолды өтіп, ақындық сайыстарда үлкен табыстарға жетеді.

Байдың қойын бағып жүргенде он үштегі кезінде ұйықтап қалып, түсінен ақын болып оянған Сүйінбай ұстазы сияқты, Жамбылға да ақындық түсінде аян беріп қоныпты. Ол туралы Жамбылдың өзі: «Бір күні Жетісай жайлауында жылқы бағып жүріп, түс көріппін. Түсімде ақсақалды қария келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деген. Мен: «Өлең!» – деппін. Оянып кетсем, түсім екен, көкірегімді бір толқын кернеп, алқымыма тығылғандай, дереу үйге жетіп, домбыраны ала салдым да, оңды-солды төгіп-төгіп жіберіп едім, кеудем ашылып, орта түскендей болды», – деп еске алады.

Жамбыл жиырма жасында сол кездің атақты ақыны – Жаныспен айтысып, оны жеңеді. Әлгі «Менің пірім – Сүйінбай» деген өлеңін Жамбыл осы Жаныспен айтысқанда айтады. Жамбылдың «Жылқышы», «Пұшықтың ұрыға айтқаны» сияқты белгілі өлеңдері сол шамада шығарылады. Атақты «Айкүміспен айтысы» да осы тұста болады.

Жамбыл 35 жасында, яғни 1881 жылдың күзінде Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде сол кезде орта жастардағы атақты ақын Құлмамбетпен айтысып, жеңіске жетеді. Сөйтіп, Жамбыл осыдан былай Жетісу өңірінің нөмірі бірінші ақынына айналады. Бірақ, айтыстан кейін де екі ақын бірін-бірі құрметтеп, ардақтап өткен. Атақты Бақтыбай ақынмен кездескенде де:

Қаздай қалқып, ерінбей,

Өлең тердім жасымнан.

Майкөт ақын, Құлмамбет

Орын берді қасынан, –

деп, Жамбыл аға ақынның есімін құрметтеп, ардақтай ауызға алады. Жамбыл өлеңдері мен айтыстары әуелден халықтық арнадан бастау алады. Сондықтан оның туындыларынан әлеуметтік сарын молынан байқалады. Оның өмір қайшылықтарын ерте танып, олардың сырына ой жүгіртіп өсуі шығармаларын мәнді, салмақты етеді. Жамбыл – ұстазы Сүйінбайдың үлгісімен кім болса да: мейлі болыс-би, мейлі бай, манап болсын, мінін бетіне айтып, кедей-кемтардың, әлсіздің

жоқшысы болуды ақындық мұраты еткен ақын. Жамбыл ақындық өнер жайында:

Ақын деген ат болмас, Қытығын таппай сұратпай.

Қандырмай мейір суаттай, Досың болса, күлдіріп,

Жыры болмай бұлақтай. Сүйсіндіріп жұтатпай.

Тұнығы болмай сынаптай. Жауың болса, бүлдіріп:

Алатаудан арындап, Домбыраң – берен,

Асқан судай құлатпай. Жырын – оқ,

Қыбыршыған көңілден Дәл тигізіп, сұлатпай, –

дейді. Жамбыл өзінің шығармашылық ұзақ ғұмырында осы ұстанымынан танған емес.

ақынның көп жырлаған тақырыбы – «Туғалы сөзі өтпеген, қолы есеге жетпеген, құлшылықтан кетпеген» жарлы мен жалшының азапты өмірі, кедейдің күйі.

Жаман көйлек жыртылып,

От басында итініп,

Әрі дімкәс, тамақ аш,

Әрі тұттай жалаңаш,

Аш бұралып, күн суық –

Жұрт соңынан жоқшылық

Көшке ілескен итше ұлып.

Аш, жалаңаш, ауру, суықта қалтыраған кедейдің аянышты тағдыры бар болғаны бір-ақ шумақ – жеті жол өлеңге сыйып кеткен. Жоқшылықтың көшке ерген итше ұлуы туралы образ әрі түсінікті, әрі өте әсерлі. Бұл жерде ұлыған ит емес, жоқшылық. Демек, сөз көшке ілесіп ұлыған ит сияқты, жұрттың соңынан қалмай ұлып ілескен жоқшылық жайында. Ақын кедейдің күйін ұлыған аш иттің күйіне теңестіріп отыр.

«Кедей күйі» – деген өлеңінде жоқшылық тауқыметін тартқан кедей балаларының аянышты халі, кедей басындағы жоқшылық, шарасыздық шынайы бейнеленген.

Қайтіп жаның ашымас,

Неткен заман қатыбас.

Еткен еңбек, төккен тер

Қалай түкке татымас, –

дейді ақын күйзеліп. Жамбыл қысы-жазы тыным көрмей, бай малының соңында жүрсе де, ауыр азап, жоқшылықта өмірі өтіп жатқан кедей туралы «Жылқышыға» деген өлеңінде де қабырғасы қайыса, ашына айтады.

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,

Салқын күзде бір жылы үйді білмей.

Сахарада салақтап күндіз-түні

Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Әрідегі Дулат, Сүйінбай, берідегі ұлы Абай сияқты, Жамбыл да өз кезінің билік басындағыларының халық қамын ойламайтынын, әділетсіздігін, парақорлығын, екіжүзділігін әшкерелеп, көптің алдында беттеріне басады. Мұндай өлеңдерінің тілі уытты, мысқыл, сатираға толы болып келеді. Мұндайда ақын талантының сыншылдық қыры ерекше күшті сипаттарымен көрінеді. Жамбылдың «Сәт сайланарда», «Шалтабайға», «Мәңке туралы», «Қалиға» сияқты өлеңдері – сондай шығармалар. Сәт болыстың елдің сорын қайнатқанын ел көзінше бетіне басса, старшина сайланып келген Көкімге:

Әлде бекіп келдің бе,

Арын сатып бетіңнің?

Бір тояйын дедің бе,

Ақысын жеп жетімнің? –

деп, жетім-жесір, жарлының ақысын жегіш, жемір етіп көрсетеді. Жамбыл дәлел, факт келтіріп жатпайды. Мұнысымен қиянатшылық билік басына келгендерге ортақ сипат, даусыз шындық екенін білдіреді. Ал Қали байға:

Сойылынды соғып тұр,

Болысың мен орысын, –

деуінде көп мағына, үлкен шындық бар. Отаршылдар мен атқа мінерлер ауыз жаласып, екі жағы пара үшін байдың сөзін сөйлеп, сойылын соғады дегенге мензейді.

Ұлық пен төренің, бай-болыстың халыққа көрсетіп отырған зәбірін Жамбыл «Әділдік керек халыққа» деген өлеңінде кеңінен айтады. Өлеңнің шығу тарихы былай екен. Ақын Ұзынағаш базарында Қиысбай деген бай бастаған ұлық, төрелермен кездесіп қалады. Олар Жамбылды жақтырмаған сынай танытады. Ұлық, төреге бұрыннан ызалы ақын олардың мына астамшылығына өлеңмен жауап береді. Бай мен ұлық, төрелердің әлсіздің ақысын жеп, халықты жоқшылыққа душар етіп отырғандарын, кедейлігі болмаса, олардың ешкімнен кем еместігін, олардың арасында неше алуан асыл азаматтар барын айта келіп, билік пен байлық иелеріне деген өзінің қатынасын былайша білдіреді.

Болыс төре жүрген жоқ, Болыс төре, билері,

Халықты қорлап, жылатпай. Кедейлерге теңдік бер

Шабарманы шаптығып, Қысы-жазы шулатпай!..

Барады елді шыдатпай.

Жырдың келесі бөлімінде билеуші әкімдерге халық мүддесін қорғап, сөзін сөйлейтін ақын тұлғасы қарсы қойылады.

Иттей көрем төрені

Тамаққа тойса үретін.

Халықтың ақын — перзенті

Ақтарып сырды беретін..

Айтқандары өтірік –

Ұлыққа кім бар сенетін.

Сыздауық жара секілді.

Денені сыздап керетін,

Жамбыл ақын сөйлесе,

Жарасы қалар жарылып,

Ел аңғарып көретін..

Үзіндіде халық сөзін сөйлейтін ақынға, оның өнеріне менсінбей қарайтын ұлықтың қылығы, оған деген өзінің жек көру сезімі ұтымды да әсерлі айтылған. Ұлықты денені сыздап керетін сыздауық жараға теңеп, ұлық қанша сызданғанмен, «Жамбыл ақын сөйлесе, жарылып», масқара болатынын ащы мысқылға айналдырады.

Араны байдың ашылған,

Барды жоқ деп жасырған.

Тебеген есек секілді

Тепкілеп орын бермеді,

Бос жатқан жер қасынан.

Көңілі қалды халықтың,

Хан, төре, ұлық, тақсырдан.

Қысым жасап халыққа,

Ары болды қанішер

Қойға тиген қасқырдан.

Өмір бойы осылар

Аяусыз елге қас қылған..

Жуан білек қамшымен,

Нашарларды қорқытып,

Мазалаған, састырған.

Мұнда хан, төре, ұлықтардың бейнесі, олардың халыққа көрсетіп отырған зәбірі, замана сыйқы көрініс тапқан.

Байлықтың түбі пайдадан,

Өтірік-қулық айладан.

Ұрлық-зорлық талаумен

Жүздеп жылқы, мыңдап қой

Байлар судай айдаған.

Жарлының көз жасынан
 Жиналған малы зұлымның.
 Тұншығып босқа тұманда,
 Адасып талай халықтар
 Төте жол таппай жасыған, –
 деген жолдарда сол кездің өмір шындығын суреттей отырып,
 әлеуметтік қорытындылар шығарады.

Ақынның «Мәңке туралы» әйгілі өлеңінің шығуына мынадай жағдай себеп болыпты. Бір үлкен тойда Жамбылдың сәйгүлік аты күміс ер-тұрманымен жоғалады. Бұған Қаржау дегеннің қатысы бары анықталған соң, Жамбыл ол елдің болысы Мәңкеге шағынады. Болыс ұрыны жақтап, ақынға теңдік бермейді. Сонда ыза болған ақын елдің алдында осы өлеңді айтады.

Жанғойлық болысы пысық келеді,
 Мұрындары пұшық келеді.
 Екі арадан ептеп жерінде
 Көздерін қысып келеді.
 Сөздерін ұзарта келеді,
 Өңешін қызарта келеді.
 Өнімі азырақ жерде
 Үстіне тұз арта келеді.
 Ыңыранып отырып алады,
 Әр алуан қырға салады.
 Ақыры, Құдай жарылқап,
 Қалталарын толтырып алады.
 Мұнда болыстың әділетсіздігі, екіжүзділігі мысқыл, ажуамен психологиялық шебер талдау түрінде бейнеленген.

Айкүміспен айтысы
 Жамбылдың жастық шағының мұнды да шуақты сырына толы ақындық өнерін танытатын сұлу жыры – Айкүміспен айтысы. Жамбыл Айкүміске «әуелдең-ақ, болдың ойда», «кұмары басылмаған албырт едім» – дей отырып, өзінің жүрек сырын, іңкәр көңілін астарлап жеткізеді. «Жасшылық ұрындырды талай жарға» – деп, өкінішінен де хабардар ете сөйлейді. Жігіттің арманға, сұлу сезімге бөлеп айтқан сөзіне қыз да:

Асылға арсыдағы қол жетпей ме,
 Ақылмен қимылдасаң аспай-саспай, –
 деп, Жамбылға жөн, жол сілтей сөйлейді әрі өзінің де ішкі, жүрек тереңінде жатқан асыл сырынан хабар бергендей қалып танытады. Айтыс үстінде Жамбыл бойжеткен қыз тағдырының ауырлығын, бағы ашылмаса, бір жаманға қор болып кете барарын айта келіп:

Сол үшін жатсам, тұрсам арманым көп,
 Жем болып кете ме деп жамандарға, –
 дегенде, Айкүміс, айтыс салтына орай, әріптесіне тиісе сөйлейді:
 Жамбыл-ау, күпсінесің неге сонша,
 Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.
 Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың,
 Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Айкүмістің «қолдағы қаршығаң» – деп отырғаны Жамбылдың сүйген, ғашық болған құрбысы – Бұрым сұлу. Бұрыммен Жамбыл бір тойда танысып, айтысады. Бұрым өте сұлулығының үстіне тамаша өнші де, ақын да екен. Екеуі бұдан кейін де талай кездесіп, айтыса жүріп, бірін-бірі шын сүйіп, ғашық болады. Бұрым өзін айттырып қойған жаққа ұзатылатын күн тақағанда, Жамбылға білдіреді, Жамбыл қызды алып қашып, ағайындарына барып паналайды. Бірақ, екі ел арасы бұзылатын болған соң, Жамбылды өзіне жақын ұстайтын елдің беделді басшысы – Сарыбай болыс ақынды зорлап көндіріп, Бұрымды әкесінің үйіне қайтарады. Айкүміс «қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың?» дегенде, осы жағдайды меңзеп отыр. Бірақ, бұл үшін Айкүміс Жамбылды табаламайды, кінәламайды, «тұтқасы дүниенің» Жамбылдың қолында еместігін, жастардың теңіне, сүйгеніне қосыла алмайтын еріксіздігін айтады. Жамбылға: «Дітіңді білтелемей, білдіре айтшы», – деп қалжыңдайды. Жамбылдың ойнақы әзіліне орай «Жақсы сөз жан семіртер» – деген бар ғой, Әдепті мінездерін жүрсін ойда, – деп, өзі де сыпайы ұстамдылықпен құрбының жан семіртер сөзін айтады. Бұл жауап тебірткен Жамбыл толғанып:

Айкүміс, амалым жоқ, хош, ендеше,
 Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.
 Атынды, ақ жүзінді ұмытпаспын,
 Кеудемнен қашан менің от сөнгенше, –
 дейді. Жамбыл мен Айкүмістің бұл айтысын екі ақынның салғыласқан нағыз айтысы деуге болмайды. Сол себепті профессор М.Жолдасбеков: «Тіптен Жамбыл мен Айкүміс айтысқаннан гөрі, сырласқанға көбірек ұқсайды. Сондықтан да айтыста драмдан гөрі, лирикалық сыр басым», – дейді.

Жамбыл айтыстарынан оның қиыннан қиыстырып сөз табатын, үлкен қоғамдық мәселелер көтеретін, халық мүддесіне табан тіреген хас шеберлігі сезіледі. Ол айтыстардың әрқайсысы табанда сөз тапқыштық, халықтың көңіліндегі арман, мұратты тауып айтқыштық сияқты сипаттарымен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жамбыл Жаббаев Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 1982.
- 2 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 3 том.

ТІЛДІ ТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДА ЗЕРДЕЛЕУ

ОСПАНОВА Д.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Лингвистика ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы антропоцентристік бағытпен сипатталатын семантикалық зерттеулердің тереңдігімен ерекшеленеді. Антропоцентристік бағыттағы лингвистиканың алға қойған мақсаты – тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің тілдің барлық деңгейлерінде көрініс табуын зерттеу болып табылады. Сондықтан қазіргі таңдағы тіл ғылымының басты мақсаты – тілдік құбылыстардың сырын тану жолында күрделі де кешенді үрдісті дамыту. Осымен байланысты тіл білімінің тылсым құпиялары басқа да ғылым салаларымен психология, философия, логика, мифология, этнография т.б.-мен тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылып отыр. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, таным, дін сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ұлттық тілдің табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана танып білу жеткіліксіз. Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоэтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта қаралады. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылым саласының зерттеу әдістері мен құралдарының бір мәселе үстінде тоғысуына әкеледі.

Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Өйткені тілді зерттеудің когнитивтік жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі - тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Тіл мен таным процестерінің ара қатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Когнитивтік деген сөз «білім» деген ағылшын сөзінен алынған. Психикалық процестердің өтуін басқаратын білімдер жүйесінің құрылымы когнитивтік құрылым делінеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының өмірінде құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен танымның арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі. Аталған құрылымды жіктеп, бөлшектеп ұсыну өте қиын [1].

Когнитивті лингвистиканы танымдық тіл білімі немесе немесе тілдің танымдық сипатын зерттеуші антропоцентристік бағыттағы тіл білімінің үлкен бір саласы деуге болады. Танымдық тіл білімінің негізгі зерттеу нысандары – таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен таным, тіл мен ой.

Когнитивтік ғылым ақпараттарды өңдеу мен мағлұматтар жайлы түсініктер жүйесін және ойлау процесін басқарудың жалпы принциптерін айқындайды.

Адамның физиологиялық, психологиялық, психофизиологиялық ерекшеліктерін ғана есепке алмай, оны қоршаған дүние жайлы мағлұматтарды жүйелеу, сарапқа салу қажеттілігі туады. Когнитивтік лингвистикалық зерттеулерде түрлі ұлттарда дүниенің тілдік бейнесі түрліше қалыптасқаны айқындалып отыр [1].

Когнитивтік лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын, тіл мен танымды біртұтас жүйеде қарастыру. Айнала қоршаған ортаның адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табуы, тілдің танымдық сипаты когнитивті лингвистикада тереңнен қарастырылады.

Қазіргі лингвистикалық теорияның маңызды ерекшелігі-когнитивтік лингвистикада ойлау, тіл және танымның біртұтас бүтін, біртұтас когнитивтік тілдік кешен болып айқын көрінуінде. Біртұтас когнитивтік тілдік кешен ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы лингвистикада тілді түсіну аумағын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бастапқыда танымдық процестерді қазіргі заманның есептеуіш техника негізінде белгілі бір құрылымдар ретінде түсіндіру орын алады. Алайда бұндай пікірге қарсы пікірлер де аз емес: «Когнитивтік ғылым адам танымының құрылымын қазіргі заманғы есептеуіш техника көмегімен үлгілеу жолдары арқылы зерттеу әрине өзекті, ең бастысы-іс жүзінде қолданбалы. Дей тұрғанмен, адамның танымдық құрылымдарын механикалық құрылымдарға пара-пар етуге болмайды. Бұл адамның ойлау қабілетін немесе когнициясын зерттеу ақпаратты

символдық өңдеудің бағдарламасын зерттеумен бірдей дегенге әкелер еді. Онда адамның ми қыртысын нерв жүйелерінің өзара қарым-қатынасы ретінде де, оның ментальды жағдайын танымдық ғылым аясында зерттеудің ешқандай да қажеті болмас еді». Осы пікірді қуаттай келе В.З. Демьянков бұл «адамдар мағыналық нәрселермен ойлағандықтан адамның іс-әрекетінің интенционалдығын зерттемей, тек қана символдармен ғана түсіндіруге әкеліп соғады» [2,48],-дейді.

Когнитивтік лингвистика ғылымына қатысты Р. Шепард бұндай сипаттама жеткіліксіз дей келе, өз тарапынан адам ми қыртысындағы ментальды процестерді белгілі бір жүйеге келтіріп, басқарып отыратын жалпы қағидалар туралы ғылым деген анықтама береді. Ал бұл принциптердің пайда болуы мен олардың қызмет атқаруын ғалым жалпы дүниенің белгілі бір заңдылықтарға сүйенетіндігімен ұштастырып, «ойлау» заңдылықтары мен механика заңдылықтары арасында ұқсастықтар табады [3].

Танымдық ғылымның аясының кеңдігі мен күрделілігі, оның зерттеу нысаны болып табылатын білім мен танымның табиғатын, білімнің шығу көздерін, оларды жүйелеу, білімнің дамуын, бұның бәрі психология, антропология, философия, нейрология, тіл және де жасанды интелектің үлгілеу т.б. ғылымдардың өзара қарым-қатынасы негізінде жан-жақты зерттеуді талап ететіндігі сөзсіз.

Когнитивтік лингвистика ғылымының осындай ерекшеліктеріне қатысты ғалымдардың пікірлері де кей жағдайда бір біріне қарама-қарсы келіп қалатын кездері де болады. Бұл туралы А. Исламның пайымдауынша: «Біздің ойымызша қоршаған ортаны танып білудегі ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерінен ескермеу сананы таза структуризациялауға әкеліп соғары сөзсіз. Таным өзінің күрделілігімен сипатталатыны хақ» [4,72],-деген ой айтады.

Танымдық ғылымның күрделі инфраструктурасындағы тіл білімінің алар орнына тоқтала кетсек, танымдық үлгі жүйесінде тіл білімі тілдік категориялар мен бірліктердің қоршаған дүниені қабылдаумен арақатынасып, оны танып білуді қалай көрсететіндігін зерттейді.

Ақпараттың ішкі өңдеуге түсуі басқаша айтқанда адамның менталды табиғаты, оның ішкі ойлау механизмдері қазіргі заманғы когнитивтік ғылымның нысаны болып табылады. Ал осыдан өрбитін қоршаған ортаның ойлауда, оның тілде қалай көрініс табатыны сияқты мәселелер белгілі ғалымдар В. Гумбольдт, А. А. Потеня, Н. Хомский, Н. Я. Марр, Г. Гадамер т.б. қарастырған. Олардың концепциялары философия, психология, мәдениет пен тілді тоғыстыра зерттеуде негізделгендігі белгілі.

Н. Хомский: «тілдің құрылымын зерттеу адамның ойлау қызметі негізінде тілді еркін және творчестволық түрде қолдану арқылы көрінетін ақыл-ойға тән қасиеттерді ашуға көмектеседі» [5,7],- деп есептейді. Осымен байланысты назар аударатын жағдай: тілді зерттеудің когнитивтік парадигмасы тіл мен ойлаудың арасына теңдік қоймайды. керісінше тілдің ойды ұйымдастырушылық қызметін атап көрсетеді. Осы байланыстың негізінде тілдің таңбалық категориялар және модельдер түрінде тұтас тілдік құрылым түзеді.

Жалпы адам баласына тән бұл әмбебап танымдық үлгілер (модельдер)-тілдің «терең құрылымдарында» туатын тілдің күрделі когнитивтік қызметінің жемісі. Бұл арада когнитивтік модельдер адамның ойы мен санасының арасындағы аралық бейнені көрсетеді. Яғни қабылданатын ақпарат когнитивті модельдерде «кодталады».

Тіл мен ойлау, тіл мен таным бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, «таза», тілдік жеке ғылым саласы шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма-когнитивті лингвистика, онымен сабақтас этнолингвистика, психолингвистика, социоллингвистикамен т.б. байланысуы қажет. Осы байланыс адам санасы қалай құрылған, адам дүниені қалай таниды, қабылданған мәліметтер қалай танымға айналады, ментальдық кеңістіктер қалай жасалады деген сұрақтарға жауапты тілдің терең құрылымдарын зерттеу арқылы анықталады да бұл мәселелер этнолингвистикалық аспектіде - В. Гумбольдт, Ф. Баос, Э. Сепир, Б. Уроф, А. Потеня, Н. Толстой, Ә. Қайдаров, Е. Жанпейісов т.б.; психолингвистика тұрғыда-К. Юнг, А. Н. Леонтьев, А. Шахнарович т.б.; лингво мәдениет танымдық сипатта - Э. Тейлор, Э. Маркарян, Ю. Лотман, Ю. С. Степанов, Н. Д. Арутюнова, Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаров т.б. ғылымдардың, ғылыми зерттеу еңбектерінде философиялық, психологиялық, этностық, лингвистикалық теорияларының жүйесі дүниені тұтас танудың теориясы шеңберінде тіл қызметінің когнитивтік негіздерін айқындайды. Қазақ тілінде когнитивтік лингвистика ғылымының ғылыми-теориялық негіздерімен бірге келелі тұжырымдамаларды айтып жүрген ғалым Ж. Манкееваның тұжырымдауынша мынадай негізгі үш ұстанымдардың негізінде қарастырылады:

1. Қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы танымның қазыналық сипаты.

2. Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі - ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіндік жасау. Осыған

қатысты мына пікірдің мәні ерекше: «Лексема, вопреки принятому мнению, не передет информацией как таковой, она лишь актуализирует, возбуждает в сознании слушающего уже имеющиеся у него лексические понятия и тем самым создает базу для передачи информации» [6,15].

Басқаша айтқанда – тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде, яғни символдар арқылы беру.

3. Таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы. Яғни ол-таным моделінің құрылымдарының тұтасуынан тұратынын сипаттайды.

Байқап отырғанымыздай, жоғарыда көрсетілген тіл қызметінің когнитивтік негіздерін айқындайтын үш сипатының да ортақ қасиеті-тұтастырушылық, тұтас күйдегі таным тудыру. Сондықтан осы қасиеттерге сүйенбей, адамның ментальдық қызметі мен тәжірибесінің қалыптасуы мен сақталуын, ұрпақтан ұрпаққа берілуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Таза тілдік тұрғыдан ол тілдің кумулятивтік қызметімен тікелей байланысты. Ол өз кезегінде қабылдау, ойлау, жад сияқты психологиялық ұғымдармен тығыз байланыста болып, тұтас күйіндегі когнитивті парадигма құрайды - деген тұжырымдама жасайды [6, 41].

Тіл білімі дамуының қазіргі деңгейіне сай когнитивті лингвистика тілдік семантика, жұмсалымдық (функционалды) лингвистика т.б. тілді жалпы когнитивті тегік ретінде қарастырады. Атап айтқанда, жұмсалымдық лингвистика тілдік құралдарды, когнитивтік модельдер мен тәсілдердің вербализациялануын (тілдік тұлға, «ғаламның тілдік бейнесі» т.б.) айқындайды.

Когнитивті лингвистика ғылымына қатысты айтылатын «когнитология», «когнитив» терминдерін қазақ тілінде «таным» термині арқылы беріліп жүр. Танымды танымдық ғылым немесе тілдің танымдық сипатын зерттеуші антропоцентристік бағыттағы тіл білімінің үлкен бір саласы деп атауға болады. Танымдық ғылымның бастауы өте ертеден бастау алатындығына тіл философиясы мен жалпы тіл білімі пәндерінің негізінде көз жеткізуге болады. Танымдық тіл білімінің негізгі нысаны таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен таным, тіл мен ой, тіл мен сана болып табылады. Ғылымдардың атасы саналатын философия тарихын зерттеген Аристотель, Платон, әл-Фараби еңбектерінде тілдің таным құралы бола алатындығы жөнінде пікірлерді кездестіруге болады. Мәселен, ғұлама ойшыл Платон «Кратиль» атты философиялық еңбегінде: «белгілі бір затқа танылған атаулардың көмегімен қоршаған ортаны тану танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл

жүйенің ең жоғарғы сатысы тілдік құрылымдар арқылы көрініс табады» [7,56], -деп, тілдің таным құралы екендігіне ерекше көңіл бөлген. Тілдің танымдық ғылымнан алатын орнының ауқымды екендігіне бүгінде шетелдік, отандық ғалымдар, зерттеушілер баса назар аударып келеді. Және де бүгінгі таңда лингвистердің зерттеу нысандарының негізгі көзіне айналды деуге де болады.

Когнитивтік терминдер сөздігінде когнитивтік лингвистикаға мынадай анықтама беріледі: «Когнитивная лингвистика - это «лингвистическое направление, в центре внимания которого находится язык как общий когнитивный механизм, как когнитивный инструмент-система знаков, играющих роль в репрезентаций (кодировании) и трансформировании информации» [8, 14].

Орыс тіл білімінде когнитивтік лингвистика ғылымның маңызын В.А.Маслова былайша анықтайды: «Когнитивная лингвистика дополняет анализ языка анализом речи, различных контекстов употребление соответствующих лексем, зафиксированных в текстах суждений о концепте, его определений в разных словарях и справочниках, анализом фразеологии, пословиц, поговорок, афоризмов, в которых концепт репрезентирован» [9,25].

Демек, когнитивтік лингвистика когнитивтік жүйедегі лингвистикалық бағыт болғандықтан, тілдің танымдық сипатын тереңнен қарастыруға мүмкіндік береді. Тілдің когнитивтік бейнесін тілдегі кез-келген тілдік бірліктердің астарынан көруге болады. Мәселен қазақ тіліндегі мақал-мәтел, фразеологизмдер, қанатты сөздер қазақ халқының сан ғасырлық дүниетанымы негізінде туындаған тілдік бірліктер болып табылады.

Лингвистика ғылымындағы «когнитивтік лингвистика» деген термин 80-ші жылдары М.Бирвиштін еңбегінде сөз болған. Әйтсе де тілдік құбылысты когнитивтік тұрғыдан зерттеудің жалпы үрдісі 60-70-жылдары американдық Хомский, Лакофф, Коок т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылған болатын. Негізіне бұл бағыт өз бастауын В. фон Гумбольдттың лингвистикалық философияға қатысты зерттеулерінен алады деген тұжырым бүгінгі күнгі лингвистика ғылымындағы ғылыми айналымда кең көлемде қолданылады.

Когнитивтік лингвистика ғылымы алғашқыда нейролингвистика ғылымы (жасанды интеллект және компьютерлік ғылымдар) аясында зерттелінді.

Зерттеу барысында ғалымдар оның адамзат баласының дүниетанымын, парасат-пайымын, ойлау деңгейін, тілдік бейнесін де қарастыратындығына көз жеткізген болса, кейін келе адамның

танымын, білімін, ойлау құбылыстарының сан қырын ашу бұл ғылымның маңызды аспектілеріне айналады. Когнитивтік ғылымның негізгі ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына, бағыттары мен ұғымдарына алғаш рет көңіл бөлген шетелдік ғалымдар болатын. Дж. Миллер когнитивтік ғылымды «XX ғасырдың 50 жылдарында дүниеге келген ақпараттар теориясының сипозиумы» деп бағаласа, 1960 жылы Гарвард университетінде американдық профессор Дж. Бруннер Дж. Миллермен бірге когнитивтік зерттеу орталығын ашады. Аталған орталық когнитивтік лингвистика ғылымының негізін қалауға айтарлықтай үлес қосады.

XX ғасырдың ортасында когнитивтік лингвистика қазіргі антропоцентристік парадигмадағы базалық ілім деңгейінде қарастырылады. Осы бағытта көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осының нәтижесінде Еуропада XX ғасырдың соңына қарай когнитивтік ғылымның теориялық бағыттары жетіліп, тамырын тереңнен тартып, терең зерттеліп қанатын кеңге жая түсті. Осы тұста Дж. Лакофф, Р.Лангакер, Т.Ван Дейк, Дж.Хэйман, Х. И. Шмидт, М. Джонсон, М. Виттенштейн, Г.Н. Сент сияқты шетелдік ғалымдардың когнитология саласына қатысты зерттеу еңбектері жарық көреді. Зерттеушілер танымдық ғылымдар аясында тілдің «әлемнің тілдік бейнесін» сипаттаудағы қызметіне айрықша назар аударады. 1975ж. Дж. Лакофф пен Г. Томпсонның «Когнитивті грамматиканы ұсынамыз» атты мақалалары, 1985ж. Ж. Фоконьенің «Ментальды кеңістік» атты еңбегі 1987ж. Р. Лангакердің «Когнитивті грамматика негіздері» атты зерттеуінің 1-томы, ал 1991ж. 2-томы жарық көрді. Танымдық мәселелерге өзіндік тұжырыммен келген зерттеулер қатарында ғалымдар Дж. Лакоффтың «Әйел, от және қауіпті заттары» мен М. Джонсонның «Тән ойлау үстінде» атты кітаптарын да атап өтеді. 80-жылдардың аяқ шенінде «Бенджаминс» баспасынан Б. Рудзки-Остынның басқаруымен дайындалған «Когнитивті лингвистика мәселелері» атты көлемді мақалалар топтамасы да шығарылды. Осындай ғылыми зерттеулердің қайсысы болмасын тілдің танымдық ерекшелігін әр қырынан сипаттай отырып, когнитивті лингвистиканың теориялық ұстанымдары мен бірліктерін айқындауға, танымдық элементтердің адам санасында жүзеге асу, қызмет ету өзгешеліктерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосқандығы мәлім. Сол секілді когнитология саласындағы Чейф программасы жады қызметін ұйымдастыру теориясы деп аталып, жадының түрлері мен ерекшеліктерін белгілі бір жағдайларға қатысты зерттеуге бағытталды. Осыған орай, ғалым жадының үш

түрлі сипатына анықтама берді: атүсті, қысқа мерзімді және ұзақ уақытты жады деген түрлерінің жіктеліп шыққандығын көруге болады. Р. Шенк пен оның шәкірттері адамның ойлау, әрекеттерін сұрыптайтын кешенді теория мен концептуалды байланыстар тілін ойлап шығарды, оның негізінде ауысудың екі түрі жатты: Р-Trans-физикалық ауысу; М-Trans-интеллектуалды ауысу болып табылады. Тіл мен танымның арақатысын толық қабылдай қоймаған бұл ілімнің нақты танымдық үлгілерді құрастыруда, түсіну процесіндегі танымдық күтудің маңызын сипаттауда өзіндік қол жеткізген жетістіктері де болды. Ғалым зерттеуіне қызығушылық, түсіндіру, жады, күту секілді категорияларды арқау етіп, алғашқы когнитивті теориялық бірліктердің тізбегін, когнитивті операцияларды немесе концептуалды нәтижелер заңдылықтарын ұсынғандығын көруге болады. Дж. Лакофф бағдарламасына когнитивті модельдер, семантика, лингвистикалық гештальт, семантикалық прототип теориясы, метафора теориясы сол секілді санаға тәуелсіз шығармашылық деңгейде жүзеге асатын танымдық процестер сияқты мәселелердің де енгендігін көруге болады.

Н. Хомский негізін қалаған фразалар мен сөйлемдерді құрастырудағы морфемаларды тіркестірудің жалпы ережелері тіл біліміне маңызды өзгерістер әкелген құнды тұжырымдар қатарында бағаланып, универсалды, кейде генеративті грамматика деп аталды. Ғалымның зерттеулері көптеген осы бағытты зерттеушілерге бағдарлам болды десек те болады. Ж.Фоконьенің ментальды кеңістігі танымдық бағытты дәстүрлі логика-прагматикалық мәселелерімен байланыстырудан туындаған.

1990 жылдарға дейін когнитивті тіл білімі бір-бірімен тоғыса қоймаған жеке зерттеу бағдармаларын, ғылыми көзқарастар жиынтығын құрады. Оған жоғарыда аталған еңбектерге қоса, тілшілер маңызды танымдық қорытындылар жасаған Т. Ван Дейктің, Дж. Хэйманның, Т. Гивонның ғылыми көзқарастарын да жатқызды. Когнитивистер тек 1980-1990 жылдардан бастап дүниеге келген жұмыстар ғана жаңа сипаттағы, тың үлгідегі когнитивті зерттеулердің бастамасын құрды деп есептелінді [10].

Халықтың болмыс, тіршілігінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын – тіл арқылы көрініс табады. Тілді танымдық тұрғыда зерттеу бүгінгі таңда дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі. Адамзат өзін қоршаған дүниелегі әлем бейнесін қалай таниды, ұлттың дүниеге деген көзқарасы негізінде менталитеттік танымдар қалай пайда болады деген сауалдар осы когнитивтік лингвистикада қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. М.: Наука, 1997. -289 с.
- 2 Демянков В.З. Когнитивизм, когниция, язык и лингвистическая теория. М., 1987.48.
- 3 Дж. Лакофф. Лингвистические гештальты // Новые в зарубежной лингвистике. М., 1981.
- 4 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. авторефераты.- Алматы, 2004, - 251 б.
- 5 Хомский Н. Язык и мышление. М., 1999.
- 6 Манкеева. Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным 2001, №4, 39-43 б. Платон. Письма-М., 1972.-Т 5.-С.343.
- 7 Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика-психология-когнитивная наука// ВЯ.-1994.-№4.-С. 36-40.
- 8 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Минск: «Тетра – системе», 2004.-255с.
- 9 Т.А.Ван Дейк и В.Кинч. Стратегии гноимания связанных текста. // Новсе в зарубежной лингвистике. Москва, 1988.-212с.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ТАБИҒАТЫ

САПАБЕКОВ Д. Қ.
PhD докторы, Павлодар қ.
ИСКАКОВА А. О.
магистрант, ИнЕУ, Павлодар қ.

Мақал да, мәтел де қазақ тіліне араб тілінен енген сөздер. Мақал араб тілінде - طـلـ [maqal] - “орынды айтылған сөз” (араб тілінде: “Ли келли маканин мәқал” - “өз орнында айтылуға тиісті сөз” деген нақыл сөз бар екен). Қазақ мақал-мәтелдерін ауыз әдебиетінің жанры ретінде зерттеу, табиғатын айқындау, шешендік сөзге, көркемсөз өнеріне қатысты аспектілері мен қыр-сырларымен шұғылданушылар, негізінен, әдебиетші мамандар. Осы орайда қазақ мақал-мәтелдері туралы пікір айтпаған әдебиетші жоқтың қасы. Ал, мақал-мәтелдердің табиғатын арнайы сөз етіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындауға ат салысқан әдебиетші ғалымдардың қатарында М. Өезов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Н. Төрекулов, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, М. Базарбаев, С. Қасқабасов, С. Нұрышев, Б. Ақмұқанова, т.б. атауға болады.

Мақал-мәтелдердің табиғатын танып-білуге атсалысушылардың екінші бір тобына тіл мамандарын жатқызуға болады. Бұлардың зерттеу объектісіне мақал-мәтелдердің тұрақты тіркес ретінде атқаратын кумулятивтік қызметі, құрамдық-құрылымдық, мағыналық даму заңдылығы, қолданыс ерекшеліктері жатады.

Осы орайда қазақ мақалдарын зерттеген тілші ғалымдардың есімдерін айта кету артық емес Мысалы: Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Ө. Айтбаев, М. Мұқанов, З. Ерназарова, Қ. Бейсенов, Ғ. Тұрабаева, А. Нұрмаханов, С. Сәтенова, Дина Б., Сағын Б. т.б.

Мақал-мәтелдердің әдеби табиғаты мен тілдік ерекшеліктеріне арналған нақтылы зерттеулерде, көбінесе, олардың жалпы құрамдық, мағыналық даму заңдылықтары мен іштей жіктелу принциптері т.б. қарастырылады.

Зерттеу жұмысымызда ретіне қарай біз осы мәселелердің біразына арнайы тоқталмақшымыз. Осы тарауда зерттеушілер тарапынан көбірек сөз болатын мақал-мәтелдердің жалпы сипаты, мақалдар мен мәтелдердің тақырыбына байланысты.

Мақал мен мәтелдердің жалпы сипаты мен болмысына қатысты пікірлерлерге тоқталар болсақ, олар сан алуан.

Мақал-мәтелдерге байланысты көп мәселенің бір түйіні олардың жалпы сипаты мен болмыс-бітімі төңірегінде шоғырланған. Мұнда әрбір зерттеушінің өзіндік таным-түсінігі баяндалған. Олар қалай айтылмасын және кім тарапынан айтылмасын, бір-бірін қайталау, толықтыру арқылы, бәрі бір идея, бір түсінік төңірегінен тоғысады. Ол идеяның түйіні, сайып келгенде, мақал-мәтелдер - қай тілде болмасын, халық даналығының қайнар көзі, ақылман ойшылдар, ділмәр-шешендер, айтқыш даналар сөзінің мәйегі, ұйытқысы. Осы арнада сөз қозғасақ, білгір мамандар мен зиялы қауым тарапынан айтылып, жазылып келе жатқан пікірлер көп-ақ. Солардың кейбіреулерін ғана атап өтейік. Мәселен, белгілі орыс ғалымы П. Жуковский: «Пословицы великолепно закрепляют в памяти и уясняют различные стороны народной жизни и выдающиеся события... Пословицы и поговорки обозначают отношение народа к существующим еще теперь и недавно исчезнувшим явлениям жизни, поэтому при их помощи легко установить некоторые черты жизни прошлого» [1, 32.б.] деп, мақал-мәтелдердің белгілі бір халықтың басынан кешірген тарихына, сол халықтың өз өмірінде болған, бірақ бола бастаған, не біржолата ұмытылған құбылыстар мен оқиғаларға деген көзқарасын, жадындасакталған өткен өмірелестерін жаңғыртатын, мән-мағына сын түсіндіретін тіл деректері дегенді аңғартады.

Қазақ халық даналығының ұйытқысы - мақал-мәтелдерді көп жылдар бойы жинақтап, зерттеп, жүйелеп, өндеп, жариялап келе жатқан, сондай-ақ мақал-мәтелдер қорын өз туындыларымен де, аудармаларымен де толықтырып, бұл салада ерекше еңбегімен танымал болған әйгілі ақын Мұзафар Әлімбаевтың да бұл құбылысқа деген өзіндік көзқарасы мен пікірі бар. Ол: «Мақал дегеніміз өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысын да шарт немесе жалпы байымдау, соңғысын да қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық накылы. Мысалдар: «Түз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді» «Кісіелінде сұлтан болғанша, өзелінде ұлтан бол « т.б ., ал «мәтел дегеніміз – халық арасында көп тараған, қорытындысыболмайтын. Тұжырымытиянақталмаған, қарама-қарсышөндестіруіжөк, ықшам де кестеліхалықсөзі: «Апамажездемсай» т.б [9, 18-б.] – депкөрсетеді.

Жоғарыда барша тілдерде кездесетін әмбебап құбылыс - мақалдар мен мәтелдердің болмысын, табиғатын анықтап, сипаттайтын пікір-тұжырымдардың біразы келтірді. Бұл ой-пікірлер әрбір автордың бұл құбылысқа деген әр түрғыдан қарап айтқан көз қарасы болса да, түптеп келгенде, біртұтас ортақ ұғым төңірегінде тоғысып тұр.

Дегенмен, олардың әрқайсысына зерделей қарап, талдап-тарата білген зерттеушіге мақал-мәтелдер туралы осы мағлұматтың өзі де көп нәрсені аңғартатыны даусыз. Түйін деп айтылған бұл пікір-тұжырымдарда мақал-мәтелдердің табиғаты туралы жалпы түсініктер мен қатар өзіндік үрдісі, терең сыры, нақтылы мәні бар практикалық, теориялық мәселелер де аз емес.

Көлемі жағынан барынша шағындығына қарамастан әрқайсысы жеке тұрып келелі ой, кемел пікірді жеткізетін, өз дәуірінде кейінгі заманның повесть, романы секілді сүйекті жанрларының жүгін арқалаған мақал жанрының қадір –қасиетіне қай замандағы болсын кемегерлердің қатты ден қойғаны мәлім. Өйткені, онда беріден алғанда, әріден алғанда күллі адам баласының жер бетінде ұжданды тірлік иесі болып өмір кешуіне жол сілтейтін ғибраттылық қағидасы жинақталған. Олай болса әуелден ақырға дейін адам баласының сындарлы, ұжданды-арлы болып өмір сүруін уағыздайтын барша дін атаулымен бұл мұраны түбірлес, рухтас деп таныған орынды.

Рухтас болатын себебі - ақыл-ойдың қазанында қайнап шыққан, шындалуықапысыз кез келген тұжырымды пікір,, бұл кісілік жолында тебіренген жанның, сан тарапқа қармақ салып, ақыры іздегенін ілгендей болған сананың қызметінің нәтижесі. Ол - телегей

теңіз өмірдің тәжірибесінен туындайды. Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы сан алуан. М.Әуезов мақал-мәтелдер жайында былай дейді: «қазақ мақал-мәтелдерінің бір ерекшелігі – оларда халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мен сарындардың мол ұшырасатындығы» [22, 32-б.] - деп білген.

Рас, мақал-мәтелдер белгілі бір қоғамда өмір сүргендердің барлығынан бірдей бұлжытпай орындалуы қатаң талап етілетін заңдар кодексінің немесе дін қағидаларының жинағы емес. Бірақ, сандаған ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан осынау қарапайым қазына - сол халықтың бүкіл болмысына өмір жолын паш ететін елдік ескерткіші болуымен қастерлі.

Тәрбиелі қыз, арлы жігіт, ел қорғайтын азамат, халық қамын қамдайтын ел ағасы, ұлыстың анасы болуға лайық кемегер бәйбіше қандай болу керек, елдің қадірі, жердің қадірі, ата-ана мен ағайынның қадірі неде, осының барлығы мақалдар мен мәтелдерде қапысыз өрнек салған. Өйткені, атамекеннің, оның иесі халықтың елдік болмысы, елдікке жеткізетін қоғам мүшелерінің кісілік келбеті - арлылығы мен әділдігі, өнерлілігі, еңбекқорлығы мен кәсіби шеберлігі, тек ағайын-жекжатпен ғана емес, күллі адам баласымен үлгі қарым-қатынасы, керек десеніз дипломатиялық байланыстарының жөн-жосығын осынау халық даналығының қастерлі мұрасынан қиналысыз табуға болады.

Әрине, мақал-мәтел атаулының бәрінің стилі, калориттілігі бірдей емес. Бірақ, ел үшін қызмет ететін, кей ретте әрқилы түсінуге болатын астарлы ойға қаныққан халықтық қазынадан мін емес, ыңғай да ізгі мақсатқа жолықтырар мағына ізделеді. Мәселен, «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Айырылған ел азады, қосылған ел озады», «Әркімнің туған жері Мысыр шаһары» [23, 25-30-б.] секілді мақалдардың қай-қайсысы болса да туған жер, туған елді қастерлеуге үндейді.

Мақалдар мен мәтелдерді мамұнына қарап, шартты түрде болса да тақырыптарға бөлуге болады. Сондай-ақ, ел өмірін сипатаған қалпына қарай, сөздік құрамына байланысты олардың біразының шамамен қай кезде дүниеге келгендігін де мөлшерлеу қиын емес. Мысалы: «Жұтаған жұртын мақтайды», «Ел даусыз болмас, жер жаусыз болмас», «Хан жарлығынан, қатын жарлығы күшті», «Жаттығуда қиналсаң да, соғыста қиналмайсың» [23, 33-39-б.] секілді мақал-мәтелдер сөз жоқ, қазақтың Кеңес үкіметі заманында, басқа халықтардан естіген накыл сөздерінің, насихат әнгімелерінің әсерімен, өздерінің бастарынан кешіп отырған жайларынан хабардар ететін дүниелер.

Әрине мақал-мәтелдердің авторы да - халық, есінде сақтаушысы да - халық. Бірақ, сол әрқилы заманда өмірге келген мақалдарды кейінгі заман адамының түсініп, қабылдауы әртүрлі болуы мүмкін.

Халықтың сандаған ғасыр бойы өзімен бірге өмір кешіп келе жатқан мақалдары мен мәтелдері кейде уақыт өте келе, қоғамына, дәуіріне қарай сыртқы тонын, тақырыбын, мазмұнын өзгертеді.

Мұхтар Омарханұлы: «Қазақ мақал-мәтелдерінің дені өлең түрінде келеді. Және сондағы сөздердің өзара үндесіп, үйлесіп, ассонанс, алитерациялардың мол болатындығына қайран қаласың» [22, 33.б.] - деп жазады. Өйткені, қалың елдің мұқтажын өтейтін мақал-мәтелдер салықалы ой-иесі, ділмар шешен, адуын мінезді ақындардың араласуымен жасалған. Өмірдің елулі жайларынан қорытынды шығарған ақын, жыраулардың біраз шығармаларының кейбіреулерінен мақал-мәтел аралас сөздердің кездесуін де, иә болмаса пәлен деген би, пәлен деген шешен осындай-осындай оқиғаның тұсында былай деген екен деп айтылатын кейінгіге жеткен мақал-мәтелдерді міне, осы тұрғыда қарау орынды. Мысалы, Ы.Алтынсариннің «Жинақтылық сараңдыққа жатпайды», «Ауырғаннан аяған күштірек» [24, 12-б.], секілді сөздері Абай кұнанбаевтың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді», «Егер ісім өнсін десен, ретін тап», «Жол кұған қазанға жолығар, дау кұған пәлеге жолығар» [25, 52-63-б.] сияқты ойлы тіркестерін бұл күнде, халық ежелден елге етеңе мақалдар мен мәтелдер ретінде қабылдайды. Авторын халық деп есептейді. Ал, шындап келгенде бұл сөздер әлгіндей жағдайлардың негізінде өмірге келген туынды екендігінде дау жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жуковский П. История слова / П. Жуковский. Москва: 1914. – 580 б.
- 2 Көрұғлы Х. Пословицы и поговорки персидского языка / Х. Көрұғлы. Москва, 1973. 230 б.
- 3 Гермеков Г. Пословицы и поговорки народов востока / Г. Гермеков. – Москва: Педагогика, 1972. – 320 б.
- 4 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы / М. Әуезов. Алматы, 1960. 394 б.
- 5 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері / Ө. Тұрманжанов. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 220 б.
- 6 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті / М. Ғабдуллин. Алматы, 1958. 305 б.

7 Нұрышев Н. Қазақ халық мақалдарының даму тарихынан / Н. Нұрышев. Алматы, 1959. 128 б.

8 Адамбаев Б. Қазақ халық әдебиеті: мақал-мәтелдер / Б. Адамбаев. Алматы: Ғылым 1996. 527 б.

9 Әлімбаев М. Өрнекті сөз - ортақ қазына / М. Әлімбаев. – Алматы: Ғылым, 1967. – 300 б.

ИНТЕРНЕТТЕ ҚАЗАҚ КЕҢІСТІГІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

СӘУІРБАЕВА Ә. Ж., ТЕКЕБАСОВА К. А.
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.

Нақ қазақ тіліндегі алғашқы контент шетелдегі қандастардың күшімен жасалды деген пікір бар. Әуелде интернетте араб әрпін қолдану қиындық туғызғандықтан, 1998 жылы тұңғыш рет латын әлібімен шығатын қазақ тілді «Ауыл» атты сайт өмірге келді. Сайттың бірнеше жүз ғана тұтынушысы болғанына қарамастан, ол Қытайдағы қазақ ғаламторының бір сатысы ретінде тарихта қалды. Одан кейін 2005 жылы ғаламтор кеңістігіне шыққан massagan.com порталы жастар арасында танымал болды [1].

Дегенмен нақ Қазақ жеріндегі интернеттің туған күніне қатысты тағы бір нұсқа бар. Дәлірек айтсақ, 1991 жылдың сәуірінде «Парасат» фирмасы базасында RELKOM жүйесінің Қазақстандағы алғашқы аймақтық торабы ашылған. Бұл торап UUCP бойынша электрондық пошта қызметін көрсететін. 1994 жылдың 19-қыркүйегінде алғаш рет KZ домені тіркелген. Нақ Қазнеттің пайда болуын осы жылмен байланыстыруға негіз бар сынайлы.

- «Қазнет» терминінің аясына мына ұғымдарды енгізуге болады:
- kz доменімен ашылған Интернет ресурстары;
 - Қазақстандық провайдерлер көлемінде орналасқан басқа да аймақтық аумақ ресурстары;
 - Қазақстандық тұтынушылар үшін қолжетімді шетелдік ресурстар;
 - Қазақстандық ұйымдардың шетелдік өкілдерінің ресурстары.
- 1995 жылы маусым айында бірінші қазақстандық веб-сайттардың - Kazakh Internet Yellow & White Pages (қазір жұмысын тоқтатқан) каталогы шықты. 1997 жылы желтоқсан айында қазіргі уақытта ең танымал қазақстандық веб-ресурстар рубрикаторы каталогының - «Весь www Казахстан» (Catalog.Site.KZ) жобасы жарық көрді. Қазнет тарихын дамытудың және сақтауды жолға қойған жалғыз ақпараттық

ағартушы портал, Қазнеттің үлкен энциклопедиясы – Александр Ляховтың Lyakhov.kz жеке жобасы болып отыр. 1996 жылдың 24 желтоқсанынан бері «Большая энциклопедия Казнета» ақпараттық-ағартушы порталының негізін салды.

Александр Егорович Ляхов - «Интернеттегі пиар - бұл шекарасы жоқ соғыс» деген пікір айтқан Қазақстанның танымал спорт журналисті, жеке блогының веб-баспагері. «Қазақстандағы интернет бірлестігінің» вице-президенті.

1997 жылы «Қазақстандық Интернеттің бейресми әкесі» саналатын ол «Весь www Казахстан» қазақстандық веб-ресурстар каталогының жобасын іске қосты [2].

1998 жылы Интернеттің қазақстандық бөлігінде алғашқы виртуалды дүкені мен Guide Park тауарлар каталогы пайда болды;

1998 жылдың қыркүйек айынан бері Қазақстанда Интернет арқылы тұрақты радиохабар жүзеге асырылады. Алматы қалалық радиохабар түйінін Алматытелеком MOT сервері арқылы RealAudio технологиясын қолдана отырып хабар таратты.

1998 жылдың қазан айынан бастап, тұңғыш рет Казнетте университет ресурстарына - «ҚазМУ электронды каталогы» (авторы Мәмбетәлиев Қ.) қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн жүйесі іске қосылды. Аталған жүйе қазір lib.kazsu.kz сайтында қолданылады.

1999 жылы IANA халықаралық ұйымы «Желілік информацияның қазақ орталығын» жоғары деңгейлі .kz доменді атауын қолдау ісі бойынша менеджері ретінде тағайындады [3].

С. Дуванов өзінің «Веб-журналистика: опасные тенденции» атты мақаласында: «Қазақстандағы интернет-журналистиканың қалыптасуына басты себеп болған 1996 жылғы негативті саяси процесстер» - деп атап көрсетеді. БАҚ-ты жаппай монополиялау науқаны қызған кезде «Караван», «Новое Поколение» газеттерінің, «РИК» радиосының, «КТК» телеарнасының басшылығы мәжбүрлі түрде ауыстырылған болатын. Ал осы процесстердің нәтижесінде науқаннан аластатылғандар өздерінің саяси (саясаткерлер үшін) және шығармашылық (журналистер үшін) мүдделерін дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жария ете алмайтындықтан, ол мүмкіндіктерін виртуалды кеңістікте іске асыруға кірісті. Алғашқы кезде интернетті пайдаланушылардың саны шамалы ғана болғандықтан сыналған шенеуніктер бұл үрдіске аса көп мән бере қойған жоқ еді. Аз уақыттан соң жүйедегі жағымсыз ақпарат қағазға шығарылып ел арасында таратыла бастады. Сөйтіп, интернеттің аудиториясы кеңейді.

Бірте-бірте KZ доменімен тіркелген сайттар арта түсті. Дәл қазіргі олардың саны 100 мыннан асып жығылған екен. KazNIC Қазақстандық жүйелік ақпарат орталығының деректеріне сәйкес KZ домені 100360-нан асып кетті. Оның ішінде ең көп тіркелген қала Алматы. Оның үлесінде 60%. Астанаға 14% тиесілі. Тағы 45%-ын Hoster.kz сайты тіркеген.

Ал нақ.КАЗ доменінде Алматының үлесі 58%, Астанада 18% және жоғарыда аталған Hoster.kz-ке 48% тиесілі.

Бүгінде Қазақстандағы домендерді «Қазақ ақпарат орталығы торабы» (KazNIC) береді. Ол ҚР Әділет министрлігімен 1999 жылы қыркүйекте мекеме формасында коммерциялық емес ұйым ретінде тіркелді.

Қазір Қазақстанда сайт жасау жөнінен алғаш болып осы қызметті бастаған Hoster.kz атты хостинг компания көш басында тұр. Оның басты қызметі веб-сайттарды жобалау, дизайнын жасау, доменді тіркеп, сайтты Интернетте орналастыру және кейін сайтты жаңартып отыру. Бұл компанияның домендерге белгілеген бағалары .kz – 1400 теңге, .com.kz - 1400 теңге, .com., net., org – 2300 теңге.

Барлық сайттардың 62,5% .KZ аймағында тіркелген. Ол шамамен 62000. KazNIC мәліметіне сенсек, .КАЗ доменінде жұмыс істейтіндер азырақ, шамамен барлық үлестің 30%.

2007 жылы халық ішінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды жас шамасының топтамасы бойынша ең белсенді пайдаланушылар 25-54 жастағы адамдар болып, бұл сұралғандардың 48,8%-н құрады. Білім деңгейі бойынша пайдаланушылардың жартысынан астамын бакалавр атағы бар респонденттер және орта кәсіби білімі барлар құрады. Компьютерлермен жұмыс істейтін негізгі жұмыс орындары мектеп, университет - 30,6%, үйде компьютермен сұралғандардың 27,2% пайдаланады.

2006 жылы ғаламторды Қазақстандықтардың 32,5% тұтынса, ең көп пайдаланушы Астана қаласының үлесінде болған, ол 65.1%. Одан кейін Қарағандылықтар 56,1. Ең аз тұтынатындар қатарында Оңтүстік Қазақстан 8,5% мен Қызылорда облыстары.

Ал Қазнеттің 2013 жылғы статистикасы алдыңғы жылдан біршама өскен. Дегенмен, KZ доменіндегі нақ қазақ сайттарының үлесі жиырма пайызға жетер жетпес. Бұл Қазақ желілік ақпарат орталығының директоры Павел Гусевтің соңғы берген мәліметі. Бұл сан жыл сайын 20-25 пайызға артып отыратын көрінеді. Ал көршілес Ресейде RU домені 2012 жылы-ақ 4 млн-нан асып кеткен екен.

Жалпы интернет қолданушылар Қазақстанда ел халқының 65,6%-на жетті. Өткен жылы халыққа барлық байланыс операторлары

арқылы телекоммуникациялық қызметтің ауқымды тізбесі ұсынылған болатын. Ал 2013 жылдың 1-қаңтарында интернет желісін пайдаланушылар саны 65,6%-ға жетті. Бұл 11 миллион адам.

Жақында NetIndex компаниясы 188 мемлекеттегі ғаламтор жылдамдығының рейтингін жасап шықты. Бұл тізімде желіден ақпарат жүктеп алу жылдамдығы бойынша Қазақстан 52-орыннан көрінді. Көрсеткіш – 13,64 Мб/с. Рейтингтің көшбасшылары ретінде Гонконг (69.01 Mbps) пен Сингапур (59.13 Mbps) танылған, ал үшінші орында Румыния (54.96 Mbps) тұр. Басқа да мемлекеттердің көрсеткіштері туралы айта кетсек:

Литва – жетінші орын;

Ресей – жиырма тоғызыншы орын;

Украина – отыз үшінші орын;

Қытай – қырық үшінші орын;

Қырғызстан – сексенінші орын;

Өзбекстан – жүз жетпісінші орын;

Аталған компанияның анықтауы бойынша, жалпы ғаламтордың әлем бойынша орташа жылдамдығы 16,31 Мб/с көрсеткішті құрайды екен. Мұндай нәтиже бірнеше тексеріс пен тест қорытындысы бойынша жарияланған [4].

Бүгінгі күні Қазақстанда таза қазақша шығатын сайттар саны төрт мыңнан асып жығылады. Ай сайын олардың қатары елу шақты сайтпен толығып отырады. Оның көпшілігі заманға сай безендірілген, талаптарға сай келетін ақпараттық-танымдық сайттар. Арасында атауға тұрарлық, көш бастап тұрғандары «Ұлт», «Абай», «Массaget», «Нұр» сайттары. Ұлттық нақышы бар, қазақы құндылықтарға негізделген жаңа сайттар ашылды. Kerekinfo.kz, Aitaber.kz, Jaqsy.kz, Massaget.kz, Tumble.kz, Yvision.kz және т.б. Бұл сайттарда күнделікті барлық теле арна, радио, газеттер мен жаңалық порталдарында жарыса айтылып жататын ақпараттан бөлек, тың мәліметтер, әңгімелер, қызықты репортаждар, ойтолғау, эссе немесе қоғамдағы оқиғаға қатысты жақсы, ерекше комментарийлер, пікірталастар жиі көрініс табады. Сондай-ақ «El.kz», «Kaztube», «baq.kz», «BNews», «Қазақстан 2030» сынды бес сайттың басын қосқан Қазконтент акционерлік қоғамы жұмыс істейді. «Қазконтент» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Қыдырма Айдос Арғынбайұлы. Оқырманға алғаш таныс болып, көңілінен шыққан «BNews.kz» ақпараттық порталы болды. Ол жаңалықтарды оқиға орнынан барынша кең форматта, жедел 3 тілде таратады. Материалдары сурет, инфографикамен безендіріледі. Журналистік

зерттеу, кең көлемдегі мақалаларды да табуға болады. Сондай-ақ видео-конференциялар, сұхбаттар ұйымдастырылып, Президент жанындағы орталық коммуникациялар қызметінің отырыстарын және Үкімет отырыстарын онлайн режимінде көрсете алады.

Экономика мен бизнес, саясат, қоғамның ең басты жаңалықтарынан бөлек, кинафиша, спорт пен денсаулық, кино әлемі, технология және авто жайында арнайы айдарлары бар. Үнемі жаңартылып, өзгеріп отыратын арнайы жобалары да бар. BNews.kz -CountZero рейтингінің «Жаңалықтар және БАҚ» санаты бойынша Қазақстандық үздік ақпараттық порталдардың үштігіне енген.

Ал «Baq.kz» қазақ тіліндегі жаңалықтарды күнделікті жариялап отыратын сайт. Оны күнделікті ел мен шетелдік 10 мыңға жуық интернет қолданушы пайдаланады екен. Дегенмен, кемшіліктері де жоқ емес. Таңертеңгілік жаңалықтарының көбі ескірген болады. Өйткені алдыңғы күні телеарналарда шыққан қызықты материалдарды көшіріп қоя салады. Астына авторлығын білдіргенімен, бұл рұқсатсыз пайдалану болып саналады. Жарнамалық бөлігі де бар [5].

«Ult.kz», «Minber.kz», «Munara» сынды өз күштерімен шығатын жас порталдар бар. Олардың басты проблемасы да осы қаржымен байланысты. Өйткені көптеген ақпарат құралдары кірістің елу пайызына дейін жарнамадан өндіреді. Ал аталған сайттарда жарнама жоқ. Тек өз бағыт бағдары, саясаты бар.

«Ұлт» бір жарым жыл көлемінде өз күштерімен шығып келе жатқан тәуелсіз интернет басылымдардың бірі. Бас редакторы - ақын Ақберен Елгезек. Атауында тұрғандай ұлттық мүддені қорғап, саяси, әлеуметтік, мәдени, әдеби тақырыптарды қаузады. «Ұлттың» өзгелерде жоқ бір ерекшелігі – тарихқа тереңнен үніліп, төртен орын бергендіктері. «Ұлт тарихы» атты айдарда кітаптарда жазылмаған, айтылмаған тарихи деректер жарияланады.

Қазақ интернетінде айтарлықтай үлес салмағы бар «Нұрмедиа холдингі» атап өтпеуге болмайды. Оның құрамында 1 телеарна, 2 радиостанция және 8 газет бар. 2013 жылдың қазан айында холдинг аясында 3 жаңа сайт ашылды. «Munara.kz» және «Remarka.kz» сайттары холдингке қарасты БАҚ өкілдерінің жаңалықтарынан құралған агрегатор сайт болса, «АйнаLine» сайты жастарға арналған ақпараттық портал қызметін атқармақ. Сондай-ақ сайттарға өңірлерден 30 меншікті тілші жұмыс істейді. Ақпараттық-сараптамалық бағыттағы бұл сайттарда сондай-ақ колумнист жазбаларына да орын берілген. Сайттардың басты ерекшелігі - мультимедиялық контенттің мол болуы.

Қазан айында ондағы «Нұр Астана» газетінің баспа түрі жабылып, онлайн басылымға айналып еді. Мұны басылымның бас редакторы «заман талабына сай қазір кейбір редакциялар жанынан интернет-редакция құрылып жатыр. Біз де сол талаптың үдесінен шығуға бел будық», - деп түсіндірді.

Қазақ тіліндегі ғаламтор сайттардың дамуын нарықтық қатынастың қазақ тілінде жүргізілмеуі тежеп отыр. Елімізде ғаламторға бизнес тұрғысынан қарау енді ғана қалыптасып отырғандықтан, «Электронды ақша» туралы қабылданған заң интернет сауданың көрігін қыздырады, қазақ тіліндегі қызықты контенттің саны ұлғая түседі деген болжам бар. Себебі күн өткен сайын Ғаламтордан қазақ тілінде мәлімет іздейтіндер саны ұлғайып келеді. Қазақ журналистерінің басын қосып отырған kazjur.kz ресурсы қазақ тілінде блог бастауға мүмкіндік береді. Бұдан өзге де қазақ тіліндегі блог бастауға мүмкіндік беретін qazaqbblogger.kz тәрізді тұғырнамалар бар.

Қазақстанның өз ішінде жасалған контенттің дені орыс тілінен аударма күйінде көрініс тапты. Алайда жекелеген адамдардың күшімен сапалы қазақша ғаламтор ресурстардың да пайда болғаны аян. Мысалы, azattyk.kz, arkamedia.kz, tarlan.kz т.б. Сондықтан да қазақ тіліндегі Интернет туралы айтқанда шетелде тұрып жатқан қазақтардың да қазақ тіліндегі жаңа медианың дамуына үлес қосып отырғанын ескеруіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Біләл Қуаныш. Қытайдағы ең алғашқы қазақ сайты – «Ауыл». <http://baq.kz/kk/diaspora/422>.
- 2 Ляхов А.Е. Большая Энциклопедия Казнета. Глава 44. Сайты, домены, IP-адреса или с чего начинается Казнет. <http://www.lyakhov.kz>.
- 3 ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. 2005. № 1 (18).
- 4 <http://massaget.kz/tehnobilesiz-be/15954>.
- 5 <http://kzcontent.kz/ru/>.

«ЖАЛЫН» – ӘДЕБИ КӨРКЕМ БАСЫЛЫМ

СӘУІРБАЕВА Ә. Ж., ЕРЖАНОВА Ә.
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.

Бұған дейінде қазақ баспасөзі мен әдебиет арасындағы тығыз байланыстың бар екендігін үлкен ғалымдар Б.Кенжебаев «Қазақ баспасөзі тарихы», Х. Бекхожин «Қазақ баспасөзінің даму жолдары», сондай-ақ

М. Фетисов өз еңбектерінде жан-жақты қарастырып келді. 20 ғасырдың басындағы қазақ публицистикасын қалыптастыруда айтарлықтай еңбек сіңірген А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Ә. Бөкейханов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин сынды жазушыларымызды ерекше атап өткен жөн. Олар тақырып пен идея, форма мен мазмұн, көркемдік бейнелеу құралдарын жаңа қырынан танытты. Публицистикалық жанр түрлерін жетілдіруде салмақты үлес қосты. Бұл кездері тарихи тақырыптармен бірге, өз заманын толғайтын тақырыптар дүниеге келді. Қоғамның көкейкесті мәселелері шығармаларда көркем кестеленді. Қарымды жазушылар түрлі жанрларда құбылта шығармалар тудырды.

«Әсіресе, қазіргідей тәуелсіздікке қол жеткізіп, ұлттық әдебиетімізді дамытуға бет бұрғанда жаңа көзқарас, жаңа қолтаңба, жаңа суреттеу әдіс-тәсілдерін меңгеру мен заманға лайық шығармалар туғызу кезек күттірмейтін маңызды міндет. Ұзақ процесті керек ететін проза саласы – жаңа тақырыпты меңгеруге дайын еместей көрінеді. Бірақ әдебиет қай кезеңде де заман талабына жауап беріп, өз ісін қалдырғанын, көркем шежіре рөлін атқарғанын білеміз. Қазір көбіне шағын жанрларға қалам тартылуда», - дейді профессор Т. Бекниязов [1]. Бұл өмір шындығы. Қазіргі оқырман мазмұнды, жеңіл оқылатын, ұғымды дүние іздейді.

Ал әдебиеттің бір сүйенетін дінгегі газет-журнал екендігін бұл күнде жұрттың бәрі ұққан. Біздің осы күнгі баспасөзімізде арзан сөз жоқ. Бұл арада ел біржолата баспасөзді оқи білмейді, надан сөз қадірін әлі ұққан жоқ деп елді орынсыз кінәлау қисынсыз. Әрбір әдебиет, ретті әдебиет болам десе, сол оқушының аудиториясын кеңейтуді көздейді. Сондықтан жазушының міндеті: ол неге қызығады, нені көксейді, қандай рухы бар, соны ұғып алу һәм соған лайықтап сөзін жазу. Сондықтан да әдебиет бөлімі бар журналдардың елдің осы тілегін алға тартып, таза әдебиетке бір жол салу, бет түзеуі парызы десек те болады. Бұл жерде, әрине жазушылардың еңбегі орасан [2]. Баспасөз қоғамдық ой-пікір қалыптастырады, оқырман санасына әсер етеді, керісінше, өзі қалың бұқараның ой-пікірімен, әдеби дәстүрімен қалыптасады, солар арқылы дамиды [3]. Егер бұл сөзді басшылыққа алатын болсақ, «Жалын» журналында жарық көріп жатқан қаламы қарымды жазушылардан бастап талапты жас буын қаламгерлердің төл туындылары ешкімді бейжай қалдырмасы анық.

Әдеби процесс—аса күрделі құбылыс. Жыл сайын ондаған кітаптар шығып, әдеби өмірдің табалдырығын аттайды. Профессор Т. Қожакеев: «Фельетон дегеніміз—шағын көлемді, публицистикалық

үнді, әсерлі тілді, сын-сықаққа бай, күлкілі жайлары бар әдеби көркем шығарма»- деген. Ал Н. Г. Богданов, Б. А. Вяземский «Фельетон дегеніміз-бүгінгі таңда өте маңызды өткір сын рухында жазылған, өзінің көздеген мақсатына баяндаудың ерекше тәсілдерін қолдану арқылы жететін әдеби материал»—деп жазады [4].

«Жалын» альманахының 1972-73 жылғы сандарында «Тураби трибунасы» айдарымен бірнеше әдеби фельетондар жарияланып, сынымызға серпіліс әкелгендей. Тураби Туғансызовтың атынан жарияланған фельетондардың дені - жекелеген кітаптарға арналған фельетон рецензиялар. Ә. Райымбековтың «Қазақ поэзиясының жұмысшы образы» туралы фельетон «Көк кітаппен интервью» аталады. Былайша айтқанда рецензияның фельетон-интервью түрі бар. Автор пікір білдіріп отырған кітабымен интервью жүргізеді. Тураби сұрақтар қояды да оған жауапты кітаптан іздейді. Яғни үзінділер береді. Сауал беріп, оған жауап алу мақсатымен кітаптың өзін сөйлету арқылы автор айтпақ пікірлерін ұтымды түрде жеткізе білген. Сол сияқты фельетон-рецензияның ашық хат, монолог, диалог түрлері де осы «Тураби трибунасында» біршама сәтті көрінді. «Ат жақты ақшыл жүздер, аумақты қара көздерде» Ә.Нәбиевтың «Ауыр апталар» кітабының тіліндегі көркемдік селкеуліктер, сөз қолданудағы жетіспеушіліктер автордың монологу түрінде сыналады [5]. Фельетонның басында «Қазаншының еркі бар—қайдан құлақ шығарсаң депті ғой» деген эпиграф-прологтың алынуы, соңында «Әдебиет қазан емес, жазушы қазаншы болуы тиіс емес дейіктің» эпилог, ой қорытындысы ретінде берілуі бір жағынан шеберлікті аңғартса, екіншіден, негізгі айтар ойды салмақтай түскен.

Журналда «Қисық кебеже» атты айдар бар. Міне осы айдармен сатиралық көркем шығармалар да, сын мақалалар да аралас жарияланып келеді. «Жалын» журналының беттерінен қазіргі заманның рухына сай, жастарға тән жалынмен жазылған сын мақалаларды тұрақты айдармен үзбей жарияланып тұрса әдеби сынның өрісінің қанат жаюына зор ықпал етері сөзсіз. Кешегі Әлихан, Міржақыптан бастау алған талай сыншылар легін көреміз. Әлиханның «Қарақыпшақ Қобыланды» жырына, Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастандарына пікір жазған. Рецензияда дастанның өмір шындығына сәйкес келуі-келмеуі, көркемдік сапасы туралы сөз болады. Баспасөз беттерінде әдеби шығармалардың кемшіліктерін сынап, әшкерелеп жататын рецензиялар сирек, ал әдебиетімізге кемел туындылардың қосылып жатқанын қуана

хабарлайтын рецензиялар қатары көбеюде. Бұл қазақ әдебиетінің басына қонған бақ, елеулі табыс екендігін көрсетеді.

Бүгінгі күннің биік талаптары тұрғысынан қарағанда Ә. Кекілбаевтың «Жалынның» 1987 жылғы бесінші нөміріндегі «Асқар биік әлі алда» атты рецензиясына тоқталып көрейік. И. Оразбаевтың «Сұлулық сарасы» кітабына жазылған мұнда жанрдың мүмкіндіктері едәуір көрініс табады. Ең алдымен, көзге түсетін –рецензиясының композициялық құрылымында стандарттық, жаттандылықтың ізі де жоқтығы. Автор шын шеберге тән қолтаңбамен жыр жинағы туралы ойларын жеткізе айта білген. Рецензия Иранбектің жырларына деген ыстық жүрек лүпіліне бөленіп жазылған. Қандай пікір айтылса да жүректен, сезіммен берілгендігі көрініп тұр. Композициялық құрылымы тұрғысынан келсек, мұнан проблемалық мақаланың да шығармашылық портреттің де, тіпті эссенің де элементтері де бар. Әбіш жинақ туралы пікірін бүкіл поэзия контекстінде қарап, білдірген. Кітап авторының мінез-портреті де көрініс тапқан: «Иранбек Оразбаевтың да жұрт алдына жүлқына шығатынына, қабағын тарс түйген тұрғысына, қатқыл дауысына қарап, сондай өмірден данқ, халықтан қошаметті ғана іздейтіндердің сайынан емес пе екен деп қауіптенетінбіз» [6]. «Сұлулық сарасы» рецензиясы әдеби талдауларға негізделген жылы лебізді пікірлер толғанысқа толы. Автор рецензияның өн бойында айтқан пікірлерін тағыда жинақтап, қорытып айтуды артық санаған. Бірақ бұнысы сәтті шығып, көркем шығармадай оқылады.

Е. Дүйсенбаевтың «Көш көлікті болсын» деген материалы шолу жанрында жазылған. Мұнда Н. Раманқұлов, Ж. Тұйықбекова, Б. Ахметов, Б. Телтаев сынды жас ақындардың журнал беттерінде жарияланған тырнақалды туындыларына пікір білдірген. Жалпы, «Жалынның» жас талапкерлердің алғашқы шығармаларымен қоса ол туралы пікірлерді де беріп отыруы-күштілік іс. Бұл халқымызда бұрыннан бар өнегелі де өміршең дәстүрді жастар журналының жаңаша жалғастыруы көңіл қуантады. Сонымен Е. Дүйсенбаевтың «Көш көлікті болсын» шолуында Н. Раманқұловтан «Санамыздың шаңын қағар кез келді, жүректерде дабыл қағар кез келді», Б. Телтаевтың «Дулығалы құба нардай желемін» деген жолдарын сәтті тіркестер ретінде мысалға келтіреді. Осылай екеніне күмәніміз бар. Өйткені, Ниетолланың өлеңіндегі екі жолда «кез келді» деген тіркестің екі рет қайталануын ақындық табысқа жатқызу қиын болар. Ал Бағдаттың «дулығалы құба нардайын» да түсіну екіталай. Дулығаны баяғыда жауынгерлер киюші еді, қара нардың дулығамен

жүргенін көрген де, естіген де емеспіз. Нардың өркешін дулығаға теңесе сөз басқа. Автордың осы ақындардың ортақ кемшілігі деп, «батылдықтың жетіспеуі, әлеуметтік, азаматтық мәселелерді ақындық көрегендігімен шынайы батыл жырлай білмеуінде» деп көрсетуі де тым жалпылама [7]. Тура осы жолдарды қазіргі қазақ поэзиясының тура өзіне бағыштап та айтуға болатын сияқты.

Белгілі ақын, әрі сыншы Аян Нысаналин Қ. Қыбыраевтың, Ж. Ералиеваның, Е. Нүсіпұлының, А. Шәріповтың өлендеріне жанаашырлықпен талдау жасайды. «Егер бал бұлақтар көзі дер кезінде ашылып, аршылып отырмаса, өрепкіген арналы өзендердің күндердің күнінде сарқылуы ғажап емес. Оларсыз адуынды алқарақөк айдындар болмас еді. Алтын қайнары мәңгі сарқылмайтын жырдария да дәл сондай... Балауса бал бұлақтардың алыс айдынға өз әуенімен құя бергені көбімізге көз қуаныш» [7]. Осы жолдардан-ақ бұл материалдардың өз міндетін толық атқарып тұрғандығы айқын көрінеді.

Жастардың шығармаларын журнал беттерінде жариялаумен бірге оларды творчествоға баулу, тәрбиелеу, жылт еткен жақсы жақтары мен мүлт кеткен тұстарын да дөп басып айтып отыру да осы басылымның басты міндеті болып табылмақ. Әрине, шығып жатқан кітаптардың бәріне бірдей сын мақала жазу міндет те, мүмкін де емес. Бірақ елеулілерін атап өтіп, түкке тұрғысыздарынан оқырмандарды сақтандыруға тиістіміз. Ал, бір жанрдағы жаңалықтарды нақтылы тақырыптар бойынша, немесе, белгілі бір уақыттарда жазылған шығармалардағы жетістіктер мен кемшіліктерді саралап айтуға шолу жанры өте қолайлы. Сол себепті де журнал беттерінде жас ақындарымыз бен жазушыларымыздың творчествосындағы жемісті жақтар мен көлеңкелі тұстары даму проблемаларын білгірлікпен, жанашырлықпен талдап саралайтын шолулар мен проблемалық мақалалар қажет-ақ. Жастар журналының соңғы сандарын қарастырғанда оның әрбір санынан творчестволық журналистік ізденістердің іздері байқалады. Басылатын әр материалдың өзіндік айтар ойына, берілу формасы жағына баса назар аударылатын сияқты. Сол себепті де әдеби-сын шығармаларды бергенде бұрыннан қалыптасқан таптуарын жолдардан қашып, оқырман жастардың жүрегіне тура тартатын төте де ұтымды, соны соқпақтар тауып жүруге ұмтылатындығы байқалады. Мысалы, баспасөздің бетінде бұрын онша көп көріне бермейтін сынның сұхбат, интервью, эссе, естелік, сияқты жанрлары журнал бетінен тұрақты орын алады. Б.Қойшыбаевтың С. Ерубаяев, Қ. Ергөбеков пен Ә. Қайырбековтың

Қ. Нұрмаханов, И. Шұховтың әкесі туралы эсселері мен естеліктері, С. Шәймерденовтың және «Кейінгі толқын інілер» айдарымен берілген сегіз жас жазушының интервьюлері, Р. Бердібаев пен М. Құлмұхамбетовтың, Л. Левчев (Болгария) пен Дж. Олдридждің (Англия), Грэм Гриннің (Англия) сұхбаттары-маңызды әлеуметтік, мәдени-әдеби, ғылыми мәселелерді көтерген өзіндік көзқарас, ой-пікірлері бар тұщымды дүниелер. «Жалын» әдеби жанрлардан, рецензия, аннотация, сын жанрларын жаңғыртып, дамытуда өзіндік үлес қосуда. Қазақстандағы мерзімді баспасөзде орны айшықталған, осы уақыт аралығында тұрақты оқырмандары мен авторлары бар. Оларды жалықтырып алмау ниетінде әр жанрда, сондай-ақ әдеби пікірталастар мен әдеби шығармашылық сайыстарды ұйымдастыру да заңдылық. Осындай ұтымды қадам жасау керектігін өз кезегінде «Жалын» журналы әсте ұмытпаған. Мәселен, «Жалын» журналының 2004-2007 жылдарындағы сандарында «Поэзия», «Проза», «Тұсаукесер» айдарларынан әр санда қызықты, мәнді, ең бастысы жарқ еткен жаңалықтар, тартымды да татымды шығармалар тауып оқи аламыз. Әдебиет есігін батылсыздана қаққан әрбір жас өзі тандаған, өзі жалына жармасқалы отырған жанр тарихына бойлауы, бірауық алдыңғы толқын ағалар қаламынан шыққан, қалдырып кеткен дүниелерін имене оқуға міндетті.

Әдебиет саласына өзіндік үлесін қосқан журналист-жазушылардың еңбегін жай ғана елеп өту емес, тағдырына терең бойлайтын эпистолярлық мұра, эссе, мақалалар «Жалын» әдеби-көркем журналында жарық көріп тұрады. Журналда әдеби мұраны насихаттауға, игеруге, қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгісін бағалауда бірқатар материалдар жарияланған. Мәселен, «Жалынның» 2004 жылғы бесінші санында «Мүсірепов және басқалар», осы жылдың оныншы санында С. Ақсұңқарұлының «Анти-поэзия», Исабековтың «Әңгіме жанрының әдеби сипаты» 2006 жылдың оныншы нөміріндегі жариялымдарды айтып өту орынды. Бұл кезең тәуелсіздікке қол жеткізіп, ұлттық әдебиетімізді дамытуға бет бұрған шақ, сәйкесінше халық құндылықтарын жаңғыруды жаңаша жағымды, қызғылықты етіп етіп жеткізу жазушыларға үлкен міндет артты.

Ірі жазушылардың бәрі қаламын әңгіме-шеберлік мектебінен ұстартып шықты. Мәселен, М. Горький, А. Серафимович, А. Толстой мен М. Шолохов...сынды жазушылардың бәрі де романдан бұрын әңгіме жазған. Сол сияқты қазақ совет жазушыларының үлкен ұрпағы да (Б. Майлин, М. Әуезов,

Ғ. Мүсірепов т.б.) алғаш осы әңгімемен көрінген жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы қазақ прозасының дені әңгіме болатын; прозадағы жағымды кейіпкер сол әңгімеден басталған. Бүгінде бұл жанр біздің әдебиетімізде одан әрі дамып, өркен жайып, жан-жақты жетіліп келеді. Өмір құбылысына үн қосқыш, оқушысын тез тапқыш, өткір икемді, сүйкімді әңгіме жанрын дамыту «Жалын» журналының негізгі бағыты десек те болады.

«Жалын» әдеби-көркем журналдың қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрын жаңғырта дамытудағы рөлі орасан. Белгілі қаламгерлердің шығармашылығы хақында талай-талай әдебиеттанушы-ғалымдар өздерінің пікірлерін айтып, ұлттық әдебиетіміздің өрістеуіне септігін тигізіп бағуда. Патсагүл Исабекованың «Әңгіме әлемі» атты шолуы басылды. Жазушы Дулат Исабековтың әңгімелері туралы айтылып, жазылған кейбір пікірлерге шолу жасалған. Көрнекті әдебиет зерттеуші С. Қирабаев Дулат Исабековтың шығармашылығын Кеңестік қазақ әдебиетінің соңғы дәуіріне (1968-1990) жатқызады. Ғалым осы кезеңде «әдебиеттің негізгі жанрларын байытудағы және қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі белсенді қызметінен сөз өнерінің жас күштері алға шыққанын» айта келіп, өздерінің мол шығармашылық мүмкіндіктерін айқын танытқан Ә. Кекілбаев, С. Жүнісов, М. Мағауин, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, Ф. Оңғарсынова, Ш. Мұртаза, Ә. Тарази, М. Шаханов, Қ. Жүмаділов іспетті қаламгерлерден құралған талантты топ қатарына Д. Исабековті де қосады. Д. Исабековтың әңгімелері туралы «Жалында» берілген С. Қирабаев, С. Әшімбаев, Қ. Құрманғали, сыншы-әдебиетші Қ. Ергөбектің ой-пікірлері жазушы шығармаларының дамуын аңғартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бекниязов Т. Журналистің шығармашылық шеберлігі. 123-бет.
- 2 Әуезов М. //Шолпан журналы, 1922ж., №2,3; Басқарма атынан, Қазақ қалам қайраткерлеріне.
- 3 Тайшыбай З. //Абайтану арнасында, Петропавл, Астана, 2006. -259-58 бб.
- 4 Журналист анықтамалығы., А., 1978., 229-бет
- 5 Туғансызов Т., //Жалын. 1973., №1, 121-бет, «Тураби трибунасы» айдары Кекілбаев Ә. //Жалын. 1987, №5, Асқар биік әлі алда.
- 6 Дүйсенбаев Е. //Жалын. 1987, №5, 21-бет. Көш көлікті болсын.
- 7 Исабеков П. //Жалын. 2004. №12. Әңгіме әлемі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ РӨЛІ

СМАҒҰЛОВА З. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
М. Әуезов атындағы № 42 жалпы орта білім беру мектебі» ММ, Павлодар қ.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Әлеуметтік – экономикалық жаңғыртудағы – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауына сәйкес елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспар құрылған болатын. Жоспардың мақсаты – Қазақстанда білім саласын жетілдіру үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылар шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағыты елімізде білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Осындай өте маңызды құжатты негізге ала отырып, менің мұғалім ретіндегі басты мақсатым-білім нәрімен сусындатып отырған жеткіншектерді сауатты және рухани тұрғысынан дамыған тұлғаны қалыптастыру, оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыру деп ойлаймын. Әлбетте, мұғалім білім алушының бойына алған білімін әдістемелік жағдайда тиісті және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіре білуі қажет. Сол себепті, білім алушының басқарушылық, ақпараттық білімін көтере білу мүмкіндігі, коммуникативтік қарым-қатынас жасай білу, әлеуметтік ортада іс-әрекет жасай білу, тұлғалық қалыптасуына қажетті білім, білік, дағдыларды игеруі, таңдаған кәсібін өзі анықтауы, азаматтық, халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін меңгеруі, ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы сияқты негізгі жетістіктерімен қатар пәндік құзыреттіліктерді меңгеріп алу тиіс.

Функционалдық сауаттылық-тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, оларға саяси, рухани-адамгершілік, эстетикалық,

қоғам дамуына белсенді қатысуға т.б. тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінез-құлқын, жалпы мәдениетін қалыптастыру үшін көркем әдебиет құралының бірі ретінде пайдалану-әдебиет пәнінің басты мақсаты болып саналса, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, тұтас айтқанда грамматикасын үйрету-қазақ тілінің басты міндеті болып табылады.

Келешек ұрақ өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған елінің тарихымен, ділі мен тілімен, мәдениетімен, салт -дәстүрімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Әдебиет-оқушыға беймәлім өмірді танытады. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді, тарихты танытамыз. Адамға тәрбие беруші ең бірінші, ата-ана, онан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта екені баршамызға мәлім. Өскелең ұрпақ тәрбиені ата-анадан да, мектептен де, араласатын қоршаған ортасынан да, өздері оқып, танып жүрген қазақ әдебиетіндегі түрлі аңыз-ертегілерден де аларына ешкім күмән келтірмейді. Әдебиет адамға өмірді танытумен қатар, ол адамды тәрбиелейді. Адамның өмірге деген көзқарасына, мінез-құлқына әсер етеді, күллі өміріне ықпал етеді. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық пен жамандық секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғара бастайды. Олар өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді тұлға болып өседі. Жамандыққа аяқ баспайды. Әдебиет арқылы біз оқушы бойында өмір туралы дұрыс талғамды, түсінікті қалыптастырамыз. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындылар арқылы қалаған мамандықты игеріп, өмірден өз орнын табуларына, рухани тұрғысынан дамыған азамат болып өсулеріне тигізетін әсері мол. Ұрпақ бойында ұлттық ұғымдарды сіңіру үшін, біз оқушыға өткен тарихымызды танытуымыз қажет.

Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі тиіс. Сонымен қатар, түрлі көрнекі құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеп, сөздікпен жұмыс жасау, проблемалық сұрақтарға жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды

орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір айтуы, баяндама жасауы, ғылыми зерттеулер жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өздігінен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, сөздіктері, хронологиялық кестелері болуы тиіс. Сонымен қатар, шығармашылық дәптері бөлек болғаны тиіс. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге қысқа әңгіме, мақала, эссе, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік береді.

Тіл мәселесі, әсіресе, небір бұлыңғыр күндерден бастан өткерген қазақ тілінің мәселесі қашан да өткір әрі өзекті болмақ. Қазақ тілі мен әдебиетінің мектепте оқытылуы туралы әркімді де толғандыруы тиіс.

Қазақ тілін оқыту алдында үлкен мақта, міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе болып табылады. Дегенмен, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені озат ұстаздар тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылымы, кеңейіп, байып отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады.

Озық ойлы адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер дамулар мектептің оқыту процесіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда. Жаңа технологияның басты мақсатының бірі-баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Яғни, ғылыми негізде білім беру үшін жаңа технологияларды меңгере отырып, оны сабаққа енгізу педагогтар алдындағы өзекті мәселе екені анық.

Қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдаманы ұсынуға болады:

- оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;

- оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада, қолдана алуға үйрету;
 - Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
 - Әлеуметтік талатарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
 - Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету;
 - Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту;
 - Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыту;
- Қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту-бүгінгі заман талады. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің де маңызы өте зор. Ұстаздардың шеберлігі, яғни шығармашылық жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқушының алдынан шыққан оқушы-өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, дамыған азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, әрбір ұстаз осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені деп есептеймі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұловтың «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының орындалу барысы туралы» мәселе бойынша ҚРҮкіметі отырысында сөйлеген сөзі. Астана. 2012 жылғы 11 қыркүйек.

2 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 жылғы 25 маусым.

3 Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты: Қазақстан халқына жолдауы 27 қаңтар 2012 жыл // Үкімет бюллетені-2012ж.№1-36.

4 Оразақынова Н. Функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2013ж. №2.-18-23 б.

КӨПТІЛДІ ТҰЛҒАНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

СПАНОВА Р. К.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қаратерек жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақстан азаматтарының бейнесі қандай, «ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, досымен достасып, қайғыра да, қуана да білетін халық...». Бұрынғы уақыттағы қазақ елінің үлгісіне біз ХХІ ғасырлықтар, жаңа қазақтар, саймыз ба, заманымыз қандай? Осы және «өз тіліміздің құдіретін, ұлтымыздың мақтанышы, айбаты екенін, орыс және ағылшын тілдерінің қазіргі қоғамдағы маңыздылығын» ұғындыру жолдарын табу мақсатымен мақала арқылы азаматтық үлесімізді ұсынуды жөн көрдік.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының ХІІ құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Яғни, идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Сөздікке жүгінсек, полиглот (грек. polyglottos көп тілдік) – көп тіл білетін адам деген мағынаны білдіреді. Оқушыларға полиглот болудың пайдасы қаншалық – деген сұрақты қойғанда: «әлем адамы, бизнес, интернет арқылы қарымқатынас, туризм, барған елдің тілінде сөйлегенде абыройдың өсуі, әлеуметтік орын сатысы» - кілтті сөздерін тізіп береді. Адам шығармашылық әрекетпен өзі шұғылданып орындағанда ғана тұлға болып дами алады. Мемлекет басшысының «Үштұғырлы тіл» туралы идеясын қолдап, іске асыру керектігін түсіндік. Ауыл мектебіндегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің мамандарымен ақылдасып: «Өмір мен тағдыр өзектес», «Родной край», «Триединство языков через творчество М.Ж. Копейулы», «The genealogical tree Mashkhar Zhusip» атты сабақтармен қатар «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының

шығармаларындағы мақал-мәтелдерді «Үштұғырлы тіл» аясында зерттеу» ғылыми жоба жазу жұмыстарын іске асырдық.

Жүзеге асырылу тәсілдерін ғылыми түрде операция деп атайды. Әрекеттің операцияға айналу жолдарын П. Я. Гальпериннің жасаған ақыл-ой әрекеттерінің кезендік туралы теориясында дәйектелген жолдармен анықтауға болады:

а) Әрекет, алдымен, оқушылардың шамасына келетін, солардың бастапқы біліміне, білігіне, дағдысына икемделген операцияларға бөлінеді. Бұны алдын-ала түсінік алу кезеңі деуге болады.

ә) Сыртқы әрекет, бұл кезеңде әрекетті игеру заттар мен олардың белгілерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

б) Мұнан әрі операцияның қысқаруы (автоматты жүзеге асуы).

в) Соңғы кезең ішкі тілдік түрге енумен сипатталады [1].

Өздігінен іздендіре оқытуда жаңа материалды мұғалімнің дайындаған жетекші сұрақ-тапсырмалары арқылы талдап, тануына зор көңіл бөлінеді. Талданбаған нәрсе бала жүрегіне жетпейді. Талдау – бірлескен ізденіс. Ізденіс барысында мұғалім әр баланың көңіл-күйін бақылауға, ой-пікірін байқауға мүмкіндік алады. Интеллект деңгейін анықтай алады.

«Өмір мен тағдыр өзектес» - сабағының қысқыша конспекті.

Мақсаты: 6-8 сынып оқушыларының көзімен «Бала Мәшһүрдің алғырлығы мен тапқырлығы талайды таң қалдырған» атты мақаланы оқып «өмір», «тағдыр» ұғымдарының мәнін ашып, олардың өзін-өзі танудағы орнын анықтауға, адамның рухани дүниесін бағалай білуге баулу.

Міндеттері: адамның ішкі мүмкіндіктері туралы ұғымды кеңейту және тереңдету; өмірге қанағат сезімі және өмір қиындықтарын жеңуге талпынысын дамыту; өзін-өзі бағалау және өз күшіне сену сезімінің пайда болуына ықпал ету;

Әдіс-тәсілдері: әңгімелесу, пікірталас, шығармашылық жұмыс.

«Әр бір адам қандай да бір іс үшін туады» деген тұжырыммен келісесіз бе?

«Өмір», «тағдыр» ұғымдарын қалай түсінесіз?

«Рухани дүние» - дегенді қалай түсінесіңдер? - тақырыптар бойынша оқушылардың назарларын жаңа ұғымдарға аудартып, ол ұғымдар жайлы терең түсінік береді.

Білімалушыларды топ-топқа бөліп «Өмірді неге теңейсің» тақырыбында сурет салдырту. Салынған сурет бойынша талқылау жасау.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Сізге тапсырма ұнады ма?

-Өмірлік коллажыңызды қалай түсіндіресіз?

-Есіңізде қалған қызықты кездеріңізді айтып бере аласыз ба?

-Бүгінгі күндегі маңызды кезеңін көрсетіңіз.

Осы сабақта салыстыру әдісін қолдандық. Салыстыру (философиялық сөздікте – объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау. Қорытудың алғы шарты делінеді). Салыстыру неғұрлым қарапайым, бірақ аса мәнді ойлау операциясы, оқушының талдау, жинақтау қызметінің маңызды жағы заттар мен құбылыстарды салыстырмайынша олардың елеулі белгілері анықталмайды. Шығыс пен Батыс менталитетінің айырмашылығын, мәселе сәйкестіктің болмаған болмағанында емес екендігін тіл арқылы (фильм, мультфильм, ертегілер, мақал-мәтелдер т.б.) меңгеру жолында.

«Мәшһүр Жүсіп – ақын, фольклоршы, этнограф, публицист, ағартушы деп айта бермей, атақты жерлесіміз де балалық шақтан өткен, ол да өзінің жасына сай әке-шешесін сағынып жүрген, «сен көп білесің» деушілерді де қабылдай білген» деген ойларымен бөлісті.

«Родной край» атты сабақтарының шеңберінде: «Жақсылықтан жақсылыққа» сабағының қысқыша конспекті.

Мақсаты: Адам қарым-қатынасындағы жақсылық ұғымы туралы түсінік беру.

Өзінді тану

Жақсы болу – өзіңнен,

Жаман болу – өзіңнен.

Өзінді өзін ая да,

Өзің үйрен, өзіңнен. Ө.Ақыпбеков

Жақсы адам – ол қандай адам?

Жақсылықтан жақсылыққа видеөзінді көрсету.

-Балалар сендердің бойларында осындай қасиеттер бар ма?

-Сендер кімдерге қандай жағдайларда жақсылық жасадыңдар? Сол сәтте қандай сезімге бөлендіңдер?

Оқушылар жастарына сай мынадай ойларын білдірді:
«фильмен»: «қазіргі заманда, әсіресе қала балалары мәңгірттеніп, ата мен анадан гөрі көше тәрбиесінің әсерімен қалыптасып жатыр. Ата мен ана материалдық мүдде (ас, киім) іздеп кетеді, бала көңілі далада (қала) көшесінде. **Әке мен ұл, Шеше мен қыз** араларында бірін-бірі түсінбеушілік туындайды», «қалада жаз мезгілінде оқушыларға көшедегі шөпті жинатады, бірақ ол 300 адам болсын, басқалары әке-шешелеріне көмек бере алмайды», Абайдың, Мәшһүрдің ақыл-нақыл сөздерін жаттап алдық, ал басқа біреуге ақыл айтсақ - «стрелка» болмай ма?»

«Ақ сүйектер» деген ұғым бүгінгі күні бар ма? Бұрынғыдай тектілерге сөз қайтармайтын, ана тілін меңгерген, әлеуметтендірілген тұлға – олар кімдер?..» «...замандастарыма бір ұсыныс: «Әкенізден руыңызды, жеті атаңызды сұрап, жазып алыңыздар, нағашы жұртты да ұмытпаңыздар, үлкендерді соңғы модельді машинамен апарғанда той иелеріне сәлем бермей той-домалақтан кетпеңіздер, сіздер таксист емессіздер ғой» дегенді білдік.

Жәрменке. Оқушылар қағазға жаман қасиеттерін жазады. Бәрі бірге шеңбер құрып тұрып жаман қасиеттерін жазып сатады. Жаман қасиеттерін ешкім алмайды.

Қорытындылау. «Жақсылық жасау – әр адамның қолынан келеді. Жылы жүрек, ақ ниет, нәзік сезім адамды жақсылыққа бастайды. Жақсылықтан жақсылыққа ұмтылу адамды бақытқа, игілікке жеткізеді» демей, «нақты - бүгінгі сабаққа қатысқандар, ешкім сатып алмаған жаман қасиеттерінді қағазға тізіп жазып, әр күн сайын құтылуға жол алыңдар. Өмір – уақыт, босқа өткізіп алмаңдар. Сонымен бірге, дұрыс бағыт байлыққа апарарын есте сақтандар: рухани және материалды байлыққа» деген түйіндеме жасалды.

«Аңыз адам» шеңберіндегі жұмыстардың қысқаша конспекті: Бұрынғының адамы түнгі аспанда жарқыраған жұлдыздарға көп мән берген. Бізде ғаламатқа .. жер бетіндегі жұлдыздарға көз нұрын аударайық. Елбасымыздың айтқан жолдауының іске асуының бірден-бір нышаны ретінде қабылдайық деп ғылыми жобаны «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы мақал-мәтелдерді «Үштүғырлы тіл» аясында зерттеу» деп қолға алдық.

«Мәшһүр Жүсіп мұрасы қазақ халқы үшін несімен құнды?» сұрағына оқушылар қазақтың ұлы ақыны, данышпан Абай Құнанбаевтың - Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Дегенмен, ол ақын болғанымен Құдайға жақын. Сондықтан да Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой; қазақтың тұңғыш кәсіпқой палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының - Мен ол кісінің алдына барып, тізерлеп тұрып өзім жеңілер едім; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шөбересі, ф.ғ.д., профессор Нартай Жүсіповтің - Орыс халқының атақты фольклоршысы Василий Васильевич Радловтың жинағын қолына ұстаған адам. Мәшһүр Жүсіп бұл кісімен 23 жасында, 1881 ж. танысып, көп уақыт қолында болған. Мәшһүр Жүсіп кімнен не алса да ескертіп отыратындығын есте ұстаған жөн. Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары ішіндегі мақал-мәтелдердің тақырыптары: адамның мінез ерекшелігі, бітімі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, т.б. Жинаушылық қызметін зерттеушілікпен қатар жүргізген – деп қоя салмай, осы адамдардың әлемге әйгілі екендерін айтып, еңдеше

осы азаматтарды тамсандырған Мәшһүрді әлем тілдерінде таныту уақыт сұранысына сай келгенін айқындады.

Зерттеу барысында 50 мақал-мәтел қарастырылды, фольклор үлгілерін Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жиған-терген еңбектерінен алып отырдық. Жұмыстың косымшасында: а) Қазақ тілінің мақал-мәтелдеріне орыс, ағылшын тілдерінен дәлме-дәл аударма, ә) Біздің ауылымыздың адамдары күнделікті өмірде кейбір мақал-мәтелдерді жиі-активті түрде, ал кейбіреуін сирек-пассивті түрде қолдануын анықтадық.

Зерттеудің өзектілігі – өз отандастарымыздың, шет елдерінің өкілдерінің назарын қазақ тіліндегі ауыз әдебиетіне, фольклоршы ғалымдардың еңбектеріне аударту, Қазақстан елінің мәдениетімен таныстыру болды.

«Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға «алаш» деген ат аламын,

Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын!» - Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Мәңгілік елдің тілінде айтылған даналықпен бөлісу – мақтаныш емес пе! «Слово, сказанное в нужное время в нужном месте, порой определяет судьбу человека. Человек не зависит от языка – ему стоит лишь научиться понимать и дружить с ним»; «Выразительное чтение переведенных на русский язык, а 2009 г. и на английский язык произведений великого земляка расширяет интеллектуальные и духовные накопления на высоком культурном уровне»; «Все, что сделано «с душой» идет от души, нужно нам для души. Это и есть «духовная культура. Чем больше человек окружен, погружен в нее, тем он счастливее, тем ему интереснее жить, жизнь приобретает содержательность»; «В нашем ауле первыми помощниками и слушателями одновременно являются дети. Их задача на любое время – выучить текст, рекламировать депозит «Триединство языков через творчество М. Ж. Көпейұлы». Дальнейшей выгодой послужит возможность свободно общаться на языках мира и углубленное обучение по желанию» - оқушылардың конспектерінен.

Тарихтан білім алып, өз отбасы шежіресін қалыптастырып, Отан, әлем құбылыстары мәліметі арқылы өз құқын білетін және өзін қорғай алатын, елін сүйетін азамат болу - жауапты азамат.

Сөздікке жүгінсек, «идея» дегеніміз грек сөзі – ой, түсінік, негізгі ұғым. Әр халықтың идея – ұғымдары болған. Идеология сөзінің «идея» және «идеалмен» байланысын зерделесек, онда идея - ұғым, логос – учение (ілім).

Идеология – ұғымдар ілімі. Идеал – үлгі. Идеологияның философиялық, саяси, құқылық, эстетикалық, этикалық, діндік, ұлттық түрлері болады.

Идеология - әр халықтың болмысына тән ұлттық сана. Идеология ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы іске асады.

Ұлттық құндылық - әр ұлттың қоршаған табиғат ерекшеліктеріне сай өмір салты негізінде жинақталған тұрмыстық және рухани мұра.

Елді – елден, халықты – халықтан айыратын оның ұлттық құндылықтары, яғни адам бойындағы жақсы қасиеттер ол – үлкендерге көрсеткен көмегі, кішіге қамқор болуы, ұлы табиғатты аялап, мәпеләуі, яғни ағаштарды сындырмау, жерге, суға қоқыс заттарды тастамау, құстар мен жан – жануарларды қамқор етіп, туған жерге деген сүйіспеншілігі жақсы адамгершілік қасиеттері арқылы көрінеді. Ана тіліміздің абыройын асырып, мәртебесін үш тілде дамытайық достар.

Үш тұғырлы тілдің тұғыры берік, іргесі мықты болсын деген тілекпен мен Қазақстан азаматшасы екеніме, қазақ қызы екінімді мақтан етемін.

Тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Қазақ елінің жұлдызы мәңгілік болсын.

Мен – Қазақстандықпын, мен – мейрімді гуманист тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гальперин П. Я. Психология мышления, изучение поэтапного формирования умственных действий (исследования мышления в советской психологии). – М.: Наука, 1966. – 277 с.

2 Жұлдыздар отбасы. №19 (79) Қазан 2013 жыл, 5-13 Б.

3 Оразбекова.К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында»-Алматы. 2000. 543 /б. Б.31-38, 58-70, 90-94, 218-220; С.

4 С. Ғаббасов. «Халық педагогикасының, негіздері»-Алматы.1995 ж. /1.3.7.бет, 26 бет.

«ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

ТАЛАСПАЕВА Ж. С., ҚАДЫРОВ Ж. Т., ИСКАКОВА А. С.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.

Көшпенді түркі халықтары үшін кеңістік ұғымы әрі горизонталды әрі вертикалды формада қабылданатыны оның түрлі мифтерде, ауыз

әдебиеті үлгілерінде, поэзия мен прозада сақталған тілдік бейнелерінен көрінеді. «Кеңістік – қазақтар үшін шексіз космос. Осы космоста олардың «өз микрокосмосы бар, ол – «атамекен» деп аталатын олардың бүкіл болмысын өзге ықпал етуші, үйлесімділігін бұзушы күштерден сақтайтын, ата-бабасынан мұраға алып келе жатқан өздері үшін ерекше «жұмақ, жайлы жер» [1, 22 б.]. «Атамекен» ұғымы осы тіркестердің құрамындағы «ата» және «мекен» сөздерінің ассоциативті мағыналары арқылы да объективтенеді. Ата - «ата-баба» мағынасында әрі «ежелгі» мағынасында алынады, мекен – «тұрақ, өмір сүретін, өсіп-өнетін территория» деп түсінеміз. Сонда атамекен «ата-бабаларынан мекен етіп, өркен жайып келе жатқан жер» деген ұғымды береді. Атамекен атауы кейде лека-семантикалық мағынасынан атажұрт, атақоныс, туған жер, Отан сөздерімен де ауыстырылып қолданылады. І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «туған жер» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «Туған ел – торғын беісік. Туған жер. Отан, өз елі, кіндік кесіп туып-өскен жері [2, 519 б.]. Осындағы «Отан» деп отырғанымыз – қазіргі ұғым атауы. Адамдар қай кезеңде де, әсіресе, түркі халықтары қоғамдасып өмір сүруге ерте кейінгі орта ғасырларда, айталық, XIII-XVII ғасырларда белгілі бір этникалық, территориялық тұтастықтарға бөлініп өмір сүрген, оның ірі-ірілерін ғылымда хандық деп атап жүрміз. Ал ертеректегі ата-бабаларымыз бұл ұғымды Отан, мемлекет, хандық деп атамай, ел, жұрт, байтақ, ел-жұрт, ел күн деген сөздермен білдірген» [3, 44 б.]. Бірақ көшпенді қазақ халқы үшін тіл дамуының бертіңгі кезеңдерінде қалыптасқан «туған жер», «Отан» атауларына қарағанда «Атамекен» ұғымының мағынасы әлдеқайда кең, әлдеқайда терең. Атамекен ата-бабадан ұрпаққа мирас болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен [4, 53 б.]. Сондықтан «Атамекен» - адамзат тарихымен адам баласының ой-санасында жоғары тұратын қасиеті де, қастерлі ұғым. «Атамекен» кез келген ұлт үшін аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Оның ішінде қазақ халқы «кіндік қаным тамған жер» деп қастерлейді.

Қазақ танымындағы «Атамекен» концептісінің логикалық моделі «Отан» Туған жер» «Ата қоныс» сияқты күрделі логикалық ассоциациялардан тұрады. Оны тіліміздегі «Ата қоныс — алтын мекен», «Отансыз адам — армансыз бұлбұл» т.б паремологиялық бірліктер құрамынан көруге болады.

Біз «туған жер», «ел» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүюге тәрбиелейміз. «Туған жер» концептісін

зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. «Туған жер» концепісі қазақ халқы үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Біз үшін «туған жер» немесе «ел» концепісі «атамекен», «ата-коньс», «ата-жұрт», «кіндік қаны тамған жер» секілді модельдердің қатысымен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра. Қазақ ақын-жазушыларының ішінде туған жер тақырыбына қалам тартпаған қаламгер болмаған шығар. Сондай ақындардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Туған жер, ел тақырыбында ақын қаламынан туындаған өлеңдері бірнешеу. Мәселен, «Туған жерім – өз елім». Бұл өлеңін Сәкен ағамыз шет жерде жүргенде жазған болатын. Өлеңде ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі тамаша бейнеленген.

Қайғы ойлаттың естен кетпей туған жер,
Қаны қашты, әм сарғайды ет пен тер.
Сені ойласам ішім күйер қапа боп,
Жүрегімде түйіншекті қайғы шер.
Ұйықтасам да еш шықпайсың түсімнен,
Тұрсам-дағы сен кетпейсің есімнен.
Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім,
Бәсеке қып, жұмыртқа алған ну көлім, - дей келе шет елде жүргенмен, туған жерін сағынатынын, күндіз ойынан, түнде түсінен кетпейтіндігін айтады.

Ал «Нұра» өлеңі арқылы отарлау саясатымен өз туған жеріне бөгде, бөтен адамдардың келіп, билік етіп отырғанына ақынның жүрегі ауыратынын байқаймыз.

Сағынып Нұра, мен келдім,
Бұрынғы иең – байғұсың
Айрылған сенен көп елдің
Жатырсың көріп қайғысын.
Бұрынғыдан қайғылы
Құстарың да сайрайды:
Қолдан келер еш не жоқ,
Жүрек от боп қайнайды, - деген өлеңінде ақын туған жеріне кімнің келгенін ашық айтады және олардың ол елді өз еліндей иемденгеніне күйінеді, қынжылады. Оны біз «Туған жерім» өлеңі арқылы байқаймыз:
Өзен өрлеп, суға қармақ салғаным.
Құрбылармен таласып балық алғаным.
Сөйткен жерге хохол келіп орнады
Арманда боп, жылай-жылай қалғаным.

Ел аман, жұрт тынышта отырып, қазақтың елін, жерін басқаға билетіп қоюына ақын ызаланады, намыстанады, оны мазақ болу деп түсінеді.

Мекен болдың бір уақыт
Көшіп жүрген қазаққа.
Айрылып сенен бейбақыт

Сорлы қалды мазаққа, - деп толғанады. Өлең туған жерге бағышталғандықтан, жер мұны – халық мұны, ел мұны екенін түсінеді.

Қорытындылай келгенде, С.Сейфуллин шығармаларының біразында «туған жер», «атамекен» концепісі ұшырасады. Бұл концепті ақынның ішкі жан дүниесімен астасып жатыр. Мұнда нәзік психологизм, Отанға, туған жерге деген ақынның көзқарасы, сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады [5, 262-264 б.].

Әрбір тілдің сөз байлығы мен көркемдік қуатын сол тілдегі көріктей амалдары және сөздік қордың деңгейімен өлшеу жеткіліксіз, сонымен қатар, тілдің байлығы ұлттың тілдің тұлғасының танымдық-концептуалды деңгейімен де өлшенеді. Ол үшін сол ұлттың концептуалды әлемі және содан өрістейтін концептуалды кеңістігіне тұтастай барлау жасалуы керек. Лияс Жансүгіров көркем дискурсында «Атамекен» концепісі «дала», «туған жер» мағыналас ұғымдарымен сипатталып, былайша көрініс тапқан. «Атамекен» ең алдымен, туып-өскен, өсіп-өнген мекен. Себебі:

Тудым, өстім, есейдім,
Ен далам – анам, мен – балаң.
Ен далам – анам, мен – балаң.
Туған, өскен есейген,
Еңбек тулы ел- балаң. («Дала» поэмасынан)
Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім;
Асқарда Аршалыға қозы жайып,
Бұлттың аспандағы қасында өстім («Құлагер» поэмасынан)

Міне, әрбір адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, мекен етіп, бауыр басқан жері – киелі. Ақын танымында дала мен ана ұғымдары – егіз ұғым. Осындағы тау, тас, бұлт, т.б. тілдік бірліктер «атамекен» концепісін анықтаушы тілдік құралдар. Атамекен – «ғасырлар бойы біршілік етіп, өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың кең аспан астындағы құтты мекені, кірін жуып, кіндігін кескен ана-жұрты, өсіп-өнген өлкесі. Өскен жердің кәусар бұлағы мен салқын самалы, орманды тоғайы мен жазира даласы, асқар тауы мен айдынды көлі – бәрі де әркімнің жанымен сезінетін табиғи ортасы».

Екіншіден, «Атамекен»-тыныштық, мәңгілік орны. Дала лексемасының көркем мәтіндегі берілген мәні - жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. «Дала» лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесін маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы акын дискурсында одан әріге тереңдеген [6, 75 б.].

Өлеңдерінде «Атамекен» концептісі анық байқалатын ақындардың тағы бірі - Мағжан Жұмабаев. Ол алғашқы өлеңдерінде-ақ, әлеуметтік тақырыптарға ден қойған. Отан, туған жер тақырыбына жазылған жыр жолдары бір төбе. Жерлес ақынымыз аталмыш тақырыпқа бірнеше өлеңдер жазған. «Туған жерім Сасықкөл», «Түркістан», «Алатау» сынды өлеңдерінде бір қалаға, бір ауылға ғана емес, тұтас қазақ жеріне, Отанына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін жазған. Оқырманның санасына тез сіңіп, тез жатталатын өлеңдерінің бірі «Туған жер».

Бұл жарыққа аяқ басып тұрған жер,
Кіндік кесіп,кірім сенде жуған жер.
Жастық-алтын,қайтіп келмес күнімде,

Ойын ойнап,шыбын-шіркей куған жер, - деген өлең жолдарында ақиық акын Мағжан Жұмабаев туған өлкесіне деген сағынышын, балалық шағы өткен ауылына деген перзенттік махаббатын білдіреді. Жастық шақты алтынға бағалап, өткен уақыттың қайтып келмейтінін жырға қосқан.

Жаратылдым топырағыңнан,сен-түбім,
Жалғаны жоқ,бәрі сенен жан-тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы

Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім, - деген өлең жолдарында акын туған елдің топырағынан жаратылдым, - дей келе сол жердің аспанындағы Ай мен Күнге деген сезімін жырлаған. Яғни, Мағжан туған жердің тау-тасын, өзен-көлін ғана емес, тіпті, бар әлемге ортақ шуақ төгіп тұрған Күні мен Айын да ерекше жақсы көрген. Ол үшін атамекеніне қатысты әр құбылыстың, әр заттың орны өзгеше болғаны осыдан байқалады.

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген нәсібі ғой, - дей келе Мағжан Түркістанда туған жұрттың бақытты екендігін айтады. Ол ата қоныс Түркістанды түркі халықтарының тал бесігіне балап, оның қасиетімен киесін арттыра түседі.

Мағжан өз өлеңдерінде туған жерге деген махаббат тақырыбын айрықша жыр арқауы еткен. Акынға азаматтық та, акындық та, ұлылық та дарыған. Содан да болар, Мағжан поэзиясы оқырмандарының қойын кітабындай. Акын өлеңдері өзінің кіндік қаны тамған, шырылдап жарық дүниеге келген туған жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігіне толы. «Туған жер» тақырыбына жазылған өлең арқылы оқырманын Отанды сүйе, мейірімді болуға тәрбиелейді. Патриотизммен өрілген,ыстық жүректен шыққан акын жырлары өскелең ұрпақты ержүрек болуға тәрбиелеп, шығармашылыққа баулиды.

Туған жер тақырыбы барлық заманда өзекті. Әр заманның ақыны, аталмыш тақырыпты жырына қосып, атамекеніне деген ыстық ықыласын білдірген. Мысалы, Кәкімбек Салықовтың «Қызылжар» атты өлеңінде:

Ақ қайың елі жайдары,
Сарыарқа алтын айдары.
Абылай ақ үй орнатқан,

Қазақтың ғажап аймағы, - дей келе Кәкімбек Салықов солтүстік өңір табиғатының сұлулығын жырға қосқан. Небәрі осы бір шумақтың арқасында ол біздің өңірдің ақ қайындар өлкесі екендігін, мұнда хан Абылайдың отау тіккендігін, өз туған жерінің қаншалықты тарихи маңызды, құнды екендігін жеткізе алды. Яғни, жылдар мен ғасырларға созылатын тарихтың белгілі бір бөлігін төрт жолға сыйғызған. Бұл ретте акын ағамыздың Отан-анаға деген махаббатын ғана емес, зор мақтанышын да анық байқаймыз. Атамекенінің тарихи жетістіктерін суреттей келе, ол өз өлкесінен шыққан ақиық ақындарға, танымал тұлғаларға, ел мақтаныштарына тоқталады.

Мағжандай қайсап жаралған,

Ұлдары арыс сан алуан,

Атадан мирас нәр алған,

Қыраны елдің - Қызылжар,

Жұмағы жердің - Қызылжар. Бұл шумағында акын Қызылжардың киелілігін кеңінен ашты. Кәкімбек Салықов Қызылжарды елдің қыранына да, жердің жұмағына да балайды. Демек, осы өлең жолдарымен ол еш нәрсенің туған өлкеге тең келмейтінін, әр азамат үшін Отанның алар орны бөлек болатынын жеткізген. Мағжандай арыс ұлдар дүниеге келген біздің өлке да ата-бабадан қалған мирас, асыл мұра. Сондықтан, оны қорғап, аялап өту, бұрынғы ақындардың жырларын әрі қарай жалғастыру, бүгінгі жастардың міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: ф.ғ.к, докторы... авторефераты. - Алматы., 2008. - 47 б.

2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.

3 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. - Алматы: Арыс, 2009. - 272 б.

4 Мейлах Б.С. Философия искусства и художественная картина мира// вопросы философии. - М., 1987. - № 7. - С. 54-61.

5 Бекбауова С. С. Сейфуллин шығармаларындағы «туған жер, ел» концептісі Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 262-264.

6 Әділбекова Л. І. Жансүгіров прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктер: ф.ғ.к., диссер. - Алматы, 1988 - 111 б.

ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ «АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

ТАЛАСПАЕВА Ж. С., ИСКАКОВА А. С.
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.

Көшпенді түркі халықтары үшін кеңістік ұғымы әрі горизонталды әрі вертикалды формада қабылданатыны оның түрлі мифтерде, ауыз әдебиеті үлгілерінде, поэзия мен прозада сақталған тілдік бейнелерінен көрінеді. «Кеңістік – қазақтар үшін шексіз космос. Осы космоста олардың «өз микрокосмосы бар, ол – «атамекен» деп аталатын олардың бүкіл болмысын өзге ықпал етуші, үйлесімділігін бұзушы күштерден сақтайтын, ата-бабасынан мұраға алып келе жатқан өздері үшін ерекше «жұмақ, жайлы жер» [1, 22 б.]. «Атамекен» ұғымы осы тіркестердің құрамындағы «ата» және «мекен» сөздерінің ассоциативті мағыналары арқылы да объективтенеді. Ата - «ата-баба» мағынасында әрі «ежелгі» мағынасында алынады, мекен – «тұрақ, өмір сүретін, өсіп-өнетін территория» деп түсінеміз. Сонда атамекен «ата-бабаларынан мекен етіп, өркен жайып келе жатқан жер» деген ұғымды береді. Атамекен атауы кейде лекаика-семантикалық мағынасынан атажұрт, атақоныс, туған жер, Отан сөздерімен де ауыстырылып қолданылады.

І. Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «туған жер» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «Туған ел – торғын беісік. Туған жер. Отан, өз елі, кіндік кесіп туып-өскен жері [2, 519 б.]. Осындағы «Отан» деп отырғанымыз – қазіргі ұғым атауы. Адамдар қай кезеңде де, әсіресе, түркі халықтары қоғамдасып өмір сүруге ерте кейінгі орта ғасырларда, айталық, XIII-XVII ғасырларда белгілі бір этникалық, территориялық тұтастықтарға бөлініп өмір сүрген, оның ірі-ірілерін ғылымда хандық деп атап жүрміз. Ал ертеректегі ата-бабаларымыз бұл ұғымды Отан, мемлекет, хандық деп атамай, ел, жұрт, байтақ, ел-жұрт, ел күн деген сөздермен білдірген» [3, 44 б.]. Бірақ көшпенді қазақ халқы үшін тіл дамуының бергіні кезеңдерінде қалыптасқан «туған жер», «Отан» атауларына қарағанда «Атамекен» ұғымының мағынасы әлдеқайда кең, әлдеқайда терең. Атамекен ата-бабадан ұрпаққа мирас болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен [4, 53 б.]. Сондықтан «Атамекен» - адамзат тарихымен адам баласының ой-санасында жоғары тұратын қасиеті де, қастерлі ұғым. «Атамекен» кез келген ұлт үшін аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Оның ішінде қазақ халқы «кіндік қаным тамған жер» деп қастерлейді.

Қазақ танымындағы «Атамекен» концептісінің логикалық моделі «Отан» Туған жер» «Ата қоныс» сияқты күрделі логикалық ассоциациялардан тұрады. Оны тіліміздегі «Ата қоныс — алтын мекен», «Отансыз адам — армансыз бұлбұл» т.б. паремологиялық бірліктер құрамынан көруге болады.

Біз «туған жер», «ел» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүюге тәрбиелейміз. «Туған жер» концептісін зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. «Туған жер» концептісі қазақ халқы үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Біз үшін «туған жер» немесе «ел» концептісі «атамекен», «ата-қоныс», «ата-жұрт», «кіндік қаны тамған жер» секілді модельдердің қатысымен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра. Қазақ ақын-жазушыларының ішінде туған жер тақырыбына қалам тартпаған қаламгер болмаған шығар. Сондай ақындардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Туған жер, ел тақырыбында ақын қаламынан туындаған өлеңдері бірнешеу. Мәселен, «Туған жерім – өз елім». Бұл өлеңін Сәкен ағамыз шет жерде жүргенде жазған болатын. Өлеңде ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі тамаша бейнеленген.

Қайғы ойлаттың естен кетпей туған жер,
 Қаны қашты, әм сарғайды ет пен тер.
 Сені ойласам ішім күйер қапа боп,
 Жүрегімде түйіншекттей қайғы шер.
 Ұйықтасам да еш шықпайсың түсімнен,
 Тұрсам-дағы сен кетпейсің есімнен.
 Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім,
 Бәсеке қып, жұмыртқа алған ну көлім, - дей келе шет елде жүргенмен, туған жерін сағынатынын, күндіз ойынан, түнде түсінен кетпейтіндігін айтады.

Ал «Нұра» өлеңі арқылы отарлау саясатымен өз туған жеріне бөгде, бөтен адамдардың келіп, билік етіп отырғанына ақынның жүрегі ауыратынын байқаймыз.

Сағынып Нұра, мен келдім,
 Бұрынғы иең – байғұсың
 Айрылған сенен көп елдің
 Жатырсың көріп қайғысын.
 Бұрынғыдан қайғылы
 Құстарың да сайрайды:
 Қолдан келер еш не жоқ,
 Жүрек от боп қайнайды, - деген өлеңінде ақын туған жеріне кімнің келгенін ашық айтады және олардың ол елді өз еліндей иемденгеніне күйінеді, қынжылады. Оны біз «Туған жерім» өлеңі арқылы байқаймыз:

Өзен өрлеп, суға қармақ салғаным.
 Құрбылармен таласып балық алғаным.
 Сөйткен жерге хохол келіп орнады
 Арманда боп, жылай-жылай қалғаным.
 Ел аман, жұрт тынышта отырып, қазақтың елін, жерін басқаға билетіп қоюына ақын ызаланады, намыстанады, оны мазақ болу деп түсінеді.

Мекен болдың бір уақыт
 Көшіп жүрген қазаққа.
 Айрылып сенен бейбақыт
 Сорлы қалды мазаққа, - деп толғанады. Өлең туған жерге бағышталғандықтан, жер мұңы – халық мұңы, ел мұңы екенін түсінеді.

Қорытындылай келгенде, С. Сейфуллин шығармаларының біразында «туған жер», «атамекен» концептісі ұшырасады. Бұл концепті ақынның ішкі жан дүниесімен астасып жатыр. Мұнда

нәзік психологизм, Отанға, туған жерге деген ақынның көзқарасы, сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады [5, 262-264 б.].

Әрбір тілдің сөз байлығы мен көркемдік қуатын сол тілдегі көріктей амалдары және сөздік қордың деңгейімен өлшеу жеткіліксіз, сонымен қатар, тілдің байлығы ұлттың тілдің тұлғасынын танымдық-концептуалды деңгейімен де өлшенеді. Ол үшін сол ұлттың концептуалды әлемі және содан өрістейтін концептуалды кеңістігіне тұтастай барлау жасалуы керек. Илияс Жансүгіров көркем дискурсында «Атамекен» концептісі «дала», «туған жер» мағыналас ұғымдарымен сипатталып, былайша көрініс тапқан. «Атамекен» ең алдымен, туып-өскен, өсіп-өнген мекен. Себебі:

Тудым, өстім, есейдім,
 Ен далам – анам, мен – балаң.
 Ен далам – анам, мен – балаң.
 Туған, өскен есейген,
 Еңбек тулы ел- балаң. («Дала» поэмасынан)
 Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
 Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім;
 Асқарда Аршалыға қозы жайып,
 Бұлтың аспандағы қасында өстім («Құлагер» поэмасынан).

Міне, әрбір адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, мекен етіп, бауыр басқан жері – киелі. Ақын танымында дала мен ана ұғымдары – егіз ұғым. Осындағы тау, тас, бұлт, т.б. тілдік бірліктер «атамекен» концептісін анықтаушы тілдік құралдар. Атамекен – «ғасырлар бойы біршілік етіп, өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың кең аспан астындағы құтты мекені, кірін жуып, кіндігін кескен ана-жұрты, өсіп-өнген өлкесі. Өскен жердің кәусар бұлағы мен салқын самалы, орманды тоғайы мен жазира даласы, асқар тауы мен айдынды көлі – бәрі де әркімнің жанымен сезінетін табиғи ортасы».

Екіншіден, «Атамекен»-тыныштық, мәңгілік орны. Дала лексемасының көркем мәтіндегі берілген мәні - жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. «Дала» лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесін маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы ақын дискурсында одан әріге тереңдеген [6, 75 б.].

Өлеңдерінде «Атамекен» концептісі анық байқалатын ақындардың тағы бірі - Мағжан Жұмабаев. Ол алғашқы өлеңдерінде-ақ, әлеуметтік тақырыптарға ден қойған. Отан, туған жер тақырыбына жазылған қыр жолдары бір төбе. Жерлес ақынымыз аталмыш тақырыпқа бірнеше өлеңдер жазған. «Туған жерім

Сасықкөл», «Түркістан», «Алатау» сынды өлеңдерінде бір қалаға, бір ауылға ғана емес, тұтас қазақ жеріне, Отанына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін жазған. Оқырманның санасына тез сіңіп, тез жатталатын өлеңдерінің бірі «Туған жер».

Бұл жарыққа аяқ басып тұрған жер,
Кіндік кесіп,кірім сенде жуған жер.
Жастық-алтын,қайтіп келмес күнімде,

Ойын ойнап,шыбын-шіркей қуған жер, - деген өлең жолдарында ақиық ақын Мағжан Жұмабаев туған өлкесіне деген сағынышын, балалық шағы өткен ауылына деген перзенттік махаббатын білдіреді. Жастық шақты алтынға бағалап, өткен уақыттың қайтып келмейтінін жырға қосқан.

Жаратылдым топырағыңнан,сен-түбім,
Жалғаны жоқ,бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы

Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім, - деген өлең жолдарында ақын туған елдің топырағынан жаратылдым, - дей келе сол жердің аспанындағы Ай мен Күнге деген сезімін жырлаған. Яғни, Мағжан туған жердің тау-тасын, өзен-көлін ғана емес, тіпті, бар әлемге ортақ шуақ төгіп тұрған Күні мен Айын да ерекше жақсы көрген. Ол үшін атамекеніне қатысты әр құбылыстың, әр заттың орны өзгеше болғаны осыдан байқалады.

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген нәсібі ғой, - дей келе Мағжан Түркістанда туған жұрттың бақытты екендігін айтады. Ол ата қоныс Түркістанды түркі халықтарының тал бесігіне балап, оның қасиетімен киесін арттыра түседі.

Мағжан өз өлеңдерінде туған жерге деген махаббат тақырыбын айрықша жыр арқауы еткен. Ақынға азаматтық та, ақындық та, ұлылық та дарыған. Содан да болар, Мағжан поэзиясы оқырмандарының қойын кітабындай. Ақын өлеңдері өзінің кіндік қаны тамған, шырылдап жарық дүниеге келген туған жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігіне толы. «Туған жер» тақырыбына жазылған өлең арқылы оқырманын Отанды сүюге, мейірімді болуға тәрбиелейді. Патриотизммен өрілген,ыстық жүректен шыққан ақын жырлары өскелең ұрпақты ержүрек болуға тәрбиелеп, шығармашылыққа баулиды.

Туған жер тақырыбы барлық заманда өзекті. Әр заманның ақыны, аталмыш тақырыпты жырына қосып, атамекеніне деген

ыстық ықыласын білдірген. Мысалы, Кәкімбек Салықовтың «Қызылжар» атты өлеңінде:

Ақ қайың елі жайдары,
Сарыарқа алтын айдары.
Абылай ақ үй орнатқан,

Қазақтың ғажап аймағы, - дей келе Кәкімбек Салықов солтүстік өңір табиғатының сұлулығын жырға қосқан. Небәрі осы бір шумақтың арқасында ол біздің өңірдің ақ қайыңдар өлкесі екендігін, мұнда хан Абылайдың отау тіккендігін, өз туған жерінің қаншалықты тарихи маңызды, құнды екендігін жеткізе алды. Яғни, жылдар мен ғасырларға созылатын тарихтың белгілі бір бөлігін төрт жолға сыйғызған. Бұл ретте ақын ағамыздың Отан-анаға деген махаббатын ғана емес, зор мақтанышын да анық байқаймыз. Атамекенінің тарихи жетістіктерін суреттей келе, ол өз өлкесінен шыққан ақиық ақындарға, танымал тұлғаларға, ел мақтаныштарына тоқталады.

Мағжандай қайсап жаралған,
Ұлдары арыс сан алуан,
Атадан мирас нәр алған,
Қыраны елдің - Қызылжар,

Жұмағы жердің - Қызылжар. Бұл шумағында ақын Қызылжардың киелілігін кеңінен ашты. Кәкімбек Салықов Қызылжарды елдің қыранына да, жердің жұмағына да балайды. Демек, осы өлең жолдарымен ол еш нәрсенің туған өлкеге тең келмейтінін, әр азамат үшін Отанның алар орны бөлек болатынын жеткізген. Мағжандай арыс ұлдар дүниеге келген біздің өлке да ата-бабадан қалған мирас, асыл мұра. Сондықтан, оны қорғап, аялап өту, бұрынғы ақындардың жырларын әрі қарай жалғастыру, бүгінгі жастардың міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: ф.ғ.к, докторы... авторефераты. - Алматы., 2008. - 47 б.

2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.

3 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. - Алматы: Арыс, 2009. - 272 б.

4 Мейлах Б.С. Философия искусства и художественная картина мира// вопросы философии. - М., 1987. - № 7. - С. 54-61.

5 Бекбауова С. С.Сейфуллин шығармаларындағы «туған жер, ел» концептісі Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті

күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 262-264.

Б Әділбекова Л. І. Жансүгіров прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктер: ф.ғ.к., диссер. - Алматы, 1988 - 111 б.

ОҚУШЫЛАРДЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАНТУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

ТЕМИРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
№25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Білімді әрі сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Ал баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа әдіс-тәсілдерден, технологиялардан құралады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді.

Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. ХХІ көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. ХХІ ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс.

Әр баланың бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін пәндік білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады.

Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық қабілеттің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдылары қалыптастырады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Сын тұрғысында ойлау барысындағы стратегияларды білімді меңгерудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болады.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады. СТО жобасы мұғалім мен оқушының белсенділігін арттыруда қолдануға болатын бірден – бір әдіс деп айтар едім. Бұл әдіс оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, жаңа сабақты оқушының өзі меңгеруіне жағдай жасайды. Меңгерген жаңа тақырып бойынша салыстырулар, болжамдар жасайды, тақырыпты жүйелейді, ұмтылыс, белсенділік пайда болады. Оқушылар алған білімдері мен оған дейінгі білімдерін салыстырады.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет. Жаңалықты меңгеру мен іске асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әр түрлі кедергі жасайтындығы белгілі. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Осы педагогикалық технологияның ерекшелігіне сүйеніп отырып, оның тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдіруге болады. Атап айтқанда:

- дарынды оқушыны дамытады, оқушылар шығармашылығын арттырады;

- оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіріп, білім сапасын көтереді;

- пәнге деген бейімділігі, қызығушылығы артады;

Жаңа технологияның арқасында оқушының белсендігі артып, жан-жақты талдауға, өз ойын ашық айтуға, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегіміз деп түсінуіміз керек.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
 - 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
 - 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
 - 4) үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
 - 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айна-лдырмау;
 - 6) оқушылардың бір-бірінің жауа-бына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
 - 7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау
- Мұғалімнің міндеті – баланың өзіне деген сенімін арттыру, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу, өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады.

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында сыни тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз- сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамытудың мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұны сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу технологиясының үш кезені

1. Қызығушылықты ояту кезені:

Мұғалім міндеті	Оқушы міндеті	Әдіс-тәсілдері
Оқушылардың қызығушылықтарын сақтай отырып, жаңа тақырыппен жұмыс істеу, бірте-бірте «ескі» білімнен «жаңа» білімге көшу т.б.	Оқушы мәтінді оқиды, мазмұндайды, талдайды, түсіндіреді, жаңа тақырып бойынша жазбалар жүргізеді.	- Кластер; - Білемін, білмеймін, білгім келеді кестесін толтыру; - Екі бөлікті күнделік; - Берілген сұрақтарға жауап іздеу.

Бұл кезеңде алынған ақпараттар тыңдалады, жазылады, талқыланады, жұмыс жеке, жұппен немесе топпен жүргізіледі.

2. Ой толғанис кезені:

Мұғалім міндеті	Оқушы міндеті	Әдіс-тәсілдері
Өтілетін тақырып бойынша оқушы білімін тексеру, оқушы белсенділігін арттыру, сабақтың келесі кезендерін жоспарлау, алдағы жұмыстарды кескіндеу т.б.	Оқушы өтілетін тақырып бойынша не білетінін еске түсіреді, болжамдар жасайды, тақырыпты жүйелейді, білгісі келетін нәрселерді сұрайды т.б.	- Әңгімелесу; - Кластер; - Дұрыс, дұрыс емес атты қағидалар; - Инсерт; - Екі бөлікті күнделік; - Концептуалды кесте т.б.

3. Қорытынды кезеңі:

Мұғалім міндеті	Оқушы міндеті	Әдіс-тәсілдері
Сабақтың алғашқы кезеңіндегі жазбаларға оралып, өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, өтілген тақырып бойынша зерттеулер жүргізеді т.б.	Оқушылар жаңа тақырыптан алған мәліметтер мен оған дейінгі өз білімдерін салыстырады, сол дәуір мен қазіргі дәуірдегі ролдерін салыстырады т.б.	- Пікірталас; - Кластер; - Кесте толтыру; - Сұрақтарға жауап; - Шығармашылық жұмыстар жазу;

Осындай сабақ барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақтың тақырыбы: Сүйінбай Аронұлы «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Жетісудың ақындарының алтын дінгегі Сүйінбай Аронұлының өміршең өнері жайлы сыр шерту, өлеңнің мағынасын ашып түсіндіру.

Дамытушылық : өлеңді мәнерлеп оқуға, оқушының сөйлеу тілін дамыту, өзіндік пікір, ой қорыта білуге жетелеу

Тәрбиелік : оқушыларды жаман қасиеттен бойын аулақ ұстап, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жақсы адам болуға тәрбиелеу, адамгершілік асыл қасиеттерді бағалау.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: кіріспе. «Жылы лебіз» стратегиясы: Оқушылар бір - біріне жақсы қасиеттерін айтып гүл сыйлайды. Мысалы: «Мейірімді Альмираға», «Аңкылдақ Даригаға», «Елгезек Алмасқа» т. б.

Үй тапсырмасы:

1-топ: Дулат Бабатайұлының өлеңі неліктен «О, Ақтан жас, Ақтан жас...» деп аталды, өлең бойынша жай жоспар құру:

- 1) Жетімдік
- 2) Тоқшылық
- 3) Бозбала шақ,ғашықтық
- 4) Жастық шақ,батырлық
- 5) Ел қорғаны
- 6) Орындалған арман

7) Үміт

2-топ: Неліктен, Дулат Бабатайұлының өлеңін сұрай арнау үлгісінде жазылған дейміз? Риторикалық сұрау түрінде жазылған басқа қандай өлеңдерін білесіңдер?

3, 4-топ: Дулат Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас...» өлеңі бойынша «Ақтанның болашағы» атты ойтолғау жазу болатын.

«Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе отырып, жай сөздермен емес, тақырыппен байланыстыра жаңа сабақтың атауын шығарамыз. Сабақтың қай құрылымында болмасын оқытушы осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не ұтамын?» және «Оқушы не ұтады?» деген сұрақтарды есінен шығармауы керек.

Топпен жұмыс орындау:

I - топ тапсырмасы: «Жаныңда жүр жақсы адам» сурет салу.

II - топ тапсырмасы: «Жирен жаман әдеттен» өлең шығару.

III- топ: «Жақсылық пен жамандық» тақырыбына шығарма жазу.

Оқушылар жұмыстарын қорғайды, қорытынды шығарады. Спикерлер топтарды бағалайды.

«Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларымен жауап бере отырып, бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылған немесе сұрақтардың өзін сұрыптауда «Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясын оқытушы жүзеге асырады.

«Болжау» стратегиясы бойынша оқушыларға сұрақтар қойылады.

Сұрақтар интерактивті тақтаға жазылады.

Сұрақтар	Оқушылардың жауабы.
Қалай ойлайсыңдар, осы өлеңнің авторы кім?	
Қай заманда өмір сүрген ақын?	
Автор қандай адам?	

Оқулықтарын ашқызып, өлеңді мәнерлеп оқу. С.Аронұлының «Жақсы мен Жаман адамның қасиеті» өлеңін болжай отырып, аялдамамен оқыды.

1 топ – «Біздің ойымызша С.Аронұлы жақсы адам мен жаман адамды толық сипаттап берді».

2 топ- «С.Аронұлы жалпы «Қасиет» деген сөздің мағынасын ашып, жақсы адамға тән қасиетті бөлек саралап берді», - деп

ойлаймыз. Бұл тұрғыда оқушының шығармашылығы дамыды. Оқып отырып, «Түртіп алу» стратегиясы бойынша өздеріне таныс емес сөздерді қарындашпен белгілеп отырады. Тақтаға түсініксіз сөздер айтылып, сөздік жазылады: Әмме – түгел, барлық, күллі

Паркы – бағасы

Ұнғы – балтаның сап салатын жері

Бұл стратегияның келесі бір кезеңі – ой-толғаныс. Мұнда «Венн диаграммасын» қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. Өз болжауынан кейін оқушы ойында «Бұл өлең не туралы екен?» деген сұрақ туындап, өлеңге деген қызығушылығы артты. Ой толғауда «Венн диаграммасын» қолдануды тиімді көрдім.

Жақсы адамның қасиеттері	Ұқсастығы	Жаман адамның қасиеттері
Жақсы адам: өзіне сак, елдің ағасындай, сөзінің пидасы бар, жұғымды, жүзі жылы, сөзі майда, елге жыл құсындай көрінеді. Жақсы адам алысты жақын етеді	Екеуі де адамға тән қасиеттер	Жаман адам: көкрегi көр, көзі соқыр, өтірікші, өсегі көп сүйкімі жоқ адам, балтаның ұнғысындай кеудесі үлкен, сөзі кесек.

Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты «Дебат» яғни, пікір-сайыс өткізуге немесе «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз.

Ой бөлісу кезеңі: әр шумаққа түсініктер беріп, бірлесе талқылайды. Ақынның жаманның «көкірегі- көр, көзі- соқыр» деген сөз тіркесін оқушылар ерекше әсермен әңгімелейді. Әр топ оқушыларының бір-біріне ұқсамайтын тұжырымы, түйіні, өзіндік ой пікірін өлеңге қосады, постерлерін қорғайды. Ойлауын дамыта отыра осы шығармадан оқушылар өздері бір-біріне ізденіс жұмыстарына жетелейтіндей жобаларды да ұсынады.

Сабақты қорыта келе, әр топ шығармадан бір-екі сөйлеммен жеткізе отыра тірек сызба ретінде негізгі түйінін шығарады. Жетекшілер бағалауға тоқталып, әр топқа бір ұсыныс ,бір марапаттау сөзбен

қорытындылайды. Бағалау парағы арқылы нәтижеге сараптама жасайды. Үйге тапсырма: Жақсы адамда сенің ойыңша өлеңде айтылғаннан басқа қандай қасиеттер болуы керек жөнінде ой толғандар. Сабақ барысында және соңында «Бүгінгі сабақтың тақырыбы сендерді қызықтырды ма?» , «Достарыңның пікірін қалай бағалайсың?» т.б. сұрақтар беріп отырдым. Сәтті шыққан сабақтардан кейін мақсатыма жеткен жетпегенімді зерттеп, анализ жасап отырдым. Сол анализ арқылы жалпы сыныптың ынтасын жоғалтып алмауға тырыстым. Әр сабақта өтілетін стратегияларды түрлендіріп отыруды жөн көрдім. Ой толғау эссе стратегиясын көбіне сабақты қорытындылау кезінде немесе үй тапсырмасы ретінде қолданған тиімді. Осы эсселер арқылы ең бірінші баланың ойы дамиды. Бала өз ойын қағаз бетіне еркін түсіреді. Диалогтік оқыту модулін әдебиет сабағында қолдану арқылы байқағаным: қандай шығарма болса да, бұрынғыдай еріксіз емес, өз еріктерімен қажеттілік ретінде қызығып оқиды. Өткен сабақпен жеңіл, әрі толық байланыс болады. Кез-келген оқиғаның астарына ой жүгірту керек екендігін сезіне бастады. Оқытудың бұл түрінде оқушы ролі ерекше. Себебі, оқушылардың жеткен нәтижесі. Оқушы ұжыммен бірігіп жұмыс жасауды үйренеді. Мұғалімнің ғана емес, бір бірлерінің пікірлерін тындап, бағалауға дағдыланады. Еркін сөйлеулері байқалады. Орташа оқитын оқушылар да ортаға тартылып өз қырларын таныта бастады. Жазу сабақтарына көзқарастыры өзгерген.

Қорыта айтсақ, диалогтік оқыту модулінің негізінде оқушы мынадай жетістіктерге қол жеткізеді:

- оқушының шығармашылық қабілеті шыңдалады;
- өз ойын ортада еш қиындықсыз жеткізу, оның дұрыс екендігін дәлелдей алады;
- білімді өз ізденістері арқылы алады, бірін- бірі оқыту, салыстыру, саралау;
- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашады;
- мұғаліммен еркін сөйлесе алады, сырын айтып, бөліседі;
- өзгенің ойын бағалау;
- ой қорытып, өз бетінше тұжырым жасай алады.

Өз тәжірибемде сабақ сапасын арттыруда, жақсы білім дәрежесіне жетуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келемін. Оқушыға білімнің білігін, тәрбиенің тәлімін бере отырып, оқушылардың демократиялық қасиеттерін, таңдау бостандығын,өздігінен іздену қабілеттерін, жеке тұлғаны дамыту мақсатында мектебімізде тек қана оқушылар ғана емес сонымен қатар ұстаздар қауымы да шығармашылық іс-шараларға белсене ат салысу керек екендігіне

көзім жетті. Әрбір нақты сабақтың сапасы мен тиімділігі оның мақсаты мен нәтижесінің сәйкестігі бойынша анықталуы тиіс. «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады. Өз білімімді жетілдіру мақсатында жеті модульді екі жылдан бері қолданудамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ғұлама ғибраттары А., 1994 ж.
- 2 Қазақстан мектебі № 11, 2009 ж.
- 3 Ақпараттық- әдістемелік журнал «Педагогикалық диалог».
- 4 Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті журналы № 7,3,8, 2012 ж.

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ӘЛЕМІ

ТІЛЕУБЕРДІ Г. Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КӘРІПЖАНОВА Г. Т.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ қауымына ғана емес, жалпы адамзат баласының рухани қазынысы үшін өлмес өсиет қалдырған Құдайбердіұлының асыл да мағыналы сыр сөздері жылдар өткен сайын жаңғырып келеді. Ширек ғасыр тәні - құдықта, сөзі - тұтқында қалған [3.100-бет.] ақын мұрасын оқырман қуымының санасына өз мәнінде екі ауыз сөзбен түйіндеп жеткізу мүмкін емес. Ұлы қаламгер балалықтан бастау алған халық жырымен әуестеніп қана қоймай, Шығыс ақындары Хожа Хафиз әуенін әуезіне қосса, Әлішер Науаи, Низами мен Физули үлгісін ізгілік ілім тұтып, Түркі-парсы, шағатай дәстүрін игере, Исламның ішкі мазмұнын оқып қана қоймай, мән-мағынасын бізге жеткізген ірі ғұлама қаламгер. Ол сол замандағы қазақтың ғана емес бүкіл Түркістан әлеміндегі ғұлама екендігін өзінің түркі, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін жетік біліп, классикалық шығыс поэзиясы мен орыс және Еуропа әдебиетінің озық үлгілерін терең оқып меңгерумен шкелмей, философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді қалт жібермей қадағалап отырғандығы бізге қалдырған мұрасынан белгілі. «Мұтылғанның өмірі» (Ұмытылған мағыныасында) өмірдерек дастан-өлеңінде өмір белестеріне нық тоқталған. Дауыл қуып, боран кешкен қазақтың көп мұрасы сақталмаса, Шәкәрімнің де шығармалары түгел сақталмаған.

Алғаш пісіміллә өлеңіне жеті жаста айырған әкенің қазасы себебші болған. «Әкем қайтыс болғанына көп уақыт өткен жоқ, - дейді ақын. – Мен қыстаудың алдындағы төбеде жалғыз отырып, тасқа өрмелеп бара жатқан жұлдыз құртты езіп өлтіріп алдым. Өлтірсемде оған жаным ашып, өз жетімдігім есіме түсіп, «құрт болып» өлең шығарғаным есімде. Басқасы ұмытылып, екі ауызы ойымда қалды» [1,340-б.].

Өлтірдің, онан таптың қандай пайда?
Өмір сүріп жүрші ем жазда сайда.
Жетімдік қандайлығын көзің көрді,
Кешегі тірі жүрген өкен қайда?
Менің де жетеім қалды балаларым,
Олар да жылайды аңсап аналарын.
Өзің жетім, жетімді аясаңшы,
Жоқ екен басыңда ми – саналарың...

Құдайбердіұлы Шәкәрім шығармашылығы қазақ поэзиясының дәстүрін ілгерілейтін, қазақ поэзиясының тарихында өзіне лайық алтын орын алған, мұрасы қалың қауым оқырман жұртының қастерлі қазына көзіне айналған ілім бұлағы. Кез ақының ақындығы бір күнде бұрқ етіп басталмайды. Шәкәрім де сөз құдіретіне жастайынан жаттығып, өзіне өлшенген ғұмырында ұдайы ұштап өткендігі сөзсіз. 18-20 жасқа дейінгі өміріне тоқталсақ ойын баласы бола тұра аңғарғыш, сезімтал, сана – сезімі өсіп, ой – қиялының ұшталуына қоршаған орта яғни табиғат- ана салмақты әсер қалдырды. Қаймағы бұзылмаған көшпелі дәуірде кең даламызда, өсімдік пен аң – құс әлемі, бұлағы мен көлдерін, масатыдай көгәл кілемімен құлпыртқан сайын даланың ерке бұласы болған Шәкәрімнің санасына дәл сондай еркіндік сыйлаған.

Балалық шағында өткерген істері мен машақтарын ақын өзінің «Өмірбаян» өлеңінің 3-тен 13-ке дейінгі шумағына өзек еткен. Оның әр жолын зер сала ізерлесек, қаршадай Шәкәрім жаралысынан екі мінезді аңдаймыз: бірі – даралық, өзгелерге ұқсамау. «Ерекшелік ойымда... Өзгеше болмақ сүйгенім, Осыған басты игенім» дейді ақын. Бірі – әрнәрсенің сырын-себебін білмекке деген керемет құмарлық [1,345-б.].

Жасынан «Мыңбір түн» әңгімелерін оқып, оны ертеке қып айтып, араб, парсы жырларын жатқа айтқан. Жас Шәкәрім қолөнермен де әуестенген. Он жеті жастан бастап скрипканы үйренген. Домбыра мен гармонды шебер меңгерген. Әуес болған басқа да ермек-машақтары: құс салу, салдық құру, ат жарату, ит жүгірту, салбурын ұру. Он

бестен асқан бозбала шағында өнер мен ғылымға деген ынта алғаш ашылады. Он сегіз жасында «Молдажігіт» деген атқа лайық көрінуі Құран Кәрімнің мағынасына терең үңіліп, жаттаған екен.

Ақынын «Жиырмадан өткенде, азғана ғылым оқыдым. Алғызып кітап шеттен де, көңілге біраз тоқыдым» және «Білмегенді сұрадым, жиыстырдым, құрадым. Оқыған сайын ұнадым, Жолына түстім осынын» деуімен ақындық өнер мен ғылымға деген ынтаның алғаш оянғанын өзі паш етеді. Тағы бір дәлел – 1931 жылғы «Кейбіреу безді дейді елден мені» деп басталатын өлеңі. Онда ақын «Елу бес жыл жинаған қазынамды, Оңашада қорытам ойға салып» деген. Демек, «Елу бес жыл» деуі қаламды 17-18 жасынан алғаны дәлел [1,349-б.].

Шәкәрім шығармаларына зер салып жүктемес бұрын қыр бозбаласына мақсат қойып, бірізділік ілім іздеу мен ақындыққа берілуді алғаш Абай ағасы болғанын ескереміз. Абайдың өлең өрнегін, сөз сарасын ұстанған, тіл мәдениетін үлгі тұтқандығын ақының әрбір жырларынан тың бояу шырайлары айқындалады.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды.

Бұл жолдар Шәкәрімнің «Жастық пен кәрілік» атты өлеңінен үзінді. Енді Абай ақының «Сегіз аяқ» өлеңінен мысал келтіре кетейік.

Сынаптай толқып,
Түлкідей жортып,
Кетеді көңіл әр жаққа.
Қырандай қағып,
Алмастай ағып,

Мұратын түгел алмаққа, –
деп 43 жасында Абай жыр төгеді. Ағасының кеңесіне құлақ түре жүріп, көп жазған да, көп жасаған да – Шәкәрім болса, тынысы болған Көкбай, балалары Ақылбай мен Мағауия шәкірттері болып қана қоймай, бірі ағалық, бірі әкелік, ұстаздық тәрбиеден басқа өлеңдерін, қара сөздерін алғашқы боп оқып, бағалаушы әрі таратушы Абайдың сыннан өткен нағыз толық мағыналы шәкірттері. Аға мен іні өлеңдерінің шеберлік жағы, өрнектері деңгейлес, ұйқастықтары қос тамшыдай болғанмен, бір өзгешелік ол – ішкі мазмұндағы тірек. Көкбай ақын:

Абай марқұм ескіге ермеуші еді,
Ескіні онша тәуір көрмеуші еді, –

дегендей, Абай жаңаны жақтаған ақын. Екі алып ақын шығармаларын шындау барысында ескі және жаңа бағыт белестері бетпе-бет келіп отырады. Шәкәрім ескі ақындықпен Марабай, Шортанбай сынды ақындарды дәріптесе, Абай керсінше, жаңа ақындық жаршысы ретінде Дулат, Бұқар-Жырауды сын көзіне алады. Өз заманының шежірелі де шерлі ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектерінің бір ерекшелігі – қазақ тілінің лексикасын шығармашылықпен қолдана білгендігі. Осы мақсатта:

Жаздым “Қазақ айнасын”,
Мінез түзеу айласын.

Ел көрсін деп пайдасын, – деген ақынның алдындағы мақсаты – адам бойындағы мінез кемшіліктерін түзеу, түзететін әдіс іздеу. Ол тәсіл, яғни, айла-амалдың ең бастысы – адам санасына сөзбен әсер ету. Осындай бағыттағы ойларды жүзеге асырудағы сөз қолданысы, сөз қисынын келтіруде Шәкәрім өзіндік өте жақсы өрнектер тапқан. “Сөз қолданысы деген мәселе – көркем шығарма тілін танытудың ең бір өзекті тұсы, мұнда стильдік шеберлік жайттары сөз болмақ. Мысалы: сөздердің бір тақырыптылығы, модальдық бояуларының біркелкілігі, бір сөздің қайталануы, біркелкі белгілі тұлғалардың жиі немесе сирек қолданылуы, синонимдердің қолданысы дегендерге барып тіреледі” – деген белгілі ғалым Рабиға Сыздық. Шәкәрімнің сөз қолдануы, өлең өрнегін жасау амал-тәсілінде арагидік кездесіп қалатын диалект сөздер де бар.

Фразеологиялық единицалар тілімізге образды, бейнелі және мәнерлі рең беруде тіліміздің эмоционалды-экспрессивті болуын арттыруда зор мәні бар. Бетке айту – шындықты көзге айту, тура өзіне айту. Көзге жылпың көріну – бояма бет, жағымсыз адамдар туралы, сыртқа қылпың. Тұрақты сөз тіркестері: қақпан құру, іштен тыну, көзі ашылу, қанжар байлау, белді бекем буу. Ендігі бір фразеологиялық тіркестер алуан түрлі мағына, зат және табиғат құбылысы жайында ұғым береді. Ис-әрекетті бейнелейді. Ондай сөздерді Шәкәрім тұтастай алып қолданады. «Көппен көрген ұлы той» [2, 38-б], «Жығылған жан күреске тоймас» [2, 39-б], «Қашқан жаудан құтылар» [2, 35-б], «Молданың ісін қылма» [2, 62-б], «Сынық ине, сыдырым таспа» [2, 76-б], «Арамнан жиған мал дәулет емес» [2, 78-б], «Есің барда елің тап», «Қазақтың жаманы болмас, жаманнан аман болмас» [2, 36-б], «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» [2, 95-б] осылайша жалғаса береді.

Ауыз әдебиеті халықтың тек қана көркем өнері емес, әрі философиясы, әрі ғылымы, әрі тәрбие құралы болады дедік. Ендеше, сол әдебиетті тәрбие құралы етудің тілегі жұртты өмірді тануға, адамды

өмірдегі жақсылыққа үйретіп, жамандықтан қашыруға жетектейтін ақыл, нақыл сөздердің ауыз әдебиетінен үлкен орын алуының негізгі себебі болады, - дейді академик Қажым Жұмалиев [2,316-6].

Шәкәрімнің шығармашылық контекстінде тілдік фактілер жүйесі, көркем сөз кестесі оның өзіндік қолтаңбасын белгілейді.

Ақында ашы сөзі тірліктің мол азабын, уайым-қайғысын, азапты өмірдің суретін береді де, у сөзімен алмастырылады. Өмірдің уы, көңілдің уы, жүректің уы, сөздің уы, арақтың уы, тамақтың уы, судың уы, жемістің уы, ойдың уы, дәрінің уы болып бірнеше мағынаға ие болады. Ал, әдеби шығармаларда, ақын тілінде қалай қолданылуын Шәкәрім өлеңдеріндегі түрлі түрлендірулер арқылы көрсетсек: өлеңнің сырты ашы, іші тәтті [2, 40-6], тілі ашы деп жігіттер мені сөкпе [2, 96-6], ашы сөзім достығым маған нансаң [2, 96-6], сөзім ашы тиген соң сізге таман [2, 97-6], ашы тілмен мен айттым ел мінезін [2, 97-6]. Ақын айтайын деп отырған ашы сөзі қатар тұрған сөздермен тіркесіп түрлі мағынаға ие болған. Ашы сөз, ашы тіл, сырты ашы, ашы тию т.б. Шәкәрім өмір сүрген дәуір қазақ халқы үшін күрделі кезең болатын. XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның қоғамдық – саяси, әлумауметтік – экономикалық және рухани өмірінде маңызды оқиғаларға толы болды. Мындаған орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныстануы, қазақ даласын басқаруда енген өзгеріс көшпелі елдің өміріне жаңа экономикалық қатынастар әкелді. Тарихи – әлумауметтік жағдай қазақтың әдеби, мәдени өміріне де әсерін тигізбей қалған жоқ. Шәкәрім шығармашылығы осы кезеңге тұспа-тұс келді. Халқының мұнын жырлап, адам бойындағы игі қасиеттерді қастерлеп, өлеңдерінің өзегі ету- Шәкәрім лирикасының басты мұраты еді. Ақын айналасындағы жайттарды тек жырлап қана қойған жоқ, ол барлық нәрсеге терең бойлап, жамандығынан жиреніп, жақсылыққа ұмтыла білді. Алдағы зерттеу жымыстарымызды діни лексикасы мен Шығыс әлем әдебиетімен ұштастыруды жалғатырамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құдайбердіұлы Шәкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008 т.г: Өкінішті ғұмыр – 432 бет ISBN 9965 – 611 – 81 – 5.

2 Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағы. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008 т, 3: Мақалалар, естеліктер, зерттеулер – 664 бет. ISBN 9965 – 611 – 82 – 3.

3 Шәкәрім. Ғылыми – педагогикалық журнал.1(01) 2005 ж.

4 Өлеңдер жинағы. 1999 ж. Алматы баспасы.

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ОЧЕРКТИҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ: «ҚАЗАҚСТАН–ПАВЛОДАР» АРНАСЫ

ТӨЛЕГЕН Г. М., АЙТУҒАНОВА А. Т.
магистранттар, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Телевизиядағы очерктік жанр бағдарламасының идеясын бейнемен үйлестіру, оның «тақырыптарын» шеберлікпен тарқату шешілмейтін нәрсе емес. Мұны кәсіби журналисттерден үйрену шарт. Тележанрдың бұл түрін көрермендерге әсерлі жеткізу үшін мынадай көркемдегіш құралдарды пайдаланған абзал: бейнелілік, бөлшек, портрет, тілдік мінездеме, пейзаж, жеке көзқарас, сюжет т.б. Яғни, очерк, телевизияға әдеби жанрдан енген табыс ретінде көркем публицистикалық шығармаларға тән жинақтауды пайдалану арқылы саралау мен пайымдау, дәлелдемелер, сан, цитата, тарихи параллель, аналогия арқылы беріледі. Очеркші журналист ақпарат пен мәліметтерді өзінің жеке тәжірибиесінен, түрлі ақпарат көздерінен алады. Ондай тұлғалар өмір ағымын бар зейінімен бақылай отырып, бүгінгі күн туралы жазады. «Ол үшін адамдармен қарым-қатынасты үзбей, ақпарат жинап, күнделікті баспасөз жаңалығымен танысып, соңғы ғылым жетістіктерімен де таныс болуы қажет. Очерк жазушы өз жазбаларын жаңа мәліметтер мен иллюстрациялармен толықтырып отыруы да өз көмегін тигізеді», - дейді ғалым-журналист Г. Сағал.

Телеарнадағы очерктік жанрдағы бағдарламаның халық көзайымына айналуына очеркші журналисттің өмірмен байланысына, көзқарасы мен ой-танымына, шеберлігіне байланысты. Мәселен, портреттік очерктегі адам бейнесін жасаудағы маңызды шарт кейіпкердің мінез-құлқындағы ерекшеліктері жақсы көрінетін жерлерін айқын бейнелеу болып табылады. Бұл жерде типтік характерді ашуда кейіпкердің портреті мен оның көзге көрінер ерекшеліктеріне оқырман назарын аудара білу маңызды рөл атқарады. Шебер очеркшілердің портреттік сипаттамасында терең публицистикалық мағына жатады. Очеркте бейнелеумен бірге пайымдау, бейнемен бірге ой жүреді. Бейнелеудің басқа түрлері сияқты портреттің негізін де бөлшек құрайды.

Очеркист өмірдің барлық элементтерін бейнелей алмайды, өйткені, ол шексіз. Сондықтан ең маңызды, ақпарат көзі мол мәліметтерді ғана топтайды [1, 98-99 бб.].

Тележанр тұрақты емес, ұдайы жаңғырып отыратын шығармашылық сала болып табылады. Ол өзге жанрлармен диффузиялық қарым-қатынасқа да түсе алады.

Әдеби жанр сияқты тележанрдың да кез келген түрі жаңарып, дамып отырады. Мұндай өзгерістер қоғамның танымдық белсенділігімен, сонымен қатар әлемдік құбылыстардың мәніне деген көзқарастардың жаңғыруымен, ақпаратты жеткізу мен өңдеуде технологиялық үдерістің қарыштап дамуымен байланысты.

Телевизиядағы жанр эволюциясы ақпараттық-коммуникативтік жүйедегі барлық салалардың ішкі құрылымындағы өзгерістермен тікелей байланысты. Ғылымның дамуы, әлемді техникалық тұрғыдан игерудегі жетістіктер жанрлардың да қайта құрылуына әкелгені рас. Журналистикадағы бар өзгерістер публицистикалық шығармашылықтың басқа салалармен ықпалдасуына тікелей байланысты. Мәселен, эссе мен комментарий, эссе мен колонка, сұхбат пен очерк, корреспонденция мен мақала сынды дәстүрлі жанрлардың өзара араласуы, байланысуы, синтезге түсуі жанрдың тұрақты бір формадан айығып, шындала түсуіне жол ашты. Бүгінгі тәуелсіздіктер ақпараттық корреспонденция, аналитикалық есеп сынды жаңа жанрлар жайында жиі айтатын болған. Бұл құбылыстардың барлығы жанрлардың өмір ағымына бейімделуімен байланысты болып отыр.

Жанрды жіктеу жүйесі мүмкін емес болып көрінгенмен, В.Д. Пельт оның жалпы ережесін шығарып, үш топқа бөлуді ұсынған. Атап айтсақ, ақпараттық жанрды (репортаж, сұхбат, есеп), аналитикалық жанрды (корреспонденция, сұхбат, есеп), көркем-публицистикалық жанрды (очерк, суреттеме) деп қарастыруды жөн тапқан. Мұндай жіктеме жанрдың тақырыбы, қызметі мен әдісіне қарай негізделіп құрылған. Алайда жанрдың түрлерін анықтауда олардың берілу формасы мен мазмұны бұл жіктемеде айқын белгіленбеген. Қазіргі таңда жанр саласында қатып қалған қағидалар жоқ. Ондай үдерістің себебі айтпаса да түсінікті: оған әлеуметтік және кәсіби тәжірибеде болып жататын өзгерістер негіз.

Жанрдың түрлі жіктемелерге бөлінуі табиғи құбылыс. Бұл сұрақ ең алғашқыда сонау 1924 жылы резонно зерттеушілерінің фельетон жөніндегі кітабында кеңінен талқыланып, тарқатылған болатын. Тіл мамандарының байқауынша жанр уақыт ағымымен ілесе жүретін, ауыспалы шама саналады.

Тарихи мағлұматтар бойынша XX ғасыр жанр үдерісіне айтулы өзгерістер енгізген. Соларға нақтырақ тоқталып өтейік:

Жанрлық шекараның жойылу үдерісі (жанрлар диффузиясы). Қазіргі таңда көптеген жанрлардың түп негізі жойылуда: бұл журналисттің біліксіздігі деген сөз емес, керісінше жанрлар диффузиясы телевизиялық шығармашылықтың баюына ықпалдаспақ, жанрлық «қор» құрмақ.

Жанрлық жүйенің модернизациялық үдерісі – бір жанрлар пайда болып жатса, басқалары жойылып отырады. Мұндай жүйенің өзіндік логикасы бар. 1991 жылы Кеңес Одағы журналистикасының даму жолын белгілеп келген ескі идеологиялық жүйе құлдырады. Саяси төңкерістер БАҚ құрылымына да әсер етті. Тәуелсіз Қазақстан телевизияға еркін тыныс алуға мүмкіндік берді. Бұрынғыдай диктаторлық саясат жойылды. Республикалық, аймақтық, қалалық арналар шығармашылық тұрғыдан даму мүмкіндігіне ие болды.

Жанрларды жан-жақты ету үдерісі – жанрлар өзара араласу арқылы, шығармашылық мүмкіндіктерінің көкжиегін кеңейтті. БАҚ үшін халық өмірін көрсету басты бағыттардың біріне айналды. Нәтижесінде телевизиядағы бағдарламаларды түсінікті нұсқада жеткізу мақсатында жанрлар қосарланып, бірегейлік сипатқа ие болды.

Жанр түпнұсқаларының жаңару үдерісі. Жанр саласындағы мұндай жаңа өзгеріс эмоционалды-бейнелілікті жоғарылата түсу мақсатында жасалды. Құрғақ сөзден гөрі көзбен қарап ұғатын бейнематериалдарды көбейту ісі қолға алынды. Мәтін қысқа да нұсқа беріліп, экспрессивті видео жиілей түсті.

Осылайша, өмір талабы мен мақсатына қарай жанр түрлерінің жаңаланып отыруы табиғи құбылысқа айналуға алайда ондай өзгерістер әр жанрдың мазмұнына, қызметіне, әдісіне, нұсқасына саймаса келуі шарт. Ол үшін мен төмендегідей жіктеуді ұсынғым келеді:

Жедел-ақпараттар жанры – жаңалықтар.

Жедел-зерттеу – сұхбат, репортаж, есеп, шолу.

Ақпараттық-зерттеу – корреспонденция, комментарий.

Зерттеу – шолу.

Бейнелеп зерттеу – очерк, деректі фильм [2, 204-212 бб.].

Тележанрдың өзгеріп тұруына эфир саясаты да тікелей әсер ететіні белгілі. Телевизия әр кез сол кезеңнің бетбұрысты жағдайларын бейнелеп баяндап келді. Бүгін де дәл солай. Елде жүретін саясат, көгілдір экранда да бар. Соған орай жанрлар да икемделеді. Бұл қағида телочеркке де қатысты. Кеңес Одағы кезінде телочерк жанры тек қана орыс тілінде, орыс зиялылары мен пост кеңестік дәуірді үгіттеуге ғана бағытталғаны шындық. Марксизм-ленинизмдік саяси көзқарас арнасында журналистиканың мазмұны мен идеялық бағыты қатаң бақыланды.

Бүгінде Кенестік Одақтық стереотип жойылды. Телеэфир біршама еркіндікке ие болды. Видео түсіру ісі шығармашылық бостандығын алды. Журналист пен оператор өзара қатынас құру арқылы түсірілім жоспарын бірге жасау мүмкіндігін иеленді. Тақырып шекарасы бұзылып, оның аясы кеңейді. Қазіргі кезде қаншама тақырыптар талқыға салынды. Алайда олардың бірі есімізде болса, бірі ұмыт қалып жатыр. Оның сыры мынада:

Телеэфир – қолданыста бірақ рет пайдалануға берілетін субстанция сынды. Телеарнадағы тәуелділік жазба бірден мұрағатқа жіберіледі. Алайда олардың арасынан ең таңдаулы дегендері қайта шығып қалуы мүмкін. Қалған жазба материалдар ұмыт қалатыны сөзсіз. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, соның жартысынан көбі мүлдем ұмыт болып жатады. Десек те, қандай да болмасын түсірілімнің қоғам естелігінде бір із қалдырмай қоймайтыны тағы шындық. Телевизия мен тележурналистиканы зерттеушілер үшін осындай құбылыстар үлкен қызығушылыққа ие [3, 316.].

Заманауи ақпараттық әлемдегі адамның әлеуметтік-мәдени тәжірибесі медиа қызметімен тікелей байланысты екені аян. Қоғамның бет-бейнесін айқындайтын маңызды ұғымдар БАҚ арқылы жасалады. Медиа өзінің технологиялық және мәдени формасының ерекшелігіне қарай, аудиторияның ойлау қабілеті мен эмоционалдық толқуын қалыптастыруда, шындықты қалыптастыруда белгілі бір логика мен ережеге бағына отырып, үлкенді-кішілі топ арасында қарым-қатынас орнатады. Бүгінгі таңда аймақтық телеарналарға көп көңіл бөлініп келеді. Соның ішінде оның бағдарламалық жоспарына, қиындықтарына, қызметіне, дамуына, қоғамдық пікір мен көрермендер мәдениетіне әсер ету мәселелеріне баса назар аударылады. Бұл құбылыс аймақтық телеарналар маңыздылығының күн санап өсіп келе жатқанын дәлелдей түседі. Қазақстандық телеқұралдар жалпыға ортақ тақырыптың ортасын ғана қамтуға тырысса, жергілікті телевизия өз аумағындағы түрлі жаңалықтар мен қиындықтарды толық қамтуға тырысады. Жалпы сараптама нәтижелеріне сүйенсек федералды телеарналар жалпы ақпараттық қызметінің 13–18 % ғана аймақтық тақырыптарға арнайтын көрінеді. Десек те, кез келген елдің алып телевизиясы аймақтық телевизия көмегіне тікелей бағынышты. Себебі орталық арна ақпарат кеңістігін өзі жалғыз түгел қамти алмайтыны айқын. Сондықтан аймақтық телевизия журналистерімен байланыс орнату басты талаптардың бірі. Әр аймақтағы ең қызық, ең дүркін ақпараттар солардың көмегімен алынады [4, 18 б.].

Республикалықпен салыстырғанда, аймақтық телевизияны дамытуда кездесетін қиындықтардың біршама артып жығылатыны рас. Оны жергілікті басшылықтың саясатымен тікелей байланыстыруға болады. Жіті бақылап отыратын болсақ, ақпараттық бағдарламаларда әкімдіктің және өзге де билік басындағылардың есептік отырыстары көп айтылады. Осы ретте Облыстық Қазақстан-Павлодар арнасын да атап өту керек. Онда саясатқа баға беру мен тұрғындардың әлеуметтік жағдайы ғана сөз етіліп қана жүр. Жергілікті телевизия өз аймағындағы барлық оқиғалардың белсенді мүшесі. Ол өз аудиториясын сол жердегі, облыстағы басқару ісіне көп көңіл бөлуге шақырады. Алайда жергілікті арнаның сұранысқа ие болуы ақпараттың қызықтылығымен қатар, сапалы болуымен бірге жүретінін ұмытпаған абзал. Телекөрермендердің басым бөлігі жергілікті арна қызметіне көңілдерінің көншімейтінін айтады. Оған бірден бір себеп, бағдарламалар тақырыбының тар шеңберлігі. Бүгінгі облыстық арнадағы тележобалар жанрлары көбіне көңіл көтеруге және ақпарат беруге ғана бағытталған. Танымдық, сараптамалық, деректік, өңделген, зерттеушілік сипаттағы бағдарламалар жоқтың қасы. Сондықтан болар халық қызығушылығы республикалық арналарға жиі ауып тұрады. Десек те, облыстық арна көрермендері арасында алда тұрған бір жанр бар ол – ақпараттық. Қай азамат болмасын өз аймағындағы жаңалықтарды жергілікті арна тілшілері арқылы білгісі келеді. Мұндай сұраныс та түсінікті құбылыс. Республика жаңалықтары жалпы жаһандағы оқиғаларды ғана барласа, облыс тілшілері сол аймақ тыныс-тіршілігін үтір нүктесіне дейін түйіпкілдейді.

Жергілікті арналардың қызметі мен әрмен қарай дамуындағы қиындықтарға қарамастан бұл сала әлі де зерделі түрде зерттелмеген. Көптеген зерттеушілер аймақтық телевизияның соңғы он жылда біршама алға жылжығанын айтады. Алайда сонау 1991 жылдың өзінде телевизиялық индустрияның соншалықты үлкен қарқынмен дамитындығын елестетудің бір өзі қиын еді: Кеңес Одағы құлдырады, онымен бірге ортақ ақпараттық кеңістік те жойылды, Мемлекеттік телерадио қызметі тоқтады, саяси цензураға тыйым салынды, телевизияда түрлі телекомпаниялар пайда болып, әркім өзі жеке тыныстай бастады. Мұндай айтулы өзгерістер БАҚ нарығының дамуына, бәсекелестіктің күшеюіне әкеп соқты. Нәтижесінде журналистика дүниесіне мемлекеттік, жекеменшік және аймақтық телевизия деген ұғымдар келді. Коммерциялық мемлекеттік емес телевизия бүгінгі күні өзінің тиісті орнына ие болып, қарқынмен дамуда. Тележурналистика саласына енген мұндай жаңашылдық

Павлодар облысындағы БАҚ қызметіне де көп өзгерістер әперді. Павлодарда жаңа телекомпаниялар жарыққа шықты. Солардың арасында аса бәсекеге қабілетті арналар ретінде «Қазақстан-Павлодар» мен «Ирбисті» атап өтуге болады. Біреуі – өткен жылдардан қалған бай шығармашылық және техникалық мұрагерліктің арқасында алға суырылып шықса, екіншісі – жүйелік телевизияның жаңа түрі арқылы, сонымен қатар ақпарат таратудың заманауи әдіснамасы көмегімен тележурналистикдағы бәйгенін алды болып келеді.

Телевизия индустриясына енген жаңашылдық аймақтық телевизияның дәстүрлі келбетіне қатты әсер еткені сонша, аймақтық арналардың бағыт-бағдары үлкен өзгеріске түсті.

- аймақтық телевизия өзінің жеке жұмыс жоспарын құратын болды;

- жаңалықтар таратуда өз уақытын белгіледі, көбіне кешкі 19.00-ден 22.00-ге дейінгі кезеңде шығып, таңғы қайталау жасауға көшті;

- жергілікті билік өкілдерімен бірлесіп еңбек ете бастады (егер, өкімшілік телевизияның жартылай иегері немесе демәушісі болса);

- аймақтық телестудияға арнайы журналистік мамандығы жоқ қызметкерлер да тартылды;

- ақпарат таратуда өзгеше стиль қалыптастырды.

Халықтың аймақтық телевизияға жиі бет бұра бастағаны шындық. Себебі, қоғам өз жеріндегі жаңалықты жергілікті БАҚ өкілдерінен естігенді қалайды. Сонымен қатар, әр облыс тұрғыны сол мекенді біріктіретін ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерден хабардар болуды жөн санайды. Жергілікті телевизия «Қазақстан-Павлодардың» Қазақстан аумағында ең белсенді ақпарат жаршысының бірі ретінде танылып үлгергені рас. Ол телекөрсермен қауымның жаңа көңіл көтергіш құралы ғана емес, жергілікті жаңалықтардың сенімді көзіне айналды. Облыстық хабар тарату ісі жергілікті халықтың өз пікірін білдіруге мүмкіндік әперді. Бұл кез келген ел үшін маңызды іс.

1995 жылдан бастап Қазақстанның телевизиялық индустриясы шапшаң қарқынмен дами түсті. Басында мемлекеттік арналар көптеп ашыла бастаса, 2000 жылдан былай жекеменшік телевизиялар саны ұлғайды. Эфирге шығатын бағдарламалар құрамы байи түсті, арналардың жұмыс уақыты ұзарды. Тұтынушылар арасында телевизор сатып алуға деген белсенділік артты. Жарнама нарығы қарқын алды, жаңа станциялар мен ақпарат таратқыштар пайда болды.

Қазақстан-Павлодар телеарнасы өзінің көнелігімен ерекше. Жарты ғасырлық тарихы бар телевизия сан-қилы қиындықтар мен сындардан өтіп барып бірталай жетістіктерге қол жеткізді. Оның

тарихы сонау Кеңес Үкіметі құлдырамай тұрып басталған еді. Қазақ ССР Министрлер Кеңесі 1961 жылғы 28 ақпанда Павлодарда телеорталық құрылысын салу туралы шешім қабылдады. Осы жылдың көктем айында ғимараттың құрылысы басталып, мұнараны монтаждау басталды. 1965 жылдың 7 қарашасында Павлодар телестудиясы тұңғыш рет бірінші бағдарламасын эфирге шығарды.

1966 жылға дейін студия аптасына екі мәрте хабар берсе, 66-жылдың 1-қаңтарынан хабар көлемі ұлғая түсті. 1970 жылы Павлодар телестудиясында бірінші жылжымалы телестанция пайда болды. Тәулігіне 5 сағат хабар таратылды. Фильмотека мен жеке мұрағат жасалды.

1979 жылы Қазақ ССР-де бірінші рет Павлодарда біртіндеп түрлі-түсті телехабарлар беруге көшу жүзеге асты. 1983 жылы қажетті жабдықтар толық жеткізілді. Түсті теледидеині бүкіл Павлодар облысы көре бастады. 80-жылдың бас кезінен ақ студияның өндірістік алаңдары кеңейтілді. Егер бұрын тікелей трансляциялар аумағы небәрі 100 шаршы метрлік кіші студиядан беріліп келсе, 1980 жылы алаңының көлемі бұрынғыдан үш есе үлкен жаңа павилион салынды. Елге белгілі (үлкен) шығармашылық ұжымдарды жазуға мүмкіндік туды. Тіпті сол жылдары студияның өзінде балалар хоры болды. Павлодар студиясы республикада ең мықтылар қатарында аталды, онда еңбек ететін журналистерге республикалық маңызы зор жауапты хабарлар жүктелді.

1983 жылы студия толығымен түрлі-түске көшті. Ал 1987 жылы телеорталық «Перспектива» түрлі-түсті жабдығының жаңа түріне ие болды.

90-жылдардың бас кезінде студияны техникалық қайта жарақтау жүзеге асырылды. Сапалы бейнетүсірілім жасау, эфирге материалды жедел беру үшін портативті аппаратура пайда болды. 90-жылдардың аяғы мен 2000 жылдың басында теледидеині компьютерленді, оның техникалық мүмкіндігі кеңейтілді, шығарылған өнім сапасы артты.

2002 жылы Павлодар телестудиясында цифрлық (сандық) теледидеинеге көшті. Студия павильонын жарақтандырып, қайта безендіру жүргізілді. 2008 жылғы қыркүйектен бастап жалпы алаңы 300 шаршы метрлік теледидеинің үлкен студиясындағы арнайы жарықтандыру құралдары өзгертілді. Арнадан 35-ке жуық тақырыптық хабарлар эфирге шығады. Негізгі қамтылатын тақырыптар: Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясына орай, тікелей эфирде «Көкейкесті», «Диалог в прямом эфире», «Дидарласу», «Приемная депутата», Индустрияландыру бағдарламасына байланысты «Өндірісті

өлке», «Карта индустриализации», «Жұмыспен қамту-2020-ға» байланысты «Телеармарка вакансии», «Бос орындар жәрмеңкесі», «Дипломмен ауылға», «Ауыл тынысы», мемлекеттік тілді дамытуға орай әр сейсенбі күні 15 минуттық «Туған тіл- байлығым», ұлтаралық достықты нығайтуға байланысты «Ортақ шаңырақ астында», «В семье единой» және т.б.

2013 жылы «Қазақстан-Павлодар» телеарнасы толығымен жаңарып, жаңаша бетбұрыс, жаңа қарқынмен жұмыс істеді. Оған дәлел эфирдің бет-бейнесінің, бағдарлама атауларының жаңаруы, түрлі андатпалар, студиядағы дизайн және жаңа маусымдағы жаңа жобалар, жас дикторлардың эфирге шығуы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А.Г. Киселев, Теория и практика массовой информации: общество-СМИ-власть, М: ЮНИТИ-Дана, 2013-431 б.

2 В.В. Зверева, Настоящая жизнь в телевизоре: Российский государственный гуманитарный университет, 2012-219 б.

3 Г.А. Васильев, Медиапланирование: Учебное пособие, М: Вузовский учебник, 2014-268 б.

4 Ж. Бижан, Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар: Оқу құралы, - Астана: Фолиант, 2013. – 208 б.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

ТУРДУБЕКОВА Р. Я.

бастауыш сынып мұғалімі, ШҚО, Ұржар ауданы, Науалы ауылы

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі білім мазмұнын жаңғыртуды талап етеді. Білім мазмұнын жанарту білім беруші ұстазға тікелей бай-ланысты. «Мұғалім- мектептің жүрегі» деп ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин бекер айтпаған. Жаңа технологияларды жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Шығармашылық бұл адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйін, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.

Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірде өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық-бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. «Білім негізі - бастауышта қаланады» десек, ұрпақ тәрбиесі алдында бастауыш сынып мұғалімдеріне зор жауапкершілік жүктейді. Мұғалімнің әр сабақты қызықты етіп құруы, оқушыларға қойылатын талабы күннен – күнге арта түсіп, сабақтың әр кезеңін әдістемелік талапқа сай оқытудың жаңа технологияларымен жүргізуі шарт. Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын өз сабақтарында қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізленуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғаай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойынасыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Бастауыш сыныпта жүргізіле бермейтін шығармашылыққа үйрету жұмысының бірі өлнн жазуға баулу. Бұл жұмысты бірінші сыныптан бастауға болады. Ол үшін алдымен оқушыларға ұйқас сөзінің мәнін түсіндіріп, өлендегі ұйқастарды табуға беріледі. Содан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар, сосын буындар, одан кейін берілген жол арқылы ұйқас жасауға үйретіледі. Мысалы:

Мектепке біз барамыз,

Білімді оқушы боламыз.

Ана Ана – біздің күніміз,

Ананың біз – гүліміз.

Балаларды қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.
 Ұстаз
 Ұстаз менің екінші анам,
 Жақсы оқысам мадақтаған,
 Мен өскенде ұстаз болам,
 Ұстаз бізге аяулы жан.
 Мектеп
 Мектеп біздің панамыз,
 Мектептен білім аламыз.
 Тарыдай болып кіреміз,
 Таудай болып шығамыз.
 Отан
 Отан – жерім, ауылым,
 Әкем,анам, бауырым.
 Отанды мен әрқашан,
 Сүйіп өту парызым.

Әрине, жұмыс нәтижелі болуы үшін мұндай әдісті тұрақты түрде және жиі қолданып отыруы керек. Оқушылар өз өлеңдерін белгілі бір тақырыптар бойынша кішкене кітапша түрінде шығарып отыруға болады.

Сынып жоғарылаған сайын әртүрлі тақырыптарға, олардың ішінде қиял-ғажаыптары да бар, әңгімелер жазуды тапсыратын болдым. Мысалы мынадай тақырыптар: «Мен қалай торғай болдым», «Аспанда екі күн тұр», «Ең қымбат нәрсе»

«Әдебиеттік оқу» оқулықтарында берілген мақал-мәтелдерді бала шығарма-шылығын дамытатындай етіп пайдаланудың мәні зор. Ауыз әдебиетінің бұл жанрымен жұмыс төмендегідей етіп ұйымдастырылады.

- 1) оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер айтқызу;
- 2) керісінше, мақал-мәтелдің мағынасына қарай оқиға ойлау;
- 3) суретке қарап тұрып, бірнеше мақал айту;
- 4) мақалдың мәнін ашатын суреттер жинау;
- 5) «101 жұмбақ – 1001 мақал» сайысын өткізу.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін дамытуға, шығармашылығын арттыруға ықпал ететін жұмыстың бірі-шығарма жазғызу. Шығармашылық – мазмұнға байланысты өз пікірін, өз көзқарасын білдіре жазу, қорытынды жасау, тілдің көркемдік құралдарын пайдалану түрінде жазылуы ұсталады. Шығармаларға мынандай шарттар қойылады:

- 1) жазу алдында арнайы дайындықтың жүргізілмеуі;
- 2) жоғары теориялық деңгейде мазмұнның бай болуы;
- 3) сыныпта жақсы тілектестік атмосфераның болуы.

Шығарма тақырыптары: «Менің арманым», «Менің досым», «Қыс», «Мен қалайтын мамандық» т.б.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында математика сабағын түрлендірудің маңызы зор. Таңертең тұрғанда күн дене жаттығуынан басталатыны сияқты «ой жаттығуынан» бастауды әдетке айналдырдым:

- Жылдың бесінші айын ата.
- Бағдаршамның қай түсі жанғанда жолдан өтуге болады?
- Жылқының төлін ата.
- Бүгін аптаның қай күні?
- Көз адамда нешеу?
- 25 пен 27-нің арасында қандай сан бар?
- Есік қандай геометриялық фигура?

Мұндай сұрақтар балалардың назарын бірден сабаққа аударып, белсенділіктерін арттырады, зейінділігін қалыптастырады.

ТРИЗ технологиясының элементтерін оқушылардың қиялдарын ұштастыртын тапсырмалар арқылы пайдаланамын:

-Енді он жылдан кейін тақта қандай болады деп ойлайсыңдар?

Балаларға ойдан математикалық ертегі құрастыруға тапсырмалар беру. Қиялдау арқылы сурет салғызу. Қабілеті жоғары оқушыларға тапсырмалар күрделеніп беріледі. Сабақта қызықты жаттығулар, логикалық есептер мен тапсырмаларды тиімді пайдаланудың пайдасы зор.

–Үш кісі шахмат ойнады. Олар барлығы үш ойын өткізсе, әр кісі неше рет ойнаған? Қосарлап жегілген үш ат бір сағатта 12 км жүрді. Бір ат неше км жол жүрді?

-Бір топ үйрек ұшып барады. Олар 5-еу, біреуі жерге қонса нешеуі қалады?

-Аулада қойлар мен тауықтар жүр. Олардың 5 басы, 14 аяғы бар. Тауық пен қой нешеу?

-Аспаз шұжықты 4 рет кесті. Шұжық неше бөлікке бөлінді?

Сабақта сын тұрғысынан оқыту технологиясының стратегияларын пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырдым. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың те-реңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді.

Шығармашылық - ол таң қалу және танымдық қабілет, белгісіз жағдайда шешім таба алу іскрлігі, жаңалық аша білу және өзі ашқан тәжірибені ұғына білу қабілеті.

Сабақта қолданылған стратегиялар оқушыларыма өздерінің, бір-бірінің ой- пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа, тың идеялар туындысына жол ашты. Сонымен бірге ерекше белсенділік пен шығармашылық шабыттың шарықтауы нәтижесінде олар еркіндік әлемінде еркін шарлағандай болды. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттері жайлы теорияларды талдай, жаңа жағдайларды пайдалану нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келдім: Бастауыш сынып оқушыларының оқыту барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту арнайы әдістеменің болуы талап етеді. Әр сабақтың дамытушылық мақсаттарын арттырып, мазмұнды шығармашылық тапсырмалармен байытып, оларды тұрақты пайдаланып отыру арқылы бұл мәселеде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МАХАББАТ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

ТҰРСЫНОВА Б. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, №19 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Лириканың түрлерінің ішінде ешқашан ескірмейтін, жанарған үстіне жанара, жаңғыра түсетін түрі – махаббат лирикасы. Өйткені махаббат ұғымының көтеретін жүгі де жеңіл емес. Сан қырлы талант иесі деп танылған С. Мұқановтың сөзімен айтсақ: «Махаббат лирикасы да қазақ поэзиясынан кең орын алады. Оның толып жатқан түрлері бар: Отанға махаббат, партияға махаббат, астанаға махаббат, туған жерге махаббат, анаға, әкеге, туыскандарға, сүйген жарға, балаға махаббат» [1, 396]. Бұл ойды Ғалым С. Дәуітов махаббат ұғымы туралы былай деп түсіндіреді: «Махаббат дегенді бір жақтылы әйелге құмарлық деп түсінбейміз. Махаббат деп нені сүйсе де беріле сүю. Бар жан-тәнімен сүюді айтамыз. Егер ақында анасын, атасын, жерін, көлін, елін шынайы ынтыға сүйетін махаббат болмаса, ол өлең жаза алмас еді. Тіпті жазған күннің өзінде онысы жай қара дүрсін дүмбілез дүние болар еді», [2, 100] – деп сабақтай түседі. Қазақ әдебиетінде осы аталған тақырыптардың бәрі де түрлі сипатта жыр өзегіне айналған. Махаббат лирикасын тек ғашықтық немесе қыз бен жігіт арасындағы сезім жаршысы деп түсінуге болмайды. Бұл жөнінде көрнекті ғалым Ә.Тәжібаев: «Жас ақындарда махаббат лирикаларына көбірек орын берілуі әбден заңды. Сүю жырын жастар тұрғанда кім жырламақ!.. Біздің поэзиямыздағы

махаббат барлық әдемілігі, үндестігі, моральдық тазалығымен миллиондаған оқушыларды адал сезімділікке, баяндылыққа, ерлікке, шын мағыналы сұлулықтарды терең тануға тәрбиелейтін болу керек. Егер махаббат жырында өзіншілдікке (эгоизм) орын берілмесе, сүйгені үшін ерлік жасау, сол сүюден бақыт табу, махаббат арқылы адамды қасиеттеу лебі айқын көрініп тұрса, ол поэзияның елеулі іс тындырғаны» [3, 312] - деп өз замандас ақындарына үлкен ой тастаған еді. Ғалым ойы көздеген арнасынан шыққанын әдебиетке жаңа қарқынмен келген 1960-1980 ж.ж. қазақ махаббат лирикасы дәлелдейді.

Махаббат тақырыбы – бүкіл әлем әдебиетінде кеңінен орын алатын, ескірмейтін тақырып. Поэзиядағы махаббат тақырыбының табиғаты туралы Белинский: «сезім, махаббат – романтикалық поэзияның негізі» десе, «махаббат, табиғат құбылысы, адам өлімі жалғыз лириканың ғана емес, бүкіл көркем әдебиеттің «мәңгілік» тақырыбы екенін Горький атап көрсеткен» [4, 51].

Қазақ әдебиетінде махаббат лирикасы қай қырынан болса да, ешқашан (қаламгерлер) ақындар қаламынан тыс қалмаған. Тіпті ауыз әдебиеті шығармалары саналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларын әдебиеттану ғылымы тікелей ғашықтық жырларға жатқызса, әлеуметтік тақырыпты көтеретін «Айман-Шолпан» жырының өзінде Әлібек пен Айман арасындағы махаббаттың үшқыны лаулайды.

Зерттеуші ғалым Қ. Мәшһүр-Жүсіп «Махаббатты қалай жырлап жүрміз?» деген еңбегінде аталған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы Қозының Баянды іздеп, елінен аттануы туралы: «Мұнда Қозының махаббат үшін ештеден тартынбауы, дүние бетіне қарамауы, бірбеткейлігі біршама ашылған. Сондай-ақ, Қозының одан әрі жол азабына шыдауы, қауіп-қатерден сескенбеу – бәрі де махаббатқа деген шексіз құштарлықты танытады» - деп көрсетеді [5, 64].

Махаббат лирикасының ерте дәуірлерден келе жатқан үлгілері халық әндері екені белгілі. Олар: «Ахау, Айым», «Әдемі қыз», «Айнам-ау», «Дедім-ай-ау», «Еркем-ай», «Бекзатым», «Бұлбұл құсым», «Жан ерке», «Жан сәулем», т.б.

Қазақ жазба әдебиетінің негізі ұлы Абайдан бастау алып, қазақ әдебиетіндегі реализм дәстүрі де Абай шығармалары арқылы көрініс тапқан. Абай есімімен байланысты қарастырылатын «Қазақ жазба әдебиетінде реализм әдісі дамып, кемелдену барысында махаббатты бейнелеуде де өзгеріс, ілгерілеулер көрініп отырды» [5, 64].

Абай шығармаларында махаббат тақырыбы кең орын алып қана қоймай, сонымен қоса, махаббаттың сан қырын да (ел, жер,

сүйген жар) тудырды. Қазақ әдебиетінде Аллаға деген махаббатты бүркемей айтқан да – ұлы Абай.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөзі айрылмас.
...Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті [6, 304].

Ақын мұнда махаббат ұғымының кендігін танытады. Бұл - ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін ақынның өз атынан айтылатын туынды. Сол секілді Аллаға деген махаббатты танытатын келесі бір шығармасы:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес.
Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты
Махаббат қылса тәңірі үшін [6, 304].

Ақын Аллаға махаббатыңды танытсаң, Алла саған, пендесіне бәрін де береді деген ойын жеткізеді.

Абайдың ақындық тұлғасын танытатын «Алланы сүй», «адамзатты сүй» деген мотивтерін ізбасары Шәкәрім «Дүние мен өмір», «Махаббат пен құмарлық», «Бейісте бар сұлу жар», «Жарымды жаным сүйді, сүйе алмай тәнім күйді», т.б. өлеңдерінде жалғастырды.

XV-XVIII ғ.ғ. қазақ әдебиетінде, яғни жыраулық дәуір әдебиетінде махаббат тақырыбы (бұл жерде ғашықтық, сүйіспендік мәселесі) кең жырланбағаны мәлім. Қазақ әдебиетінде махаббат, әсіресе, ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыбы XIX ғ. II жартысы саналатын жазба әдебиетте кең көрініс тапқан. Махаббат лирикасы дегеннің өзін де ұлы Абай негізін салған деуге толық хақымыз бар. Өйткені дәл Абайдай қазақ әдебиетінде бұрын-соңды махаббатты шыңына жеткізе жырлаған ақын жоқ. Бұл жөнінде Абай шығармашылығын түбегейлі зерттеген көрнекті ғалым З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегінде былай деп көрсетеді: «Махаббат лирикасына жататын өлеңдері тақырыбы жағынан да сан алуан. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол» таза махаббат сезімдерін

қастерлейтін өлеңдер болса, «Мен сәлем жазамын» - ғашығына деген сағыныш сезіміне толы мұңды өлең. Ал «Қор болды жаным» тіпті сағынышты, зарлы өлең деуге лайық, бірақ қайғы мен үміт аралас келеді», - деп көрсетеді [7, 102].

Абай шығармашылығында сұлу қыздың бейнесінің ерекше болуының өзін Алла атымен байланыстырады, көрікті, әдемі болудың өзі тәңірдің берген дәулеті деп санайды. «Көзімнің қарасы» өлеңінде:

Сенсің – жан ләззәті,
Сенсің – тән шәрбәті.
Артықша жаратқан
Алланың рахматы.

Көрік – тәңір дәулеті
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүйемдік
Пайғамбар сүндеті [6, 174]

Туындыдан екі түрлі ойды аңғарамыз: бірінде лирикалық қаһарманның сүйгеніне ынтықтығы, оның бейнесін танытуы байқалса, екінші мәселе – Аллаға, Тәңірге табыну байқалады. Ақын бәрі де бір Алланың қолында дегенді санамалап жеткізеді.

Абайдың ғашықтық мәселесін сөз ететін туындыларында қыздың бейнесін сипаттауда шығыстық ақындар ізімен жырлағаны байқалады. Мәселен, «Иузи – рәушан, көзі – гәуһар // Лағилдек бет үші әхмәр // Тамағи қардан әм биһтар // Қашың құдрәт қолы шигә...» [6, 27]. Абай Құнанбаев махаббатқа философиялық тұрғыдан да баға береді: «Махаббат - өмір көркі рас, // Өлген соң ол да үндемес» [6, 154] немесе «Қырық бесінші қара сөзінде»: «адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім»

Танымал ғалым М.Базарбаевтың «Абай дәстүрін кейінгі қазақ ақындары ілгері дамытты. Оның өлең кестелерін, сөз бедерлерін, бейне жасау тәсілін батыл қолданып (иемденіп), өз заманындағы құбылыстарды жан-жақты, терең талдап суреттеуге мүмкіндік алды» дейтін пікірін нысанаға ала отырып, зерделейтін болсақ, Абайдың ізбасарлары саналатын Шәкәрім, Мағжандардың махаббат тақырыбын шеберлікпен дамытып, кеңінен жырлағанын көруге болады.

Махаббат тақырыбы, әсіресе лирика жанрында өзіндік сипаты мол мол сала екенін дәлелдей алады.

Сонымен бастауын ауыз әдебиетінен алатын қазақ әдебиетіндегі махаббат тақырыбы - өзінің дәстүрлі арнасын сақтаған сала. Әдебиет дамуының қай кезеңінде болмасын өзінің сезім сырларын

өрнектеуімен ерекшеленген. Қазақ әдебиетінде Абай негізін салған махаббат лирикасы - күні бүгінге дейін өз оқырманын тапқан поэзияның ерекше жанды саласы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. –Алматы: ҚМКӘБ, 1960. -998 бет.
- 2 Дәуітов С. Көңіл сазы. –Алматы: Жазушы, 1989. -176 бет.
- 3 Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. -Алматы: ҚМКӘБ, 1960.
- 4 Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. –Алматы: Жазушы, 1968. - 320 бет.
- 5 Мәшһүр-Жүсіпов Қ. «Өлең – сөздің патшасы»: Зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1991. -216 бет.
- 6 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. –Алматы: Ғылым, 1977. -454 бет.
- 7 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. –Алматы: Ана тілі, 1995.

ТІЛ МЕН ОЙЛАУДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

ӘУБӘКІР С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

Берілген мақалада тіл және ойлау арасындағы байланыс және олардың теориялық тіл білімінің ең күрделі мәселесі ретінде қарастырылған.

Кілт сөздер: психикалық процесс, тілдік единица, лингвистика, абстракция, дыбыс.

Тіл және ойлау – бір-бірінен өзінің мәні, өздік белгілерімен ерекшеленетін, қоғамдық қызметтің өз ара тығыз байланысты екі түрі. Қазіргі заманда бұл мәселемен әр түрлі ғылым саласындағы ғалымдар айналысуда.

Ойлау – аса күрделі психикалық процесс. Оны зерттеумен бірнеше ғылым айналысады. Бұлардың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Психология түрлі жас мөлшердегі адам ойының пайда болуы, дамуы, қалыптасуы жолдарын, яғни жеке адамның ойлау ерекшеліктерінің заңдылықтарын қарастырса, логика – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекетінен заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау

ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу, ойлаудың білім мен тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл-ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма. Яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді.

Тіл мен сөйлеу жайындағы ғалымдардың пікіріне келсек, ерекше концепция Ф. де Соссюрдің тұжырымы. Оның пікірінше, тіл дыбыстың өзі, дыбысталу. Яғни, тіл – барлық дыбыстық таңбалардың жиынтығы болса, сөйлеу – дыбысталудың жиынтығы. Ғалым «Язык – это система знаков и правил их комбинирования; речь же это использование нашей языковой системы в целях общения» Ф. Соссюр тілмен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсынына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді.

Тіл – әлеуметтік, ал сөйлеу –жеке құбылыс. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканың және психологияның ең күрделі мәселелерінің бірі болып саналады. Дыбыстық тіл де, абстракті ойлауда адамға тән құбылыстар. Осы бірліктен тіл мен ойлаудың жалпы ерекшелігі көрінеді. Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулендіруші әрекеті арқылы тілдік единицалар объективті дүниенің заттары мен және құбылыстарымен байланысқа түседі, мұнсыз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасауы мүмкін болмаған болар еді.

Адамның ой тіл арқылы тілдегі сөздер және олардың тіркесі арқылы айтылды да, материалдық формаға енді. Ойлаудың туып жасалуында тілдің ролі айрықша зор.

Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері ойлауда сәуленетін объективті дүниенің элементтерінің сигналдары ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адам танымының нәтижелері орнығып бекітіледі, ал осы нәтижелердің өзі ары қарай танып білуге негіз болады. Сондықтан да тіл ойлаудың қаруы, инструменті ретінде, ал тіл мен ойлаудың байланысы бірлік ретінде сипатталады. Тілдің шығуы мен абстракті, жалпылаушы ойлаудың шығуы туралы мәселелер өз ара тығыз байланысты. Мұны И.П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімі дәлелдей түсті. Ол екінші сигнал жүйесі

адамның пайда болуымен байланысты туды және осымен байланысты жалпылаушы ойлау да пайда болды дейді. «Тегінде айналадағы дүниеге барып тірелетін біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз егер біз үшін шындық өмірдің бірінші сигналдары, нақтылы сигналдары болып табылатын болса, онда тілдің өзі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын ең алдымен кинэстетикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналдары болып есептеледі.

Түйсіктер, сондай-ақ қабылдау мен елестері образдары дүниедегі заттардың, құбылыстардың және олардың сапа, қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Ал жалпылаушы және абстракті ойлау сыртқы дүниенің сезім мүшелері арқылы бізге жететін деректеріне, әсеріне сүйенгенімен, оның ұғым, байымдау және т.б. түрде болатын нәтижелерінің өздері сәулелендіретін объективті шындыққа қатысы жанама түрде болады. Әрбір ұғым заттар мен құбылыстардың және т.б. бүтіндей тобын олардың жалпы және басты қасиеттерінде бейнелей отырады да, сол топтағы әрбір затқа, құбылысқа және т.б. тән индивидуальды қасиеттерден дерексізденеді. Кез-келген халықтың таным мен ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады және ол тек қана сол ұлттың тарихын, мәдениетін ғана емес, оның өркениетін құрайтын талғамдар жиынтығын, өмір сүру әдісін, руханият, ділдік, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктерін де белгілейді. Сол себепті тіл тек таным мен ойдың вербалдануы қызметін ғана атқарып қоймай, сонымен бірге ол тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, танытушы.

Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың әр түрлі белгілері, бір-бірімен қарым-қатысы адам санасында ойлаудың әр түрлі формалары (ұғым, байымдау) түрінде бейнеленеді де, соңғылар тілде сөздер және сөйлемдер арқылы айтылады, осылар арқылы баянды етіледі. Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре және баянды ете отырып, бізді қоршаған шындық өмір жайындағы білімімізді сақтаушы болып есептеледі. Тіл объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың сапа, белгілері және бәр-бірімен қарым-қатынасы туралы қандай бір ойды болса да айтып жеткізуге икемді болады.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тумауға

тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл-тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

Тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу – психофизикалық құбылыс.

Осылайша, тіл мен сөйлеудің ара жігін ажырата келіп, олардың өзара тығыз байланысты екенін де атап өтеді.

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеуге қатысты мәселелерді анықтап, олардың айырмашылықтарын көрсетуге тырысқан тілші - Т.Р. Қордабаев. Ол: «сөйлеу дегеніміз - тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз», – дей келіп, тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікте – деп көрсетеді.

Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді.

Ф. де Соссюр ойды тілдің семантикасымен теңдестіре отырып, тілді қағазбен былайша салыстырады: «Ой дегеніміз, сол қағаздың бет жағы, ал дыбыс – астыңғы жағы, егер қағаздың бет жағын, астыңғы жағын бүлдірмей кесіп алуға болмайтыны сияқты, тілде де дыбыстан, дыбысты ойдан бөліп алуға болмайды. Мұны тек абстракциялық түрде ажыратуға болады» - дейді.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тумауға тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл – тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. – Алматы, 2009 ж.

2 Ф. Соссюр. Труды по языкознанию. Перевод под редакцией А.А. Холодовича. – М.: «Прогресс», 1977 г.

3 Т.Р. Қордабаев. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қаз. білім акад. Респ. баспа каб., 1999. – 195 б. с.

М. БАЛАҚАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуді алғашқы болып қолға алаған М. Балақаев десек жаңылыспаймыз. М. Балақаевтің қазақ әдеби тілінің тарихы туралы жазған еңбектері өте көп. Соның бірі – «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» – деген сүбелі еңбегі. Әдеби тілдің жалпы мәселелері – деген тараудың «Қазақ әдеби тілінің зерттелуі» – деп аталатын бөлімінде мына жайттарға тоқталған. Зерттеуші, әдеби тілдің – қоғамдық категория ретінде алатын орынын айшықтап, ажыратып берген. Қазақ әдеби тілінің зерттелуі – қазақ тіл білімінің кенже қалған саласы дейді – М. Балақаев. Сөйтіп, оның зерттелмеуінің екі түрін жазады. Біріншісі, әліпби, орфография, терминология, грамматика, фонетика т.б. іс-әрекеттер қолға алынды. Екіншісі, қазақтың әдеби тілі халық тілі негізінде жасалып, екеуінің ара-жігі онша білінбей, сондықтан тағы да қандай проблема қалды деген нәмісқұрайлылық пайда болды осы да әсер етті дейді. Тіл білімінің ілгері даму барысында стилистика, тіл мәдениеті, фонология, этнонимика, ономастика т.б. Осылардың қатарына әдеби тіл ғылымы да енді деп осы саладағы еңбектерді атап өтеді. Абай және Ыбырайдың әдеби мұраларының тілін зерттеуге, диссертациялық еңбектер, мақала жазуға көңіл бөлінді. Абайдың әдеби мұраларының тілі жайында Қ. Жұбанов, М. Әуезов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Рабиға Сыздықовалардың мақалаларынан басқа Қ.Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), Р. Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971) деген филологиялық тұрғыдан, тіл ғылымы мен әдебиеттану ғылыми тұрғысынан жазылған елеулі еңбектер болғанын бірақ, бұлар М. Әуезовтің көркем әдебиет тілін зерттеуге қойған талаптарынан онша сай емес, тіл білімі мен әдебиеттану екі ғылымының бас қосып жазған нағыз ғылыми зерттеулердің жоқ екендігіне налиды. М. Балақаев тілші көркем шығарманы лингвистикалық тұрғысынан, ал әдебиетші әдебиеттік іздену тұрғысынан қарастырады дейді. Бұл көтерілген проблема, күні – бүгінге дейін жалғасып келе жатқанын айтуға болады. М. Әуезовтің сыны әдеби тіл мәселесі енді қолға

алынған уақытта айтылған еді («Қазақ әдеби тілінің мәселелері, 1950 жыл»). Осы орайда, 1959 жылы 15–19 июнь айында Алматыда «Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми – теориялық конференцияның материалдарының» қорытынды сөзінде М. Әуезов: тілшілер қатарынан екі адамды ерекше атап өткен олар – І. Кеңесбаев және жас ғалым Р. Сыздықова. «Рабиға Сыздықованың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша ырза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір ерекшелік: тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кеңулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартады» – депті. М.О.Әуезов көрегендігі, алысты алып та, шалып та алатын қарымдылығы Рабиға Сыздық апайымызды дуалы аузына алғандығынан байқалды, ұлы жазушы айтқанынан жаңылған жоқ, Рабиға Сыздық қазақ әдеби тілі мен әдебиеттің сипі мен көркемдігін қатар жалғастырып, Балақаевтар көшін ілгері жылжытып келеді.

Екінші мәселе М. Балқаевтің «Социалистік Қазақстан» газетінің 273 санындағы «Көркем әдебиеттің тілі жайында» – деген мақаласы өзінің әділ бағасын тілшілер тарапынан ала алмай жүр. 1953 жылы Мұхтар Әуезовтің Балақаевтың мақаласына орай «Тағы да көркем әдебиет тілі туралы» – деген көлемді мақаласы жарық көрді. Мақала асқан зиялылықтың, мәдениеттің алдымен білім жарысының (тілші мен жазушы) арасында тартысқа құрылған. Ұлы жазушы М. Әуезовтің «Абай» романының тілін тек қана сынап бермеген, ұтымды, шебер тілдік қолданыстарды құптаған, кейінгі жазушыларға үлгі тұтқан. Қазіргі замандағыдай екі адамның бірін-бірі даттап, тіл тигізіп, артынан сотқа жүгініп «моральдық зиян» өндіріп, күллі елге, қала берді шет жерге күлкі болып жатқан жоқ. Мақала осынысымен құнды, осынысымен ұрпаққа үлгі. Мақалада Балқаев көркем әдебиеттің тіліне қатты мән, талап қояды. Мысалы, «ну» сөзін «тоғай», «қарағай», «думан» дегендей бірқатар сөздермен ғана тіркестіріп, «ну тоғай», «ну қарағай»... деп айтуға болады, «ну шаш», «ну ел» деп айтылмайды. «Асау» деген сөзді «асау бие», «асау ат» деп көбінесе көлік малын білдіретін зат есімдермен тіркестіріп айтуға болды да, оны тура мағынасында «асау көлеңке» деген болмайды. Бірақ көркем әдебиетте сол сөз әдетте тіркеспейтін басқа бір сөздермен де жанастырылып айтылуы мүмкін. Абай ол сөзді, мысалы, «жүрек», «Терек» сөздерімен тіркестіріп «асау жүрек, асау Терек» деп Абайдың тілін үлгі қылады:

Асау Терек долданып, буырқанып,

Тауды бұзып жол салған, тасты жарып...

М. Әуезовтің көпшілікке белгісіз нөпір, нор, қыжыл мінез, еру, шеру («Ел еру болса, шаңырағына жоқшылық кеп шеру тартады»), дүрк көшті, өбектеу, дом боп жаралған ат сияқты ұмытылып бара жатқан сөздерді де біледі. Соларды жазушы «Абай» романында ескіліктің елесі ретінде орынды қолданғанын айтады. Ал, М.Әуезов өзінің жауабында: «Қорыға келе айтарым М. Балақаев мақаласы мойнына алған міндетін ада қыла алмаса да, бір елеулі керекке жарап отыр. Ол мақала өзі шешпесе де ойлану үшін, іздену үшін, деректі қорытындылар жасау үшін дұрыс қозғау салып отыр. Бұл мәселелерге жазушы жұртшылығы атсалысу аса қажет. Сондықтан да тілші мамандармен қатар қазақ жазушы, ақындарымыздың осы жауапты жайға атсалысуын тосамыз!» – деген екен. Неткен ұлылық. Неткен даналық десеңізші. Бұл да, қазақ әдеби тілінің дамуы үшін жасалған қам еді, болашақтың қамы еді. Бүгінгі күні М. Әуезов пен М. Балқаевтың мақалалары тарихи құндылыққа айналып, зерттеушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге үлкен үлгі-өнегеге болып, өзінің толық қанды зерттеуін, тарихи бағасын күтіп жатқаны да шындық.

XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби тіл бір қыдыру зерттелді. Мәшһү-Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердиев, Ақмола Мұхамедияров, Әубәкір Шоқан-Керделі, Мақыш Қалтаев, Шәді Жангіров т.б. ағартушы ақындардың әдеби тілге тигізген ықпалы әлі де болса толық анықталмады. Әдеби тілдің дамуына тек қана ақындар ғана септігін тигізген жоқ. Дала кеменгерлері билер, шешендер, әнші-сазгерлер, күйшілер, жыршылар, ауыл арасындағы жай ғана құйма құлақ әңгіме шеберлері – бәрі де әдеби тілдің тасушылары болды. Сөйтіп, ғасырдан-ғасырға үзілмей келе жатқан жақсы дәстүрді (ауызекілік естімелі жадыны) өнерді ақтап, бабалар тілінің қаймағын бұзбай, шашау шығармай бүгінгі ұрпаққа жеткізді. XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби тіл үлгілері солай жетті. Солардың ішінде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шоқтығы анағұрлым биік болды. Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсариннің әдеби тілдегі алатын орны жан-жақты зерттелді. Ұлы Абайдың төңірегіндегілерге тигізген ықпалы, әсері зор болды. Олар бірінші білмегенін бірі толықтырып отырды. Асылы, кеңжатқан ұшы-қиыры жоқ қазақ жеріне бірді-екілі ақын-жырау, жыршылар аздық етеді. Олардың ішінде Абай секілді сұңғылалары да болды. Әлділердің тілі халық арасынан жол тауып, өзінің орнын алды. Көңілге сіңген күштілері әлсіздерді жұтып жібереді. Сөйтіп, ақындар, жыраулар, жыршылар арасында өз-ара тартыс, халыққа танылу жөніндегі күрес үздіксіз жүріп жатты.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы сияқты барлығы алысқа барып оқуға қолдары қысқа болды. Жазғандарын қағаз бетіне түсіруге мүмкіншіліктері аз болды. Ауыз екілік дәрежеде қалып қойды. Олар да Ж. Жабаев сияқты жазба әдебиет пайда болған заманда өмір сүрсе, айтқандары қағаз бетіне түсіп, жоғалмас еді. Сондықтан да болар ХҮ-ХVIII ғасыр ақын-жыраулардың кейбірінің айтқандары, жыр үлгілерінің тілі бірінен-бірі ауысып-түйісіп жататыны. Жалпы, М-Ж. Көпейұлының әдеби тіл тұрғысындағы әділ бағасы берілмеді. М-Ж. Көпейұлы шыны керек XIX ғасырдың екі жартысымен XX ғасырдың бірінші жартысын жалғастырып жатқан алтын көпір. Сонау көнеден жеткен түркі, шағатай, араб-парсы т.б. тіл элементтерін XX ғасырға дейін бойына сіңірген, бергі зерттеушілерге жәдігер ретінде алып келген, содан барып жаңа жазба әдеби тілдің сапасы үшін күресіп, оның тазалығы үшін де атсалысқан. М-Ж. Көпейұлы шығармашылығының ізін Орта ғасыр мен Алтын Орда Қыпшақ дәуірінен іздеген абзал. М-Ж. Көпейұлының шығармашылық байланысын Шәкәрім Құдайбердиев мұрасымен сабақтас қарастырған да тиімді. Екеуі де тағдырлас, құрдас, рухани жақын ақындар. Кеңестер дәуірі кезеңінде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармашының тіл білімі тұрғысынан зерттелмеуінің бірнеше объективті де, субъективті де себептері бар. Біріншіден, XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби тіл, тіл тарихындағы өте бір күрделі дәуір және түрлі тілдік жүйе ағымдарына толы болды. XX ғасыр басындағы кезең сол ғасырдың жалғасы болғанмен жаңару, іздену жылдары болғандығы ақын шығармаларынан белгілі. Оның үстіне Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының, Шәкәрім Құдайбердиевтің де шығармалары Шығыстық дәстүрге, әрірек барсақ Орта ғасырлар қисса-әпсәжелердің тақырыбымен үндесіп жатты. Екіншіден, билер көзқарасы ретінде ескішіл псевдомиссиялық, панисламдық сарындағы ақындарға жатты. Олардың идеясы Кеңестік дәуір идеясымен сай келмеді. Үшіншіден, ескіше оқыған, діндар ақындар тобына ығыстырылып, шығармалары түгіл аттарын атаудың өзі мұң болды. Қазіргі уақыт та, заман да басқа. Тіл білімі тұрғысынан ақын шығармалары зерттеліп жатыр. Оған тәориялық қозғау салған, темір қазық болған тілші ғалымдардың – бірі М. Балақаев еді. Кеңестер Одағы кезінде «кадр бәрін шешеді» – деген сөз болған. Бұл сөз өзінің құндылығын бүгін де жойған жоқ. Оған өзіміз куәгер болып отырмыз. «Қазақ тілінің тәориясын» зерттеу өте қиын саланың бірі. Сондықтан болса керек қазақ тілін, математика ғылымымен тең қоятыны. Оның бір себебін ғана атап көрсетейік. Мысалы, сөздің түбір тұлғасын анықтауы үшін қаншама ғылыми анықтамалар пайдаланылады. Бір

әдебиетпен шектелу мүмкін емес. Басқа ғылым саласындағы мамандар ренжімесін, салыстырмалы түрде алайық «Қазақ тілінен» қорғалған диссертациялар көп пе, әлде әдебиет, философия, педагогика, тарих саласында қорғалған диссертациялар көп пе, кім есебін алып жатыр. Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығында Мәшһүр-Жүсіптің, Иманғали Мәнннің, Жүсіп Жолмұраттың, Төлелберген Алдабергеновтің, Жұқаш Кәрібаевтің т.б. қолжазбалары сақталған. Қолжазбалармен жұмыс істеу үшін, ғылыми сипатын ашу үшін «қазақ тіл білімінің» бір саласы – «әдеби тілдің тарихын» маман өте жақсы білу керектігі мәлім болды. Мәшһүр-Жүсіптің тілі автономды емес, оның тілі сонау көне түркі жазбаларының қатарласып келген ауызша әдеби тілімен, ақын-жыраулар тілімен тығыз байланысты. Айталық, иллә//ләкин//һәмма шылауларының даму заңдылықтары қандай? Мысалы: және шылауына дейін қандай шылаулар қолданылды, олардың даму заңдылықтары қандай? Мына: һәмма>һәм>әм>және шылауларының өзгеріске түсу заңдылықтары қандай? Мәселе – осында. Немесе, Кейбір сөздер сыртқы тұлғасы жағынан ғана ұқсас, алдамшы болып көрінуі мүмкін. Айталық, Талас (өзеннің аты), тал (ағаш өсетін), талыс (ыдыс). Осындағы Талас (тал-су), тал (тұл дыбыстық варианты) талмен ысталған ыдыс деп ұғынғанмен олай емес, тал (тері – тұлмен, тұлпышпен тығыз байланысты). Мінекей, көріп отырғандарыңыздай бұл жай ғана айтыла салған сөз емес, ұзақ зерттеудің нәтижесінде анықталған сөздер. Бірде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ескі нұсқасында «Тұла бойы» деп, ал жаңа нұсқасында «Тал бойы» деп жазылғандығын оқып қалдым. Әрине, соңғы нұсқасы түзелген. Түзелгенде «тал бойы» бүгінгі әдеби тіл бойынша алынған «тал» (өсетін ағаш) деп көпшілік ұғады, түзеткен адамда солай ұққан. Ал негізінде «Тұл» мен «Тал» бір сөз тек қана тілдің ұзақ қылығы даму барысында дыбыстық өзгеріске ұшырағандығын кәсіби тілші болмаса жай адам аңғармасы анық. Сол сияқты: жаужұмыр, жаубүйрек, жауқазын бұлар түбірлес сөздер. Түбір тұлғасы «жау». Енді «жау» түбірін анықтаймыз. Жау – етістік, жау – зат есім. Жау (враг) дегендегі «жау» логикалық жағынан келмейді. «Жаубүйрек» адамның организмі өзіне жау бола алмайды. Басқасы да солай әжетке жаратуға болады. Ал енді «жау» (жаңбыр) жаубүйрекке қатысы шамалы, демек, жауқазын мен жаужұмырдың түбір тұлғасы «жау» (жаңбыр) байланыстыруға болар еді, бірақ, бұл – алдамшы түбір тұлғасы ғана. Оны мына зерттеулер дәлелдейді. О баста түріктер өзін танымай тұрып, қоршаған ортаны таныған. Ол: жаужұмыр мен жауқазын, материалдық қажетін өтеген. Логика бұны құптайды. «Жауқазын» мен «жаужұмырдың» түбірін қазып алып, тағам ретінде

пайдалануы мүмкін не емге қолданған. Демек, «май» алған. (Тобылғыны отқа қыздырып, әкем тырнағының сөгіліп кеткен көбесіне жағып отырғанын талай көргем). Бірақ, түрік «май» деген атын білмеген, оның орына «жак» деген уәжін білген. «Көздің майы» дегенді «көздің жағы» деген. Көзге көрінгені қимыл ғой. Атауы жылдар бойы тұрақталып, айтыла-айтыла «жакқа» айналған. Көне түркілер «жауды» «жак» деген мәліметтер де жоқ емес. Осы «жак» жылдар өте кейіннен «жау» ретінде түзілген де, алғашқы мағынасы «жак» пен «май» ұмытылған. Сөзіміз дәлелді болу үшін былай айтып көрелік: «майбүйрек», «майжұмыр», «майказын» логика жоққа шығармайды. Бұл сөздердің алғашқы түбір тұлғасын қалпына келтірсек: жак < май > жау сияқты тілдің даму барысын, жолын көреміз. Мінекей, осылай көне сөздерің о бастағы түбір тұлғасын табуға болады екен. Сөз де тірі организм. Олар да бір-бірімен жай ғана тіркесе бермейді. Тіліміздегі күрделі сөздер: бала-шаға, жым-жырт, ұшан-теңіз, заң-закон т.б. Бір сыңары өзінің табиғаты жағынан туысы болып отырады. Ал оның түбір тұлғасын анықтау ұзақ зерттеудің нәтижесінде ғана мүмкін болады. Шаға – кішкене (қызыл шақа не ағаштың бүрі), жырт (шырт: шырт ұйқыда жатыр), ұшан (кеме, ал кеме теңізде жүзеді), заң (қытай тілінде закон). Мыс былқылдап еріген кезінде шал, Шөншіктен* ұсақ қара алды қырып - Абай Құнанбаев [1, б. 325]. *Шөншік – шөптің басына шығатын дән, түтінін шығарып, түтікпен тартады деп түсінік берілген. Қаралық: Сен бұзау терісі – шөншіксің, Мен өгіз терісі – талыспын (Бұқар); Сүйел қолды қара ұста, Сайманды сал талысқа (Жансүгіров); Талыс – (тал+ыс) өгіз терісінің талдың жалынымен ысталған көнек (ыдыс). Қаз. Талыс `ішіне біз, тарамыс т.б. салатын тері бокша` (Ильминский, 1861. С. 106); Л. Будагов: «алт. Чочу, монғ. Цучігекъ (блюдечко, тарелка) шай ішетін боялған қытай ыдысы. Дж. امشروج шортпа ашыған сүтті құйып дайындайтын түбі шұңғыл ыдыс» – дейді. Талыс – смочка кожаная, в которую кладутся шило, тарамыс и др (Жанпейсов Е.). Тал // тұл (жесір) (тұлдау, тұлып, тал бойы // тұла бойы (фонетикалық вариант), тал түс, талак//тылак (тұл қысқа), бір тал шаш, тал (ағаш) семантикасы бір (даралығы жағынан) түбірлес сөздер. Тал (су – деген ұғымды берген) (Талас) өзеннің аты омоним сөздер алдыңғы талмен байланысы жоқ. Ал көне түркі тіліндегі шалаш, сал (сал жасады) деген лексемалар осы – талмен семантикасы байланысты болуы мүмкін. Енді шөншік ескілігіне келсек: Шөншік (1). Дорбашық. Қалташық [2, б.703]. В. Радлов чөн 1) ссорь, щепка, мусорь, грязь, зерно трава; 2) подходящий, впору – постой я еще малъ, вырасту и одежда мнъ будтеъ впору! Деп түсіндіреді (сол кездің транслитерация – автор) (Радлов: 1905: III том.

2 часть. – Б. 2047). Шөншік – теріден жасаған қалта (карман или торба, сшитая из кожи) Шев. ГО. (С. Аманжолов, 421); Чөн-шөн (шөн+шік) –шөн – кішкене; -шік (көлшік, үйшік) дегендегі кішірейткіш жұрнақ. Академик Р. Сыздық: «талыс, шөншік сөздерін қолданғанда ыдыс туралы емес, үлкен, кіші-көп, аз рулар туралы болып тұр» – дейді [3, б. 456]. Торсық < көк (көн) > талыс < мес (тері ыдыс) шөншік бәрі де теріден жасалған ыдыстың түрлері. Демек, шөншік – шөптің басына шығатын дән емес екен, теріден жасалған кішкене ыдыстың түрі болады. Мәтінге көңіл бөліңіз: шөншіктен ұсақ қаранықырып алады – деп анық жазылған. Осындай әлі мәлім емес сөздер қаншама. Қайталап айтамыз: оларды анықтау тек қана кәсіби маманның қолынан ғана келеді. Сол кезде мен жоғарыда айтылған сөздің әлі де құндылығын жоймағанын ұқтым. Бұдан шығатын қорытынды қазақ тілі және әдебиеті мамандары нақты қолжазбамен жұмыс істеп, тәжірибешіліктен өтуі қажет. Осы – ғылым саласына сағат санын да көбірек бөлу керек сияқты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. –Алматы : «Қазмемкөркемәдеббас», 1961. – Б. 325 .
- 2 Абай тілі сөздігі. – Алматы : Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1968. – 703 б.
- 3 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. –456 б.

«ДОКТОР ДАРХАНОВ» РОМАНЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛЕКСИКА–СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ҚАДЫРОВА Б. М.
ф.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеті тарихында елуінші, алпысыншы жылдары өнімді еңбек еткен көрнекті жазушылардың бірі - Зейін Шашкин. З. Шашкин шығармашылығын зерттеудің ғылым үшін де, тіл мен әдебиет үшін де маңызы зор. Жазушы, ғалым, публицист ретінде белгілі қаламгер роман, повесть, әңгіме, мақалаларымен өз кезеңінің шындығын, қаламгерлік келбетін көрсете білді. Профессор Н. Ғабдуллин айтқандай: «З.Шашкин - өмірдің тынысын, біздің адамдарымыздың жай-күйін нәзік жүреппен сезе білген жаңашыл жазушы».

Біз қаламгердің «Доктор Дарханов» романның тілдік ерекшелігін зерттеу нысанына алып, ромадағы тілдік бірліктердің морфологиялық және семантикалық сипатына тілдік талдау жасадық.

Екеш. Қомсыну демеулігіне екеш шылауы ғана жатады. Ол тіркесетін сөзге қомсыну, кемсіту, тіпті кейде мұқату сияқты мағыналық реңктер үстейді. Бұл шылау көбінесе есім сөздерге тіркеседі де, олардан үнемі кейін, поспозициялық қалыпта тұрады [1, б. 402]. Құс екеш құс та балапанын ұядан қияға ұшырып үйретеді; Мысалы, сізді кәсіподақ бастығы жиналыс екеш жиналысқа да қатыспайды дейді (З. Шашкин) [2, б. 15, 29].

Еміс-еміс. Толымсыз көмекші етістіктер. Бұл топқа енетін көмекші етістіктердің саны көп емес. Оларға сөздіктен жеке сөз ретінде лұғаттық орын алғанымен, практикада (ауызша, жазуша тілде) я әуелгі (**ер**), я қазіргі (**е**) түбір күйінде қолданылмайтын жалғыз сөз -е етістігі ғана, ол негізден өрбіген формалардан сақталып жүрген шалағай еді (ер+ді), екен (ер+кен), емес (ер+ме+ес) сөздері және еміс-еміс деген қос сөз ғана жатады.

Бұл көмекші етістіктің е түбірінде қазір толық лексикалық мағына жоқ. Оның тек жоғарыда аталған еді, екен, емес, еміс-еміс формалары ғана болмаса, өзге парадигмалық формалары қазіргі тілден шығып қалған. Сөйтіп, бұл көмекшілер – мазмұны жағынан да, форма жағынан да шалағай, яғни, толымсыз сөздер. Бірақ лексикалық мағыналары да, грамматикалық формалары да толымсыз (шалағай) болғанымен, олар тілімізде айрықша мол функция атқарады.

Емес көмекшісі әуелдегі ер+ме+с формасынан пайда болған. Бірақ бұл форма өзі тіркесетін сөзге ешқандай да шақтық мән үстемейді, тек болымсыздық мағына үстейді, бірақ қажетіне қарай, жақ формаларын қабылдайды. Мысалы: мен бала емеспін; *сіздер* көрген емессіздер т.б. Сөйтіп, бұл форма шақты білдіру қабілетінен айрылып, тек болымсыздық мағына білдіретін дәнекер сөз болып қалыптасқан.

Ескерту: Қазіргі еміс-еміс (білемін, естимін) деген қос сөз әуелгі ер+міс (ер+міш) формасының қайталануынан туған сөз тәрізді [1, б. 262–264].

Жүректің арғы түбінен еміс-еміс ренішті дауыс та естіліп қалады: «Ей, доктор, сенің іздеген гүлің осы ма еді?» [2, б. 29].

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» – жырында:

Қыл көпірден адамды айдар еміш,

Қылмыстыны тамыққа айдар еміш (Фролов нұсқасы).

Еміш-еміс варианты ұшырасады. Емес көмекшісі әуелдегі ер+м+с формасынан пайда болғанын Ысқақов жоғарыда айтты. -Міш жұрнағы мен е көмекші етістігіне жалғану арқылы дейді (А. Есенқұлов), ерміш (с) еміс-еміс үстөуі қалыптасқанға дейін сандаған ғасырларды басынан өткергенін жазады (Ф. Нұрсұлейменов).

Тиеді құлағыма еміс-еміс,

Октябрь он жетінші манифесі (Мәшһүр-Жүсіп).

Емес болымсыздығы емес, емей, емегенде деген тәрізді тұлғалық өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Есімшенің келер шағының -р жұрнағының орнына жүретін -с жұрнағы болымсыз -ма түрінен кейін жалғанады: е-ме-с. Осы түріне көсемшенің үнемсіз түрін жасайтын -й жалғасақ емей көмекшісі болып шығады [3, б. 33–34, 140–141].

Кірме сөздер: З. Шашкиннің «Доктор Дарханов» деген романында кірме сөздердің түр-түрі ұшырасады. Заттық мәдени, рухани мәдени лексика деп екіге бөлуге болады. Мағыналық жағынан мына топқа бөлінеді: қоғамдық, үй-тұрмыстық, медициналық, әскери, ғылыми, техникалық, шаруашылық т.б. Кірме сөздер өз ішінде тағы да басқа шет тілінен еніп тұлғасы жағынан өзгеріп, сіңіп кеткен болып бөлінеді. Кірме сөздердің басқа екі түбірден жасалған үлгісі, сөз тіркесі арқылы, мақал-мәтелдер, өлең шумағы, қазақтың төл қосымшасын жалғау арқылы, тұлғасы өзгерген т.б. кездеседі.

Мысалы: доминанто, магнит, лиха беда начало (мақал), институт, солдаттардың, анкета, пароходства, революция, коммунист, партия, округ, комитет, командировка, профессор, родился в сорочках (мәтел), офицер, сухар, книжник, трамвай, телеграф, палуба, матрос, гармон, автобус, рефлюктор, салфетка, пижам, камертон, клуб, концерт, кино-театр, коллега, шифонер, музыкалық, техникум, камертон, совхоз, облыстық ансамбль, тумбочка, рамка, люк, этаж, электр, стол, тост, бокал, автор, тумбочка, календар, кресло, коллега, командировка, колхозым, трактор, норма, бригада, газет, акт, телефон, комитетет, теория, аспирантура, диссертация, актерге, папа, черт с ним, комот, драп польто, прием, семья, архитектурасы, завод, паром, вахтер, пожалуйста, примус, минут, поезд, скучный, преферанс, гамбит, купе, станция, тамбур, экскалатор, фойе, партер, увертюра, музыка, мещандық, атомат, телеграмма, гастроль, анонимка, рюмка, репетиция, плен, факті, дурак, полковник, бабуся, диплом, автобус, тарелка, пенсия, папка, сволчь, паротокол, медовый месяц, документ, буфет, касса, милиционер, стакан, билет, станция, костюм, душ, капитан, коттеж, стиль, секция, графин, плита-пеш,

шефповар, мода, вестибюль, я сделал, что мог, пусть те, что могут делают лучше! Платон мне друг, но истина мне дороже (мақал), черт возьми, миндаль, анекдот, кроваттың, инженер, атом, суттегі, бомба, грамм, тактика, конференция, купит котов в кошке (мақал), художник, революция, эгоист, гитара, романтика, геройлары, кино, роялі, конфет, случай, бюрократ, комбайнер, эстрада, трагедия, металлургия, цех, мартен цехы, бригадир, советінің, конверт, аллея, экс оффицио, офицер, пластмасса, почта, вальс, сфинкс, миллиард, граф, форточка, буфет, философ, не везет, секретарь, кино, легион, пионер, депутат, председатель, чемодан, честное слово т.б.

Кірме сөздердің формасының өзгеруі: бай-құлақ, шананың, магазин, радиоқабылдағыш (тұлғасы бөлек сөздер) крауат, самауырын, керезет, машина, кровать, нәштеп (диалекті) т.б.

Медициналық терминдер:зат, киім, аспаптар, құжаттар, біріккен түбірлі, қос сөз, басқа шет тілінен енген түрлері ұшырасады.

Мысалы: аптека, рецепт, медсестра, санатори, фельдшер, барометр, спирт, организм, медицина, путевка, құлақ-мұрын, көмекей, дәрігер, доза, диагноз, студент, диспансер, микроб, микробиология, ларингология, терапия, терапевт, нерв, көмей көрінетін айна, карточка, доктор, статоскоп, диагноз, облыстық денсаулық бөлімі, қотыр, емдеу, таз қотыр, өкпе ауруы, палата, клиника, рак, кеңірдек, фиброма, рецепт, антибиотика, стрептомицин, креазот, құлақ-шеке, операция, баранхоскопия, туберкулез, веропол, люминал, зонд, гипноз, папиллома, биопсия, лаборатория, ақ халат, отделение, корпус, рентген, очақтың, рентгенограмма, ларинголог, психоз, рентген сәулесі, психология, туберкулез емдейтін клиника; ассистенттер, люминал, донор, глюкоза, камфора, витамин «К», группа, пневмония, анатомдай мүше, микроб, ятрогенная болезнь, микроб, лейкоциттер, нетрофиль, лимфоцит, стетоскоп, плеврит, аппарат, пенициллин, сеанс, диагноз, флегманозный ларингит, трахотомия, новокаин, шприцы, иод, блокада, трубка, рентгенография т.б.

3. Шашкин кітабында кірме сөздерге түсініктеме беріп отырған: лиха беда начало – басталуы-ақ мұн; сахар, книжник – қатыгез, кітапшыл; карточка – аурудың тарихың, емін жазған қағаз, бронхоскопия – кеңірдекті дүрбімен қарау; анонимка – ат қоймай жазатын жасырын сөз; көмекей ауруын емдейтін – ларинголог; мына бір сақинадай дөп-дөнгелек тесік – каверна – жарылған жара; сол жақ өкпенің тең жартысы қап-қара ісік, – мұны лобит дейді; екі өкпенің екеуі де бұршақ екендей шұп-шұбар, мұның атын балалаған очактар дейді; Есінде ме, вени, види, вици – келді, көрді, жемді – латын мәтелі; Вот те на Юрьев день – Мә, саған Юрьевтің

күні; Я. Так проходит слава мира – даңқ, атақ дүниеден осылайша өткен; Земский врач – Россияның ең түкпір жерлеріне барып, халық арасында қызмет істеген дәрігерлер; Кох құртының ұясы – Кох туберкулез құртын ашқан ғалым. Туберкулез құртын соның атымен атайды; Профузный – лақылдатып қан құсу; Циниктер – арыз адам; Ланцетті – дәрігерлердің пышағы; Конгольд – дем алатын қуыс темір; Озон – оттегінен де таза ауа; Закон сохранения энергии – қуатты сақтау заңы; Полноте – жетеді; Перкуссия – саусақпен тырсылдатып, соның дыбысынан өкпенің ауруын айыру; О святая, простота – о бейшаралық – деген мағынада; Тонومتر – қан толқынын өлшейтін аспап; Реляскоп – Көмекей қарайтын аспап; Экс ювантивус – болжаумен емдеу т.б.

Көне атаулар: дирмен, жиһанкез, өзәзіл, азда (диалекті), дәліз (диалекті), басымнан мәути алдырып, диван, шөлмек (диалекті), шарап, нәшіне (диалекті) т.б.

Тілдік (сөздік) метафора: өмір шоқтығы, қуыс-қалтарысы, қара бұлт төнген, жаның рахат тауып, көк тұқылдың әлі күні үйленбегені, қайғы қасіреттің көлеңкесі, желдің қайдан соққаны, қара мысықтың барын сездім, тіліңе сақ бол, екі өкпемді қолыма алып т.б.

Теңеулі суреттеу: Аздан соң пыс-пыс еткен, иесінің өзі сияқты домалақ сары самауырынды көтеріп Сағиланың шешесі келді де: «мылжындап баланың басын ауыртып, қайдағыны айтасың, одан да сырқырап жатқызбайтын буыныңның ауруын сұрасайшы?» деп күйеуін зекіп тастады [2, б. 26]. Иесі өзі көтеріп әкелген самауырын сияқты. Поезд зырлап, арқа жазығының апшысын қуырып келеді. Поезд доңғалағына оралған жел – матадай жыртылып, дырылдап рельс бойына десте-десте боп төселіп жатты. Зырлап келе жатқан поездың жылдамдығы жыртылған желмен салыстырылады.

Бірі келіп, бірі кетіп жатқан сан-сапалақ жолаушылар, телеграф сымна қаз-қатар қонған құстай палубада қатарласа тұрып, тамашалай қараған матростар бәрі сәнді де қызықты. Бүкіл қала жастары да сонда жиналып, әзіл-күлкі, ән-гармон, дырду-думанды шегіне жеткізе шарықтатып, парходты шығарып салады. Қала көшелері оқтай тұзу — бір жақ шетінен қарағанда екінші жағында келе жатқан адам көзге түсетін. Жаңағы топ сай-сайдан құйған көктемгі судай осы бір көшелермен ағылып тарап жатады... («Доктор Дарханов»).

Көбіне өзіммен өзім әлекпін, кейде сырымды жиһанкездің картасындай алдыма жайып сап, қарайым да отырам («Доктор Дарханов»).

Синекдоха: Ауданда денсаулық бөлімінің бастығы бір бұқа бар, таңертеңнен кешке дейін андитыны қызыл желек. Мұрының ұшы қып-қызыл, дәуде болса арақтың құдығы шығарсын. Әнеугі қызыл

мұрын сияқты біреу кездесе, дұрыс дұрыс қызмет істер саған!...
3. Шашкин ауыспалы мағынада қолданылған бұқа сөзіне астарлы мән беріп, тартымды бейне жасайды. Синеқдоха тәсілі арқылы сөздің мағыналық жағынан түрлендіріп, үлкен ықпал етеді. Бұқа сөзі тура мағынасынан басқаша айтылып, бүтіннің бөлшегі ретінде адам деген ұғымды бейнелеп тұрса, қызыл желек– қыз-қырқын деп түсінеміз. Арақтың құдығы – ішкіш, қызыл мұрын– жаман адамның бейнесі екендігі айтпаса да белгілі болып тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы : «Мектеп» баспасы, 1974. –Б. 402, 262–264.
- 2 Шашкин Зейін. Доктор Дарханов. –Алматы : «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы, 2001. –Б. 15, 29, 21, 26, 116.
- 3 Тұрышев. А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының этнолингвистикалық сипаты. –Павлодар : С. Торайғыров ат. ПМУ-дің Ғылыми-баспа орталығы, 2003. –Б.33–34, 140–141.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

ТЮЛЮБАЕВА А. Ж.
мұғалім, №6 Жалпы орта мектебі, Павлодар қ.

Қазақ тілінде, сондай-ақ басқа түркі тілдерінде эпитет мәселесі лингвистикалық объект ретінде бұрын сонды зерттелмеген. Бірақ троптарды талдау барысында қазақ ғалымдары эпитеттің басты қасиеттері жайлы бағалы пікірлер айтып, өз ойларын білдірген. Эпитет жайында “Әдебиет танытқыш ” атты еңбегінде алғаш теориялық тұжырым жасаған ғалым – Ахмет Байтұрсынов. Сонымен қатар, Қ.Жұмалиев, І Кеңесбаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Сыздықова, Т.Қоныров, Б.Хасанов т.б. ғалымдардың енектері эпитеттің тілдік объект ретінде танылуына зор көмегін тигізді.

“Эпитет ” –гректің “epiwetow” – приложение, прибавление деген мағынаны білдіретін сөз. Эпитет тіл мен әдебиетке ортақ мүлік болғандықтан, оларды қабысқан жерінен орайлас, шарттас қарастырған жөн екенін байқадық.

Эпитет дегеніміз - көркем анықтауыш. Сөз жоқ көркем анықтауыш пен грамматикалық анықтауыш бір нәрсе емсе. Мәселен, М.Әуезов шығармаларында кездесетін “жүйрік” сөзінің

эпитеттік қолданылуындағы түрлі реңктерін көрсетуге болады. “Жүйрік” тура мағынасында жүйрік ат, жүйрік поезд болып анықтауыштық мәнде қолданылады. Мыс: І. Кешеден бері Абайдан ұққан сөзінің бәрін жиып кеп, *жүйрік тілмен* түйді. 2. Шешесінің сезімтал *жүйрік қоңілі* қыс бойы елге қайтпаған баласының қабағын аңғарып қалып, қалаға келгеннен бері ақырын бағып жүр еді. 3. Абай ншіл *жүйрік домбыраны* әдейі Әйгерім үшін тартатын сияқты. Жазықсыз *жүйрік қарттың* сөзін тындап отырғанда, қөатар жарысқан бір жол өлең оралады.

Осы сөйлемдердегі жүйрік тіл /шешен тіл/ деген мағынада қолданылып тұр. Бұл жердегі контекстің ролі де айырықша.

Сонымен эпитет болу үшін , сол нәрсені анықтай көрсетумен қатар, оның тигізетін әсері, бейнелілік қасиеті болу керек. Ал, олай болмай, нәрсенің жай қалпын , сынын білдіру үшін қолданылса, эпитет емес, сын есім не анықтайтын сөздер ғана болады.

Эпитеттің көркем шығармадағы көркемдеуішті қызметі басым орын алады. Оны біз қазақ халқының жырларынан, көркем шығармалардан білеміз. Мысалы, қазақ халқының «Ер Қосай» жырында тұлпардың сыртқы көрінісі былайша жырланады:

Жауған күндей сіркіреп
Жарылған жердей күркіреп
Бір еріншек жер тіреп
Үркер, қорқар мал емес
Бұлаққа басын салады [1.63 б.].

Бұл біздің көз алдымызға Ер Қосайдың ерекше тұлпарының бейнесін алып келеді. «Жауған күндей күндей сіркіреп, жарылған жердей күркіреп, бір еріншек жер тіреп, бір еріншек көк тіреген» тұлпар бейнесі гиперболикалық салыстырудың бірден бір нақты үлгісі. Осындай салыстырулар «Манас» эпосында төмендегідей түрде беріледі.

Жүйткіп желмен жарысса,
Жел де алыс ұзамас
Қара терге малынып.
Құйысқандай ұзарып,
Құлжадай көзі қызарып
Сирағы сұлу жонғандай
Құлағының арқасы
Гүл тотысы қонғндай.

Мұндай суреттеулер мен тұлпардың образы ашылып тұр. Бұл жерлерде эпостағы салыстырулардың өте сирек қолданатын формалары кездеседі.

Көкетай Маныкердей тұлпарын өз баласындай көретін суреттеулер де осы жерлерде көрініс береді. Оны ол «Баламдай көрген Маныкер» деген жолдармен айтуында аз сыр болмаса керек. Эпоста Маныкер мінетін ат қана емес, ол бүкіл елдің намысын қорғаушы да секілді.

Сонымен қатар айта кететін тағы бір мәселе салыстыру формалары әрдайым синтаксистік параллелизм түрінде беріліп отырғандығы:

*Алпамсадай зор қоңыр,
Намысына шабады,
Басын бұрып қара аттың
Қолын көздеп атады
Қояндай зулап Маныкер
Тағы арттан жетеді.*

Бұл мысалдардан көрініп тұрғандай «шабады», «атады», «жетеді» деген ұйқастар «алпамсадай зор қоңыр», «Қояндай зулап Маныкер» деген салыстырулармен бірге беріледі. Мұндағы өзгешелік эпоста қолданылған кейбір сөздер салыстыру кезінде екі жақты мағынаға ие болады. Эпоста Аккұла:

Маңдайдағы бағы бар,
Құлағында шашы бар,-
деген эпитет арқылы суреттеледі. Ал мұны бір жағынан эпитет, екінші жағынан метафора түрінде қабылдауға болады.

Ғұлама лингвист Ахмет Байтұрсынов «Ақ жол» атты еңбегінде [2.354-355 б.]. ақындардың мынадай өлең жолдарынан мысалдар келтіреді.:

Біз кеттік абайсызда елден шығып,
Жол тарттық құба жонға желмен шығып.
Тамызда қызыл мұнар астық шөлге,
Қаз қонған баттауықты көлден шығып (Сүгір ақын).
Ақтөбе мен Қорғаншы
Асан Қайғы бабаның
Қызыл тастан үй салып,
Өңгіме құрып кеткен жер (Мұрат ақын).
Байлауда қалған ақ сұңқар
Бұрынғыдай бола алмас,
Көлден үйрек ала алмас,
Балдағы алтын ақ болат
Енді белге ілінбес,

Ерлігім жауға білінбес
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жолды алған,
Жасанған жауға қол салған,
Ортадан ойып жорл салған
Қарт Қожак деген ер едім,
Алла тізгін оңдаса,
Көк сүңгіні салармын.
Балдағы алтын ақ берен,
Қызыл қанға малармын («Ер Тарғын»).
Жоғарыда аталған ақындар сөздерінде көркейте айқындау көп кездеседі.

Мысалы: құба жон, қызыл мұнар, баттауықты көл, Асан қайғы, ақ сұңқар, ақ болат, көк сүңгі, ақ берен т.б.

Көріктеудің өзі бірнеше түрге бөлінеді.

Теңеу. Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бернесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп ашығырақ көрсетеміз.

Мысалы:

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Шаптап бұлты шығар мұнарланып,
Жаңбырлы күндер түсер тұманданып.
Адамзат нұр ауасын судай жұтар,
Шөл тартқан хайуандарша құмарланып.
Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша
Жайқалып шыға келер жердің гүлі (Бі. Алтынсарин).

Теңеудің неше түрлері ескі өлеңдерде көп келеді. Ер Тарғынның Тарланына айтқан сөзінің ішінде мынадай теңеу бар:

От орындай тұяқтым,
Омыртқаң бар оқтаудай,
Жаурыныңа қарасам,
Сыпыра шалқан тақтайдай.
Құйрыңа болайын,
Қынаптан шыққан тақтайдай.
Құйрығыңа болайын,
Қынаптан шыққан қанжардай

Көркем шығармадағы эпитеттің көркемдеуші қызметі басты орын алады. Оны біз ақын-жазушыларының шығармасынан көреміз. Оған мысал ретінде қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі- Мағжан Бекенұлы Жұмабаев.

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге астасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттер көз алдына келеді. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауызы ғана сияқты көрінеді де, ақынның күдіретті шабытымен кестеленген түпкі мағына сурет болып санаққа еніп сезімді қалай билеп алғанын білмей де қаласын. «Жазғы жолда» деген өлеңіне көңіл аударалық:

Дала. Дала. Сар дала!
Жапан түзде бір қара...
Шілде. Оттай ыстық күн,
Дала өлік! Жок бір үн,
Жер де жатыр тұншығып.
Жол жыландай иірілген,
Шау ерініп, үйірілген,
Ешбір леп жок, тып-тымық.
Көкте жалғыз бұлт жоқ,
Көктің түсі қызғылт көк.
Ыңырағандай әлдекім,
Жылай ма екен әлде жын?
Перілер ме күйлеген? [3.11 б.].

Қарапайым ғана зат, көрністер мол сырға ие болып, жол, дала, көк аспан, бұлт-бәріне де жан бітіп, адамның өзімен тілдескендей әсер қалдырады. Өзіміз оны көзбен көріп, құлақпен естігендей боламыз. Адам мен табиғат арасы ақын әлемінде ажырамас бірлікте тоғысқан, яғни айнала өмір, ақынның оны қабылдауы сырлы сөз күшімен әсерлі сурет болып шыққан. Әрине, мұндай көркем сөзді көркем ой тудырмақ. Поэзия шеңберінің тәңір табынарлықтай күдіреті өленді Абай айтқандай, «теп-тегіс жұмыр» етумен бірге, сезім, түйсікке молықтыруда. Онысыз қайсыбір өлең болса да, жай хабарлама, сөзтізбе болып шығатыны анық. «Қысқы жол» деген өлеңінен мына жолдарды оқып қаралық:

Бізғарлы жел долданып,
Екі иінінен дем алып,
Ішін тартып оқырып,
Кейде қатты ысқырып,

Андай ұлын бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі.
Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап жаяулап,
Аузы-басы жыбырлап,
Асып-сасып сыбырлап,
Жерді жапқан кебінді,
Сүйіп ақырын құшақтап,
«Әпсүн» оқып үреді [3.12 б.].

Мұндағы «екі иінінен дем алып», «ішін тартып», «жер бауырлап, жаяулап», «аузы-басы жыбырлап», «жерді жапқан кебінді сүйіп» деген тіркестер, қыс, аяз туралы өлеңге қаншама әр, түр беріп тұр. Аяздың ызғарлы бояуы, андай ұлуы, тіпті сақ-сақ күлуі жаңалық емес, ол бұрыннан бар нәрсе. Ал әлігідей «мінездеме» беру, тек тірі жандай суреттеу ғана емес, оған сипат беру, әрі сонымен табиғи құбылыстың жұмақ төркінін аңғарту ақынның сезім тұңғығын, мүлт жібермес шеберлігін байқатады, ал бүкіл өлең оқушыны бір ерекше көңіл күйге бөлейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Батырлар жыры. - Алматы. 1987. - 63 б.
- 2 Байтұрсынов А. - Алматы., «Ақ жол». 1991. - 355 б.
- 3 Жұмабаев М. Таңдамалы. - Алматы., «Ғылым». 1992. - 219.

ТІЛ ДАМУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН КЕҢЕЙТУ

УАТАЕВА Ш. Қ.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Абай орта мектебі,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Адам өзі өмір сүретін өлкенің халқымен жұмыс істеп, олармен қарым-қатынас жасайтыны мәлім. Халықтың тарихын, мәдениетін, тілін, рухани байлығын білу адамның сол халыққа деген құрмет сезімін оятып, шынайы достық қарым-қатынас тіл арқылы ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан Қазақстанда өмір сүретін халықтардың достық қарым-қатынасының, бір-біріне сый-құрметінің құралы қызметін қазақ тілі атқаруы тиіс. Қазақ тілін осындай құралға айналдыру үшін қазіргі білім берудің парадигмасына сай,

орыс тілді мектептерде қазақ тілі сабағын оқытуды жақсартып, тілді оқыту әдістемесін дамытып, өмір талабына оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануымыз керек.

Елбасы Н. Назарбаевтың «... қазақ ұлты өзінің мемлекеттік тілі және оны дамыту туралы айтуға қақылы» деген сөзі тіл проблемаларын шешудің, еліміздің алдында тұрған маңызды мақсаттарының бірі екендігін көрсетеді. Қазір мемлекеттік тіліміздің дамып, өркендеп, қанат жаюына қатысты іс-шаралар жан-жақты жүргізілуде.

Қазіргі қоғам талабы, мемлекеттік тілге қажеттіліктің артуы, яғни оның қоғамдық қызмет аясының кеңеюі, тілді оқыту мен үйретудің әдістемелерін жақсарту, тілдерді оқытудың жаңа технологиясының озық практикасын пайдалану қазақ тілі мұғалімдерінің бүгінгі таңдағы мақсаты мен міндеті болып отыр.

Қазақ тілі – өз ішінде салаларға бөлінетін, өзіндік сыры мен қыры көп, күрделі және бай тіл. Оның барлық сыр-сипатын, салаларын бірден тану, білдіру мүмкін емес, сол себепті тілдік материалдар өз жүйесі бойынша жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге деген ұстанымдарды есепке ала отырып үйретіледі.

Қазіргі таңда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алып отырғанда, басқа ұлт өкілдерін қазақ тіліне үйрету екі бағытта жүргізілуі тиіс, біріншісі – олардың ауызекі байланыстырып сөйлеу тілін дамыту бағытында, екіншісі – осы ауызекі сөйлеу тілін сауатты жаза білу бағытында. Оқушылардың сауаттылығын дамыту мақсатында көптеген жұмыс түрлерін өзіміздің іс-тәжірибемде кеңінен қолданылып келемін. Ондағы мақсатым – оқушыларды сауатты жаза білуге үйрету.

Қазақ тілінде сауатты, жақсы жетік сөйлеу үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып қана қоймай, сауатты жаза білу де міндет. Сауатты жаза білуге үйрету арқылы мұғалім оқушыға жазу, жазбаша тіл мәдениетін қалыптастырумен қатар, жазылым арқылы ауызекі сөйлеу тілін де дамытады.

Оқушыларды сауатты, көркем жазу мәдениетіне үйрету үшін оқулықта берілген жаттығу, тапсырмаларды орындап қана қоймай, оқушының жас ерекшелігіне сәйкес түрлі жазылым жұмыстарын түрлендіре жүргізіп отыру қажет. Ол үшін мұғалім ең алдымен сөздікпен жұмыс түрлерін жүйелі және қызықтыра меңгерте білу шарт. Күнделікті сабақта қолданып, үйретілетін жаңа сөздерді ауызша қайталатып, түсіндіріп, аудармасын айтқан соң, сөздік дәптерлеріне жазғызып, келесі сабақта сол сөздерді сұрау керек. Жаңа сөздерге байланысты мәтінді оқытып, сол сөздердің

жанына синонимін, омонимін, антонимін көрсетіп жаздыру қажет. Бұндай әдісті қолдану кезінде әрбір оқушының мәтінді оқуға қызығушылығы артып, орындауға деген ынта-жігері байқалады және танымдық белсенділіктері артады. Өйткені сөздік жұмысын жүргізу арқылы оқушы жаңа сөздерді естерінде сақтайды, ұтымды жерінде пайдаланады осы арқылы олардың сөздік қорларын молайтады.

